# УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ

## ДЕРБІСӘЛІ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас муфти, филология ғылымдарының докторы, профессор



*Дербісәлі Әбсаттар қажы* 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Ол қазір Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас муфти (2000), шығыстанушы ғалым. 1977 филология ғылымдарының кандидаты, 1988 жылы филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған.

Ә.Дербісәлі 1970-1975 жылдары КСРО ҒА-ның Шығыстану институтында ізденуші, аспирант болды. 1975-1976 жылдары Марокко, 1985-1986 жылдары Тунис университеттерінде араб тілі мен әдебиеті бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1976-1986 жылдары Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қаз ҰУ-де ассисент, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1986-1988 жылдары КСРО ҒА Шығыстану институтының докторанты болды. 1989-1990 жылдары ҚазҰУ шығыстану факультетінің деканы, 1991-1997 жылдары проректор, 1997-2000 жылдары Сауд Арабиясындағы Қазақстан елшілігінің кеңесшісі болған.

Ә.Дербісәлінің «Шыңырау бұлақтар» (зерттеулер мен мақалалар) (1981), «Араб әдебиеті». Классикалық дәуір (1982), «Арабоязычная литература Марокко» (1983), «Мың бір түн» елінде» (1986), «Ежелгі араб жерінде» (1992), «Литература Марокко» (1993), «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеу (1995), «Мұхаммед Хайдар Дулати». Өмірбаяндық библиографиялық анықтамалық (1999) және т.б. еңбектері бар.

## АЯШЕВ ОҢАЛБАЙ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(2011 жылдың 30 маусымнан)



*Аяшев Оңалбай Аяшұлы* 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында дүниеге келді. 1967 жылы Қапланбек зоовет техникумын, 1971 жылы Шымкент педагогикалық институтын үздік дипломмен бітірген. 1971 жылдан Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметтерін атқарған.

1983 жылы Мәскеуде аспирантураны бітіріп, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаса, 1991 жылы В.И.Ленин атындағы Мәскеу педагогика институтының докторантурасын бітіріп, «Болашақ мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін қалыптастыру» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Аяшев Оңалбай 1992-1996 жылдары Шымкент педагогика институтының, кейіннен Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімі оқу-тәрбие жұмыстарының проректоры, вице-президентінің бірінші орынбасары, М.О.Әуезов атындағы педагогика институтының директоры қызметтерін атқарды.

1996-2000 жылдары ХҚТУ Жетісай бөлімшесінің директоры, мемлекеттік емес "Сырдария" жоғары колледжінің ректоры болды. 2000-2004 жылдары "Сырдария" университетінің Президенті қызметін атқарды.

2004-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚР Парламентінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ «СК Астана» бірлескен қорының Бас директорының орынбасары болып істеді.

О.Аяшев 2011 жылдан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры.

Ол көптеген ғылым кандидаттарын және ғылым докторларын дайындады. 110 ғылыми мақаланың авторы, оның ішінде монография және оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. «Президенттің назары» (2008ж.), «Елбасы» (2010 ж.), «Тәуелсіздік» 2011ж.) және «Елбасы сүйген Оңтүстік» (2011ж.) кітаптарының авторы.

О. Аяшев – Халықаралық педагогика ғылымдарының, Еуразия экономика ғылымдары академиясының толық мүшесі, Лондон

университеті Кингс колледжінің және Мәскеу Мемлекеттік педагогикалық Университетінің тұрақты лекторы және ҚР туризм және спорт академиясының Құрметті профессоры. ОБСЕ Азия бөлімінің білімді тұрақты дамыту комиссиясының төрағасы болды. Қазақстан Республикасының білім озаты, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері. О.Аяшев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл, Қазақстан Конституциясына 10 жыл, Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл мерекелік медальдармен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бірнеше рет «Алғыс хатымен» марапатталған. Мақтарал ауданының Құрметті азаматы, классикалық күрестен КСРО спорт шебері, Қазақстан спортына еңбегі сіңген қайраткер. Оңтүстік Қазақстан облысының 2003 жылғы Ең үздік ғалымы.

## САПАРБАЕВ ИСРАИЛ

Қазақтың көрнекті ақыны,
Шымкент қаласының құрметті азаматы



*Сапарбаев Исраил* 1942 жылы Өзбекстанда, Самарқанд облысы, Қошрабат елді мекенінде дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1969-1973 жылдары Облыстық мәдениет басқармасында, «Оңтүстік Қазақстан» облыстық газетінде, Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент облысаралық бөлімшесінде әр алуан қызметтер атқарды.

1973-1975 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітіріп, 1975-1983 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әр түрлі қызметтерде болады. 1983-1984 жылдары «Жалын», «Жазушы» баспаларында редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1984-1996 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильм» телестудиясы бас редакторының орынбасары қызметтерін атқарды.1997-1998 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің ТМД елдері бойынша департаментінің 1-хатшысы, 1998-1999 жылдары ҚР Өзбекстандағы Қазақстан елшілігінде 2-хатшы болып істеді.

И.Сапарбаевтың алғашқы бір топ өлеңдері 1975 жылы «Көктем тынысы» атты ұжымдық жинақта жарық көрген. Кейінірек «Аққу арман», «Бозқараған», «Раушанғұмыр», «Қызыл-жасыл дүние»,

«Жүрегіме ұя салған қарлығаш», «Қызыл жел», «Гүласыл», «Ғашықтың тілі», «Бармақтай бақ» атты өлең кітаптары жарық көрді. И.Сапарбаев драматургия саласында да қалам тартқан. Оның «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Көзімнің қарасы», «Сыған серенадасы», «Махаббат мейрамы» атты пьесалары көптеген театрларда қойылды. Ақын 70-ке тарта ән мен 150-ден аса ән мәтіндерінің авторы.

И.Сапарбаев Қазақстан Жазушылар одағы І.Жансүгіров атындағы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Түркі поэзиясы Халықаралық фестивалының лауреаты, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері.

## ШАХАНОВ МҰХТАР

Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ақын, қоғам қайраткері



*Шаханов Мұхтар* 1942 жылы Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Шымкент педагогикалық институты филология факультетін бітірген.

Әкесінен 9 жасында айрылған М.Шаханов 7 сыныпты бітірісімен еңбекке ерте араласты. Ол трактордың тіркеушісі, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің корректоры, әдеби қызметкері, «Лениншіл жас» газетінің оңтүстік облыстар бойынша тілшісі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, т.б. қызметтерді атқарды. М.Шаханов ҚСРО Халық депутаты, ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Халық депутаты болып сайланды. 1993-2003 жылдары Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасын-дағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін абыроймен атқарды, сонымен қатар әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XIX ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті болды.

М.Шаханов қоғам қайраткері ретінде 1986 жылы Кеңес одағында тұңғыш рет тоталитарлық жүйеге ұйымдасқан түрде ашық қарсы шыққан қазақ жастарын ақтап алуда, ол өз басына төнген қауіпке қарамай ерлікке барабар іс атқарды. Үлкен апат аймағына айналған Арал теңізі маңындағы адамдарды қорғау туралы әлемдік деңгейде дабыл қақты. 1988 жылы 62 жыл үзілістен соң Қазақстанда және Орта Азияда «Наурыз» мерекесінің қайта тойлануына мұрындық болды.

М.Шаханов – Қырғыз Республикасының халық ақыны, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, халықаралық Калифорния Ғылым академиясының академигі, т.б. шет елдік және отандық академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түркі Республикасының «Түрік дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», «Түгелбай ата» қоғамы сыйлықтарының лауреаты. Гуманистік бағыттағы поэзиялық шығармалары үшін 1997 жылы ЮНЕСКО-ның «Боорукер клубы» сыйлығы беріліп, Орталық Азиядағы ең мейірбан адам деп танылды. 2000 жылы М.Шахановқа Қазақстан меценаттарының тәуелсіз «Тарлан» сыйлығы тапсырылды және Бішкек қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.

М.Шаханов публицист, драматург, композитор ретінде де кеңінен танымал. Оның Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы, «Сократты ескерту түні немесе миғұла терісі үстіндегі сот» атты драмасы көп тілдерге аударылып, өз республикамызда және шет ел сахналарында қойылды.

Кезінде Ф.Хитцер «Европа үстіндегі найзағай» деп атаған, дүние жүзінің көптеген тілдерінде жарық көрген М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» атты поэмасы әлемдік поэзиядағы жаңа құбылыс деп бағаланды. 1999 жылы ЮНЕСКО өзінің арнайы шешімімен Парижде өз штаб-үйінде поэманың тұсаукесерін өткізіп, XX ғасырдың гуманистік рухтағы айшықты ірі туындысы деп атады. М.Шахановтың Отырар қаһармандығын жырлаған «Жазагер жады космоформуласы» атты жаңа романы да әлем оқырмандарының қызу пікір таласын тудырды. Бұл шығарманың «Шыңғысханның пенделік құпиясы» атты драмалық бөлімі Азия мен Европаның бірнеше театрларында қойылды.

Көрнекті қазақ ақыны М.Шахановтың шығармалары дүние жүзінің 30-дан астам тілдеріне аударылған. Ақынның поэзия кештері Мәскеуде, Стокгольмде (Швеция), Глазгода, Эдинбургте (Шотландия), Ренеде (Франция), Кобэде (Жапония), Берлинде, Дрезденде, Кельнде (Германия), Исламабадта (Пакистан) т.б. елдерде өтті.

## БЕГАЛЫҰЛЫ НАРМАХАН

белгілі ақын, баспагер



*Бегалыұлы Нармахан* 1943 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылында дүниеге келді. 1961 жылы Темірландағы Амангелді Иманов атындағы орта мектепті бітірді. 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1966 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алды.

1966 жылы Бөген ауданы және Арыс қалалық «Коммунизм таңы» – «Заря Коммунизма» газеттерінің редакциясы жанындағы радиохабарын тарату бөлімінің редакторы болып, еңбек жолын бастады. 1967 жылдың наурызынан осы газеттердің жауапты хатшысы, 1969 жылдың желтоқсанынан редактордың орынбасары, 1974 жылдың 1 қаңтарынан бүгінгі күнге дейін «Ордабасы оттары» газетінде редактор қызметтерін атқаруда.

Бүгінде «Ордабасы оттары» аталатын газет адам танымастай өзгерді, облыс, республика көлеміндегі бұқаралық ақпарат құралдары арасында өзіндік қолтаңбасы бар, беделді басылымдардың біріне айналды.

Н.Бегалыұлы редакция аясынан Қосжан Мүсірепов атындағы әдебиет-өнер бірлестігін құрып, бірнеше рет халықаралық айтыс ұйымдастырды. Ауданымыздың тарихи Ордабасы атымен аталуының, халқымыздың қасиетті орыны – Ордабасы тауының атақ-абыройын республика көлеміне жете таныстыруға, ондағы тау қопару, тас қиыршықтау жұмысын тоқтатуға байланысты қозғалыстардың басында болды. Оның тікелей бастамасымен 1990 жылы өткен «Ордабасыға оралу» атты ұлы жиын 1993 жылы Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан Республикалары Президенттерінің басын қосқан үлкен іс-шараға жалғасты.

Н.Бегалыұлы баспадан «Шаттық күйі», «Жиде жұпар шашқанда», «Жотадағы жол», «Ботагөз бұлақ» деп аталатын төрт жыр кітабын, екі томдық жинағын шығарып, қазақтың танымал ақынына айналды. Американдық маман Поль Брегтің «Ашығудың құдіреті», Моловичконың «Бүйректегі тазарту» ғылыми кітаптарын қазақшаға аударды. Қазақстан Республикасы Баспасөз және полиграфия жөніндегі комитеті мен «Жалын» жұрналы ұйымдастырған республикалық жабық конкурстың жүлдегері. Қазақстан жазушылар одағының, Қазақстан жорналшылар одағының мүшесі. Н.Бегалыұлының шығармагерлік талантын Қазақстан Мемлекеттік

сыйлығының лауреаттары Сырбай Мәуленов, Қадыр Мырза Әлі, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Төлеген Айбергеновтер жоғары бағалаған Нармахан Бегалыұлы – Ордабасы ауданында Республика бойынша тұңғыш рет «Ақындар аллеясын» жасауды ұйымдастырды. Қазақтың атын әлемге паш еткен бабамыз Қажымұқан Мұңайтпасұлының туылғанына 130 жыл толу мерейтойы құрметіне «Ордабасы» баспасынан шығарған, энциклопедиялық үлгідегі «Қажымұқан қағанаты» кітабы, Ордабасы өңірінің табиғатын, тарихын зерделеген, ауданның әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлес қосқандар жайлы баяндайтын «Ордабасы» энциклопедиясы бүгінде көпшіліктің іздеп жүріп оқитын рухани қазынасына айналған.

Н.Бегалыұлы – Ордабасы ауданының Құрметті азаматы. Ол «Құрмет» орденімен, Ресейдің К.Симонов атындағы халықаралық сыйлығы және Алтын медалімен, «Еңбектегі ерлігі үшін, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалдарымен, үш рет Облыстың Құрмет грамотасымен, екі рет облыс әкімінің «Зерде» стипендиясымен, бір рет «Бауырмал» сыйлығымен марапатталған.

Халық сенім білдіріп, облыстық, аудандық мәслихаттардың депутаты болып сайланған, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан Жорналшылар Одағының Ә.Әлиев атындағы «Ең үздік редактор» номинациясының жеңімпазы.

## ЫСҚАҚ ӘКІМ

ақын, қоғам қайраткері



*Ысқақ Әкім* 1960 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар ауылында дүниеге келген. Шымкент педагогика институтының физика-математика және Алматы мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Ә.Ысқақ шығармашылықпен 1975 жылдан бері айналысып келеді. 1980 жылдан өзі оқыған Абай атындағы орта мектептің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1989 жылы Самарқанда өткен Орта Азия және Қазақстан жастары өнер және поэзия

фестивалінің лауреаты, республикалық «Жігер» фестивалінің дипломанты (1985), С.Ерубаев атындағы Шымкент облыстық Жастар сыйлығының лауреаты (1992) атанды.

1990 жылы Бөген аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің нұсқаушысы, республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстарындағы меншікті тілшісі болды. 1991 жылы халық депутаттары Шымкент облыстық кеңесінің баспасөз хатшысы, 1992-1995 жылдары Ордабасы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

1995 жылы желтоқсанда баламалы негізде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 1999 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің жауапты қызметкері болды.

Ысқақ Әкім - Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, көптеген әндердің авторы, Орта Азия мен Қазақстан өнер фестивалінің лауреаты, Ордабасы ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Моңғолияның «Шыңғысхан» медалінің иегері. 1997 жылы «Жыл адамы» атағын алды.

Ә.Ысқақтың философиялық тәлім-тәрбиеге негізделген «Жүректегі жазулар», «Адам іздеп жүрмін» атты эссе-кітаптары жарық көрген. «Көңіл қымбат» (2008), «Досыма» (2009) атты ән-альбомдары, «Жүректегі жазулар» атты DVD жинағы жарыққа шыққан. Шығармалары орыс, өзбек, түркімен тілдеріне аударылған. «Абзалдық әліппесі» атты кітабы бірқатар университеттер мен мектептерде пән ретінде оқытылуда. «Ерен еңбегі үшін», «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», «Астана» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ә.Ысқақ – Қазақстан парламентаризмінде тұңғыш қазақ тілінде, әрі Үкіметке баламалы негізде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы.

## ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ ХАНБИБІ

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын



*Ханбибі Есенқарақызы* 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Еңкес ауылында дүниеге келді.

1966 жылы Сарыағаш қаласындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті бітірді.

1967 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1972 жылы сырттай оқып бітірді. Институтта оқып жүріп, Макаренко атындағы орта мектепте мұғалім, 1968-1972 жылдары Сарыағаш аудандық «Қызыл ту», «Красное знамя» газеттерінде әдеби қызметкер, 1973-1980 жылдар аралығында облыстық халық шығармашылығы орталығында бас маман болып қызмет атқарып, 1987 жылы облыстық «Қайырымдылық және денсаулық қорын» басқаруға сайланады.

1989 жылы Ханбибі Есенқарақызы облыстық «Қазақ тілі» қоғамын басқарған. Бұл салада ол мемлекеттік тілдің кең ауқымда өмірге енуіне атсалысып, «Тіл туралы» заңның жобасын жасауға қатысады. 1992 жылы Облыстық мәдениет басқармасын басқарады. Ханбибі Есенқарақызы қай жерде де өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарай отырып, халыққа қызмет ететін мәдениет ошақтарын сақтап қалу үшін күресті. 1994 жылы Облыстық филармонияны басқару кезеңінде, «жекешелендірудің» тырнағына ілінген өнер ордасын сот арқылы алып қалуға, 1996 жылы Ш.Қалдаяқов атын беруге ықпал етсе, 1998 жылы филармонияда күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп, филармония алдына Ш.Қалдаяқовтың ескерткіш-мүсінін орнатуға мұрындық болды.

Х.Есенқарақызы 1986 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, басқарма мүшесі, 14 көркем әдеби кітаптың авторы. Өлеңдері орыс, украин, қырғыз, өзбек, якут тілдеріне аударылған. «Алтынай», «Нүрикамал», «Қадиша», «Дос іздедім», «Көңіл-гүл», «Махаббат-өмірлері» деген өлеңдеріне ән жазылып, халық арасына кеңінен таралды. Х.Есенқарақызының 1998 жылы отан алдындағы еткен еңбектері үкімет тарапынан ескеріліп, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер» атағына ие болды.

Х.Есенқарақызы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің және облыстық мәслихаттың, Ақмола облысы, Астана қаласы, Шымкент қалалық әкімдігінің алғыс хаттарымен, М.Әуезов бейнесі бар ЮНЕСКО, «Астана қаласына - 10 жыл», Түркістанның 1500 жылдығына орай, Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған және Астанадағы Гумилев атындағы Еуразия университеті медальдарымен, сондай-ақ Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы атанып, 2008 жылы «Парасат» орденімен, 2010 жылы 14 мамырда «Золотая Есенинская» медалімен, 2011 жылы Қазақстандағы Британ консульствосының сертификатымен марапатталды.

2012 жылы ақпан айында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атағы беріліп, осы жылдары Халықаралық «Үздік адамдар энциклопедиясының Батыры» атты құрмет белгісі мен дипломының иегері атанды.

Х.Есенқарақызы 2003 жылдан бүгінгі күнге дейін облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры қызметін атқарып келеді. Бұл мұражай 2010 жылы 30 желтоқсанда облыстық мәдениет

және өнер саласының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін 2010 жылдың «Үздік мәдениет және өнер мекемесі» номинациясының иегері болып танылды.

## ӘБУБӘКІРОВ САҒЫНҒАЛИ

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері



*Әбубәкіров Сағынғали Сандыбайұлы* 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында дүниеге келген. 1966 жылы Түркістан қаласындағы Н.Төреқұлов атындағы орта мектепті бітірген соң, еңбек жолын Сауран ауылындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте бастады.

1968 жылы Шымкент педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1973 жылы тарихшы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. Студент кезінде Бүкілодақтық В.И.Ленин атындағы арнайы стипендияның иегері болды.

1974 жылы Кеңес Армиясының қатарында әскери борышын өтеді. 1974-1977 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінің құжаттар бөлімінде жауапты қызметкер, 1978-1980 жылдары Шымкент педагогика институты тарих факультетінің оқытушысы қызметін атқарды. 1980-1983 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы тарих институтының аспирантурасында оқыды. 1984-1988 жылдары Шымкент педагогикалық инстиуты КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы, 1988-1991 жылдары Шымкент педагогикалық институты партия комитетінің хатшысы, 1991-1993 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 1994-1996 жылдары аға ғылыми қызметкер ретінде ғылыми тағылымдамадан өтті. 1996-1998 жылдары ХҚТУ Шымкент бөлімі қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, 1998-2003 жылдары ХҚТУ Шымкент бөлімшесі тарих факультетінің деканы, 2003-2004 жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2004-2011 жылдары Қ.А.Ясауи ХҚТУ Шымкент институты директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары-проректор болып қызмет атқарды. 1984 жылы академик М.Х.Асылбековтің жетекшілігімен «Қазақстанда инженер-техник интеллигенциясының

қалыптасу тарихы (1946-1960 жылдары)» деген тақырыпта тарих ғылымдары бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған.

3 ғылыми монографиясы, 5 оқу құралы, 5 оқу-әдістемелік нұсқауы мен 100-ге жуық ғылыми мақалалары жарық көрген.

С.С. Әбубәкіров «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» (1998 ж.) төсбелгісімен, Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесінің, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2005 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» медалі берілді. 2005 жылдың қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімімен «Ең үздік тәлімгер» номинациясын және «Шымкент қаласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» деген медалін иеленді. 2006 жылы «ҚР мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің жанындағы ономастикалық комиссияның мүшесі. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен» марапатталған. С.Әбубәкіров - Түркістан қаласының Құрметті азаматы.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры қызметін атқаруда. 2012 жылы ақпан айында ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2013-2020 жылдарға арналған республикалық жастар тәрбиесінің кешенді бағдарламасын дайындайтын жұмыс тобының құрамында болды.

## ИСАБЕК БАРШАГҮЛ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Исабек Баршагүл Қашқынқызы* 1973 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан кеңшары, Мақташы ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Мақташы мектебіне барып, 1990 жылы Жамбыл орта мектебін алтын медальмен бітірген.

1990 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына түсіп, 1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты тарих мамандығы бойынша үздік бітірді.

Еңбек жолын 1995 жылы Қ.А.Ясауи

атындағы ХҚТУ ШБ-нің «Қазақстан тарихы» кафедрасында машықтанушы-ізденуші болып бастады. 1998-2002 жылдары «Бүкіл әлем» тарихы кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, 2000-2002 жылдары тарих факультеті деканының орынбасары, 2002-2003 оқу жылында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, 2003-2004 оқу жылында сырттай оқу факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды. 2004-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты тарих факультетінің, 2008-2011 жылдары тарих және заң факультетінің деканы қызметін атқарды.

1999 жылы Алматы қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Академик Р.Б.Сүлейменов: Қазақстан тарихын зерттеудегі үлесі және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап шықты.

Б.Қ. Исабек «Академик Рамазан Сүлейменов» атты зерттеу монографиясының, 7 оқу құралының 10-нан астам оқу-әдістемелік құралдардың және 60-тан астам ғылыми мақалалардың авторы.

Б.Қ.Исабек ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006-2008 жылдардағы дарынды жас ғалымдарға арналған стипендиясының иегері болды. 2008 жылы ҚР БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Дайындаған студенттері екі рет «Қазақстан тарихы» пәнінен өткен республикалық Олимпиада жүлдегері, бірнеше рет республикалық студенттік ғылыми конкурстардың жүлдегері және «Болашақ» бағдарламасының иегері болды. Қоғамдық және шығармашылық еңбектері бағаланып, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің, қала әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған.

2011-2012 оқу жылында Исабек Баршагүл Қашқынқызы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих және педагогика факультетінің деканы қызметін атқарып, 2012 жылдың тамыз айынан тәрбие ісі жөніндегі проректор қызметіне тағайындалды.

## БАЙҒҰТОВА АҚЛИМА



ОҚМПУ-дың тәрбие істері жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1992 жылғы түлегі

## БАБАЕВ ИБРАИМ



Астана қаласы Нотариаттық палатасы «Жеке нотариаттық мұрағат» филиалының директоры, Астана қалалық Жастар мәслихатының депутаты Тарих-география мамандығының 2006 жылғы түлегі.

Бабаев Ибраим Әлімханұлы 1985 жылдың 8 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Үйленген. Бүгінгі таңда 2 қыз 1 ұлдың әкесі.

2002 жылы Мақтаарал ауданындағы № 67 Иса Байзақов атындағы орта мектепті бітіріп, осы жылы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне тарих және география мамандығына оқуға

түсіп 2006 жылы бітірді. 01.12.2006 – 22.08.2012 жылдар аралығында Астана қаласы, Есілдің сол жағалауында орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатында жоғары деңгейдегі білікті маман, мұрағат қоймасының меңгерушісі, сараптау-тексеру комиссиясының сарапшысы және бөлім бастығы лауазымдарында қызмет атқарды.

10.09.2012 – 11.02.2013 жылдар аралығында «Археография және деректану ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесінде жоғары деңгейдегі білікті маман лауазымында қызмет атқарды.

11.02.2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Астана қаласының Нотариаттық палатасы «Жеке нотариаттық мұрағат» филиалының директоры лауазымында қызмет атқарады.

2011-2012 жылдар аралығында Түркия Республикасы, Анкара қаласындағы «Avrasya Kutuphaneciler Birligi» қауымдастығының мүшесі.

Еңбек жолында төмендегідей ғылыми мақалаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаған.

- Ұлт мұрасы – ұрпаққа аманат. «Ұран» газеті, № 28(831), 06.06.2007 ж.;
- Ұлттық мұрағат мұрасы молайса. «Ел» газеті, № 24(100), 14.06.2007 ж.;
- Қайтпас қайсар хандардай өтіп туған Елбасы! «Арқа ажары» газеті,

10.07. 2007 жыл;

- Мұрағат қоры молықты. «Астана хабары» газеті, №123(2069), 23.07.2007 жыл;
- Бірлік пен елдіктің куәсі. «Астана хабары» газеті, № 134(2080), 09.08.2007 жыл.
- Ордабасы – бірлік пен елдіктің куәсі. «Ел газеті», № 34 (110), 23.08.2007 жыл;
- Мақта кластері кенже қалмасын. «Ел» газеті, № 35 (111), 30.08.2007 ж.;
- Құранды қазақшалаған қазақ. «Ел» газеті, № 40(116), 02.10.2007 ж.;
- Ұлты мен ұлысының ұлы перзенті. «Арқа ажары» газеті, 03.11.2007 ж.;
- Мәнді мұралар мекені. «Астана ақшамы» газеті, № 5(2471), 19.01.2010 жыл;
- Жастар болашағымыздың негізі. «Қазақстан мұрағаттары» журналы, № 1(13), 2010 жыл;
- «Ауылым - алтын бесігім» Қайран, Қарақойын – Қашырлы елі... «Инфо-Цес» газеті, № 40 (1247), 08.10.2010 жыл;
- Ұлты мен ұлысының ұлы перзенті жайлы. «Қазақ» газеті, № 52-53 (513-514), 24-31.12.2010 жыл;
- Тұғыры биік тау тұлға. «Қазақ» газеті, № 33-34(547-548), 19-26.08.2011 жыл;
- Күләштің жәдігерлері тұңғыш көрсетілуде (сұхбат). «Астана ақшамы» газеті, № 41(2802), 14.04.2012 жыл;
- Ата жұрттан Анадолыға. «Төртінші билік» газеті, № 04(076), 30.01.2012 жыл;
- Сан қырлы дарын иесі – Жүсіпбек. «Әлеумет тынысы» журналы, 2012 жыл.
- Ел мұрасы – ұрпаққа аманат. «Төртінші билік» газеті, №20-21(141), 27.05.2013 жыл және «Құжатайналымы мәселелері» журналы, №7(43)7, шілде 2013 жыл;

- Ақтаңдақтарға жан берген нотариаттық мұрағат халық үшін жұмыс істейді. «Қазақстан ZAMAN» газеті, № 31 (952), 8 тамыз 2013 жыл және «Қазақ үні» газеті, № 51-52(609), 28.12.2013 жыл
- Оформление документов частных нотариусов для передачи в нотариальный архив. Ежемесячный специализированный журнал «Вопросы документооборота» № 6 (54) 6, июнь 2014 год.

## БАЙЗАҚ ҮСЕН

педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Байзақ Усен Ахметұлы* 1948 жылы Шымкент қаласы маңындағы Ақжар елді мекеніне қарасты Айкөл ауылында өмірге келген.

1966 жылы Түркістан қаласындағы № 386 темір жол орта мектебінің 11-сыныбын аяқтап, еңбек жолын Түркістан механикалық жөндеу зауытында электрик болып бастаған.

1967 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оны 1971 жылы физика оқытушысы мамандығы бойынша аяқтады. Сол жылы Шымкент қаласындағы №26 орта мектепке физика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылданды.

1978-80 жылдар аралығында Шымкент дене тәрбиесі техникумында физика пәнінен дәріс берді. 1980-2004 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының медициналық физика және биофизика, медициналық техника кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті қызметтерін атқарды. Ол медициналық академияның фармацевтика, емдеу ісі және педиатрия факультеттері деканының орынбасары қызметтерінде болды. Осы жылдар ішінде Москва мемлекеттік университетінің аспирантурасында «Аспан механикасы» бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, 1988 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

2004 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшылығының шақыруымен университеттің оқу әдістемелік басқармасының бастығы, кейін оқу-бақылау басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

Ол 2010 жылдан осы уақытқа дейін Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент қаласындағы оқу клиникалық базасының оқу басқармасы бастығы қызметінде.

Жоғары медициналық оқу орнындағы көп жылғы тәжрибелерін жинақтап, Қазақстанда алғаш рет медициналық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби даярлауда медициналық техникаларды қолданудың ғылыми педагогикалық негізін жасады. Осы мәліметтер негізінде педагогика ғылымдары саласы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Сонымен қатар ол тест даярлаудың жаңа технологиясын жасап, оны қолдануға ұсынды. Студент білімінің көрсеткіші рейтингті стандарттаудың технологиясын алғаш болып ұсынды.

Көп жылғы ғылыми педагогикалық ізденістері нәтижесінде жоғары оқу орындары студенттері мен PhD докторанттарына арнап жазған 10-нан аса оқулық, оқу құралдары жарық көрді. Олардың қатарында 1998 жылы Шымкент қаласы «Жібек жолы» баспасында «Основы медицинской техники», 2005 жылы Алматы қаласы Білім баспасында «Медицинская техника», «Медицинская аппаратура квантовой и нетрадиционной медицины», «Медициналық биофизика мен медтехника бойынша лабораториялық практикум», 2008 жылы «Телемедицинские технологии в системе здравоохранения», 2011 жылы «Болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындауда медициналық техникаларды қолданудың педагогикалық технологиясы», «Физикалық факторларды медицинада қолдану» және т.б. 120-дан аса ғылыми мақалалары бар. Оның ғылыми еңбектері мен мақалалары Ресей, Украина, Польша, Түркия және т.б. шет елдерде жарияланды.

Педагогика ғылымдарының докторы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану академиясының корреспондент мүшесі Ү.А.Байзақ 2011 жылы «ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен (1998), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР оқу ісінің үздік қызметкері» төсбелгісімен (2000) марапатталған.

## МОЛДАХМЕТ ҚАНАЗ

жазушы



*Молдахмет Қаназ* 1942 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бекбауыл бекетінде дүниеге келген. 1958 жылы Арал қаласында орта мектепті, 1963 жылы Шымкент педагогика институтының филология факультетін бітірген. 1963-1978 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Қазалы ауданында мұғалім, аудандық газеттің бөлім меңгерушісі, аудандық партия

комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1978 жылдан 1985 жылға дейін «Жалын» баспасының редакторы, редакция меңгерушісі, 1985-1992 жылдары шығармашылық жұмыспен айналысты. 1992 жылдан «Денсаулық» журналында бөлім меңгерушісі, 1993 жылдан осы журналдың бас редакторы.

Кезінде «Чика – Дабылдың баласы», «Жер кіндігі» повестері жасөспірімдер мен балаларға арналған үздік шығармалардың республикалық жабық бәйгесінде жүлде алған.

«Сонар» (1973), «Жер кіндігі» (1975), «Арна» (1978), «Ақ тайлағым-ай» (1980), «Свет далекого солнца» (1982), «Құм қойнау» (1984), «Старая зимовка» (1985), «Армандай алыс жағалау» (1988), «Экспресс из полынной степи» (1989), «Жаңбырлы жаз» (1991), «Чика – сын Дабыла» (1991), «Қияндағы күн нұры» (2001) деген еңбектерімен қатар 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Әңгіме, повестері мен мақалалары көптеген жинақтарға енген. «Қияндағы күн нұры» повесі грузин тіліне аударылып, Грузияның халықаралық «Саундже» журналының 1989 жылғы №3-4 сандарында жарияланды. М.Қаназ орыс жазушысы В.Карповтың «Тірілей ұсталсын» романын, В.Распутиннің әңгімелерін, болгар жазушылары Елин Пелиннің бірсыпыра әңгімелерін, Иордан Милеевтің «Шатыр ұста мырза» повесін қазақ тіліне аударды. Молдахмет Қаназ Хиуа, Қоқан басқыншыларына қарсы ғұмыр бойы күресумен өткен, 1856-1857 жылдары Сыр бойы шаруаларының патша үкіметіне қарсы көтерілісінің басшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлы туралы «Кек» атты үш актілі тарихи драма, бірнеше танымдық, проблемалық зерттеу мақалалар жазды. Батырдың өмірі мен күрес жолын баян ететін С.Қалуовпен бірге құрастырған «Ел қорғаны ер Жәкем» жинағы 2007, 2008 жылдары екі дүркін жарық көріп, Алматы қаласы мен Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарына тегін таратылды.

М.Каназ 1975 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының, 1996 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

## ҚАЛМЫРЗАЕВ ӘМЗЕ
ақын, баспагер



*Қалмырзаев Әмзе Қалмырзаұлы* 1953 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданында дүниеге келген. 1984 жылы Шымкент педагогика институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

1983 жылы өткен Республикалық шығармашыл жастардың «Жігер» фестивалінің дипломанты, 2002 жылдан Әлемдік монғолтанушылар ассоциациясының мүшесі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Ол әр түрлі деңгейдегі газет редакцияларында, Қазақстан Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінде жұмыс істеген. 1989 жылы Оңтүстік Қазақстан және Өзбекстан жас ақын-жазушыларының тәуелсіз «Игілік» ассоциациясын өмірге әкеліп, президенті болды. Сол жылы «Игілік» ассоциациясы құрылтайшылығымен тәуелсіз «Ақтолғай», ал 1991 жылы қазақ, өзбек, тәжік, қырғыз, түркімен тілдерінде 200000 данамен жарыққа шыққан «Наурыз» газетінің өмірге келу идеясының авторы және редакторы. Қазақстанда тұңғыш жекеменшік кітаптар дүкенін ашып, қазір сол ассоциация негізінде құрылған (1990) ЖШС «Қасиет» баспасының бас редакторы және директоры қызметінде.

Ә.Қалмырзаевтың «Күн саңы», «Арман қуып адассам, кешір мені...», «Адуын ағыстар», «Құбылыс» атты жеке жыр жинақтары, «Мен сені көргелі», «Кереметнама», «Он екі таным», «Туысқан», «Теберік дүние», «Ойдың күші» т.б прозалық кітаптары, сондай-ақ 1999 жылы «Өмірдің он сегіз жылы» айдарына топтастырылған үш томдығы («Алшы», «Көз аясындағы әлем», «Қалтарыстағы қазына») Алматыдан, 2001 жылы «Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы» атты тарихи-философиялық жанрдағы кітабы Мәскеуде жарық көрді. 2003 жылы «Шыңғыс ханның шындығы - қазаққа жасырылған құпия» атты монографиясы роман-газет болып оқырмандарға жол тартты. 2004 жылы «Алтын төркін» атты роман-эссесі және «Ой гладиаторы» атты көлемді әдеби-зерттеу еңбегі басылып шықты.

1989 жылдан бері бес рет қайта жаңарып, жарыққа шыққан «Түркістан теберігі» кітабы 2005 жылы ағылшын, орыс, түрік тілдеріне аударылған нұсқасымен қоса европалық қазақ туыстарға арнап латын әрпімен берілген қазақша нұсқасы бірігіп, үлкен кітап болып жарық көрді. Сондай-ақ бүркеншік атпен «Даналық сүрлеуі», «Жақсы сөз», «Денсаулықнама» т.б кітапшалары жарық көрген.

## ӘБІЛДА АЙМАҚ

Қазақстан жазушылар одағының облысаралық бөлімшесінің төрағасы, Халықаралық Физули атындағы сыйлықтың иегері, белгілі ақын



*Әбілда Аймақ* 1954 жылы Ордабасы ауданы, Қажымұқан атындағы кеңшардың Коммунизм бөлімшесінде дүниеге келді.

Коммунизм сегізжылдық мектебін бітіріп, орта мектепті сырттай аяқтаған. Еңбекке 16 жасынан араласқан ол 1969 жылдан 1981 жылға дейін сушы, тракторшы, шопан мамандықтары бойынша жұмыс істеп, кейін аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі қызметтерінде болды. 1981-1990 жылдары Шымкенттегі «Шымкентқұрылыс» тресіне қарасты мекемелерде тас қалаушы болып жұмыс істеді.

Ә.Аймақ 1990 жылы Қазақстан жазушылар одағының облысаралық бөлімшесіне қызметке келді. 1993 жылдан осы бөлімшенің төрағасы, 2001 жылдан жазушылар одағы облыстық филиалының директоры. Шымкент педагогика институтының филология факультетін сырттай бітірген. 1989-1992 жылдары облыстық «Қазақ тілі» қоғамының бюро мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға араласты.

Ә.Аймақтың шығармашылық жолы 1972 жылдан басталды. 1983 жылы Республика жас жазушыларының кеңесіне қатысады. 1984 жылы жас ақындардың дәстүрлі жыр жинағы «Қарлығашқа» бір топ өлеңдері енеді. Оның шығармалары «Мерейлі мекен», «Мүшайра-92» жыр жинақтары арқылы оқырмандарға танылa бастайды. Ақынның «Ләйла», «Домалақ ана» кесенесі, «Жүрегімде махаббат», «Алтын бесік», «Түркістан», «Билік биігінде», «Ақ жол», «Талбесік» атты кітаптары бар.

Ә.Аймақ көптеген әндердің сөзін жазған. Ақын 1992 жылғы облыстық «Мүшайраның» жеңімпазы, 1993 жылғы Алматыда өткен республикалық жабық жыр конкурсының бас жүлдегері болды. Оңтүстік Қазақстан облысының Грамотасымен марапатталған. Соңғы жылдары Әбілда Аймақтың екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. 2004 жылы Түркия Республикасы мәдениет және туризм Министрлігінің ұйымдастырумен «Түрік әлемінің жаңғырығы» атты Халықаралық ақындар жарысында 84 шығарманың ішінде 1-орын алып, Халықаралық Физули атындағы сыйлықты иеленді. Сондай-ақ Ә.Аймақ Қ.Қазиев атындағы республикалық сыйлықтың иегері.

## МОЛДАЛИЕВА ДИНАИДА



филология ғылымдарының кандидаты, профессор

*Байтанаева-Молдалиева Динаида Әбішқызы* 1938 жылы Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданы Есік ауылында мұғалімдер отбасында туған.

1945-1955 жылдары Шымкент қаласындағы №7 Қ. Спатаев атындағы орта мектепте білім алған. 1955-1960 жылдары Шымкент мемлекеттік педагогика институтында орыс тілі мен әдебиеті және қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқыды. Түрлі ұлт мектептерінде орыс, қазақ тілдерінен сабақ берген.

1966 жылы Д.Ә. Байтанаева-Молдалиева ҚазССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институтының аспирантурасына түсіп, ғалым профессор Қ.Бектаевтың жетекшілігімен математикалық лингвистика саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1985 жылы «Қазақ мәтінінің ақпараттық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1974 жылдан бастап Шымкент пединститутында, кейінірек Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, сыртқы бөлімнің хатшысы, оқытушы, аға оқытушы, доцент, декан орынбасары, кафедра меңгерушісі, университет профессоры қызметтерін атқарды. 2011-2012 оқу жылынан ОҚМПИ қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді.

Байтанаева-Молдалиеваның ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертудің әдістемелік жолын зерттеу. Елбасы бекіткен мемлекеттік тілді дамытудың 10 жылдық бағдарламасы талабына сай Д. Молдалиеваның мемлекеттік қызметшілер үшін жазған «Мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту бағдарламасымен» қала мекемелерінде арнайы курстар жүргізілуде. Сонымен бірге «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін тестер», «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін лексикалық минимум», «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін бақылау жұмыстары», «Мемлекеттік тілді мамандыққа сай меңгерту» т.б әдістемелік оқу құралдары жарық көрген.

Д.Молдалиева өзінің әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын Оңтүстік Қазақстан облысы білім департаменті «Білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау» орталығымен бірлікте жүргізеді. Бұл орталықта жүйелі түрде ұйымдастырылатын курстарда орыс, өзбек, тәжік мектептерінде мемлекеттік тілді оқыту әдістемесі бойынша лекциялар оқып, практикалық сабақтар жүргізеді, түрлі бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырады.

2009 жылдың қазан айында Д.Молдалиева «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» атты Республикалық конкурсқа қатысып, Шымкент облысы бойынша бас жүлде иегері болған.

**КОЖАМБЕРДИНА РАУШАН**



**КОЖАМБЕРДИНА РАУШАН**

кандидат филологических наук, доцент

*Кожамбердина Раушан Давлетхановна* родилась в 1955 г. в Чимкенте. В 1976 г. с отличием окончила Чимкентский педагогический институт и была оставлена стажером-исследователем на кафедре русского языка. Во время учебы активно работала в научном студенческом обществе, награждена знаком ЦК ВЛКСМ «За отличную учебу», в республиканском конкурсе дипломных работ её исследование по лингвостатистике под научным руководством проф. К.Б. Бектаева заняло 1 место. С 1976 г. по 1978 г. проходила стажировку в ЛГПУ им. А.Герцена (г. Ленинград) в лаборатории «Инженерная лингвистика» под руководством академика, д.ф.н., профессора Р.Г. Пиотровского. С 1979 по 1980 гг. работала младшим научным сотрудником филиала Всесоюзной лаборатории «Машинный перевод» под руководством академика, д.ф.н., профессора К.Б. Бектаева в ЧПИ. В 1980-1985гг. училась в аспирантуре Санкт-Петербургского госуниверситета на кафедре математической лингвистики, в 1987 г. успешно защитила кандидатскую диссертацию по специальности 10.02.21. – структурная, прикладная, математическая лингвистика под научным руководством действительного члена РАЕН, д.ф.н., профессора Л.Н. Беляевой (ЛГУ, Санкт-Петербург). После окончания аспирантуры работала в Центральном госархиве г. Алма-Аты, с 1987 г. – ст. преподаватель кафедры русского языка КазХТИ, с 1991 г. – доцент кафедры русского языка. После реорганизации вузов с 1996 г. работала ученым секретарем Ученого совета и НМС ЮКГУ им. М. Ауезова, доцентом

кафедры русского языкознания. С 2009г. – доцент кафедры иностранной филологии ЮКПУ.

Раушан Давлетхановна имеет около 60 публикаций, в том числе – 6 методических и учебных пособий, рекомендованных к внедрению в учебный процесс. Круг научных интересов связан с проблемами публицистического стиля; сопоставительной и социолингвистикой, тюркологией; семантико-стилистической ролью тюркизмов и ориентализмов в русском и английском контексте; инновационными технологиями в образовании.

Р.Д. Кожамбердина имеет сертификаты за участие в международных научных семинарах-тренингах по повышению квалификации в области межкультурной коммуникации, современных образовательных технологий: «Технология дистанционного обучения», «Приоритетные направления развития инновационной деятельности педагога в современном образовательном пространстве» и др. За достижения в научно-исследовательской и учебно-воспитательной работе она отмечена похвальными грамотами ректоратов ЮКГУ им. М. Ауезова, ЮКПУ. Ведет активную общественную работу, за публицистическую деятельность и популяризацию научных знаний в СМИ премирована акимом города.

## БАЙТАНАЕВ БАУЫРЖАН

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, тарих ғылымдарының докторы, профессор



*Байтанаев Бауыржан Әбішұлы* 1962 жылы дүниеге келген. 1984 жылы Шымкент педагогикалық институтын тарих және

педагогика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Отырар ауданындағы мемлекеттік археологиялық мұражай қорығының аға ғылыми қызметкері болып бастаған. 1987-1993 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында аға ғылыми қызметкер жұмысын атқарды.

1993 жылы диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2006 жылы доцент ғылыми атағын алды. 1995 жылдан ҚР гуманитарлық академиясының корреспондент-мүшесі.

2000-2006 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының меңгерушісі, сонымен бірге осы университеттің археологиялық энциклопедиясының жетекшісі, 2007 жылдан археологиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметтерін атқарды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламасы шеңберіндегі «Испиджаб аумағы қала мәдениетінің пайда болуы мен кенттену дамуын зерттеу» жобасының жетекшісі, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын «Шымкент қала жұрты» тақырыбы бойынша орындаушы, ЮНЕСКО-ның халықаралық «Керуенсарай» жобасын орындаушы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің А.Х.Марғұлан атындағы археология институтының далалық комитетінің мүшесі қызметтерін атқарды.

Б.Байтанаев жүзден аса ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде «А.Диваевтың өмірі мен қызметі», «Көне Испиджап» деген аса маңызды еңбектерін атауға болады.

Б.Ә.Байтанаев қазіргі таңда ҚР БжҒМ Ә.Марғұлан атындағы Археология және этнология институтының директоры қызметін атқаруда.

## ҚҰДАЙҚҰЛОВ МӘУЛЕН

педагогика ғылымдарының докторы, профессор.



*Құдайқұлов Мәулен* 1931 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Талап кеңшарында дүниеге келген. Бастауыш мектепті Талап кеңшарында, жеті жылдық мектепті Балықшы ауылында оқыды. 1948 жылы Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті бітірген.

Еңбек жолын 1950 жылы Алғабас ауданында мұғалім болып бастаған. 1952-1954 жылдар аралығында Шымкенттегі екі жылдық мұғалімдер институтында, 1954-1960 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқып, физика, математика және сызу мамандығы бойынша біліктілік алған.

1954-1968 жылдары Шымкент педагогикалық институтында аға лаборант, кафедра доценті қызметін атқарды. 1968 жылдан осы уақытқа дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарып келеді.

1966 жылы «Некоторые вопросы кинофикации учебного процесса в школах Казахстана» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

М.Құдайқұлов 40 жылдан астам уақыт физиканы оқыту әдістемесі проблемаларын зерттеумен айналысып келе жатқан белгілі физик-әдіскер. Оның 30-ға жуық ғылыми-әдістемелік кітаптары мен оқу құралдары басылып, 350-ден астам мақалалары жарық көрген. 50-ден астам ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаған, ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым.

## ЫСҚАҚ БЕГМАН

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор



*Ысқақ Бегман* 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Георгиевка ауылындағы К. Ворошилов атындағы №1 орта мектепті бітірді.

1965 жылы Шымкент педагогикалық институтын бітірді. Осы жылдан бастап облыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Жемісті еңбегі үшін 1975 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталып, 1977 жылы Оқу министрлігінен әдіскер-мұғалім деген атақ алды.

1982 жылы РСФСР оқу министрлігі ұлттық мектептер ғылыми зерттеу институтының Ғылыми кеңесінде «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстардың методикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. 1991 жылы 23 мамырында КСРО халық ағарту комитетінің шешімімен доценттік ғылыми атағы берілді. 1998 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік

университеті Сенатының шешімімен университет профессоры ғылыми атағы берілді.

1979 жылы Шымкент педагогикалық институтының психология кафедрасында аға оқытушы, 1994 жылы ХҚТУ ШИ педагогика және филология пәндерін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, 1996 жылдан 2005 жылға дейін түркітаным кафедрасының меңгерушісі, 2005-2011 жылдарда түркітаным, қазақ тілі кафедрасының профессоры қызметін атқарып келді. 2011 жылдан ОҚМПИ қазақ тілі және әдебиет кафедрасының доценті қызметінде және «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәндерінен дәріс береді.

Бегман Ысқақ бірнеше ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Жүзге тарта ғылыми мақалалар жариялады. «Тіл дамытудың ғылыми негіздері» (1997), «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар» (2000), «Бастауыш сыныптарда шығарма жаздыру» (2005), «Мазмұндама жаздыру әдістемесі» (2005), «Диктанттар жинағы 3-4 сыныптар» (2005), «Бастауыш мектепте кластан тыс жұмыстар» (2006), «Қазақ тілі» ( 2006), «Төте жазу әліппесі» (1999), «Мақал-мәтелдер» (2007), «Қазақтың қанатты сөздері» (2007), «Жұмбақтар» (2007), «Жаңылтпаштар» (2007), «Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні бойынша курстық жұмысқа нұсқау» (2005), «Мұғалімнің кәсіби біліктілігін өзіндік бақылау» (2006), «Кестелі грамматика» (2009), «Жоғары мектеп лингводидактика негіздері» (2010) деген еңбектерін студенттер пайдалануда.

1982 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» атанды, 1989 жылы «Әдіскер мұғалім» атағы берілді. 2007 жылы «Менің Отаным – Қазақстан» атты республикалық шығармалар байқауының бас жүлдегері. 2009 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

## БЕЙСЕКОВ ЖАСҰЗАҚ

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Бейсеков Жасұзақ Бейсекұлы* 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданында дүниеге келген.

1964 жылы Шымкент педагогикалық институтын математика пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген.

1964-2005 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық институтының математикалық анализ және жоғары

математика кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін зейнеткерлікке шыққанға дейін атқарды.

1982 жылы В.И.Ленин атындағы Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық институтының мамандандырылған кеңесінде «Математиканы мектепте оқытудың әдістемесі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1986 жылы КСРО ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы берілді.

70-тен астам ғылыми-зерттеу еңбектердің, мақалалардың, 10 оқу-әдістемелік құралдың авторы.

## ҚАЛДЫБАЕВ ӘБДІМӘЛІК

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Қалдыбаев Әбдімәлік Қалдыбайұлы* Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін 1968 жылы бітірген. Мамандығы «Жалпы-техникалық пәндер және физика» пәнінің оқытушысы. Институтты бітірген соң орта мектепте математика және физика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған.

1971 жылы Шымкент педагогика институтына «Жалпытехникалық пәндер» кафедрасына оқытушы болып қабылданған. 1976 жылы аталған кафедраның аға оқытушысы қызметіне ауыстырылған.

1986 жылы Мәскеу педагогика ғылымдар Академиясында кандидаттық диссертация қорғаған. 1987-1993 жылдар аралығында факультет деканының орынбасары, 1994-1996 жылдары факультет деканы болып жұмыс атқарған.

1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жетісай орталығында директордың оқу-ісі жөніндегі проректоры болып қызмет істеген.

2001-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқу-әдістемелік басқармасының қызметінде болды. 2008 жылы маусым айынан Шымкент университетінің ректоры қызметін атқарды.

2008 жылы «Қазақстан Республика Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен, осы жылы «Қазақстан Республикасы Ата Заңының 15 жылдығы» медалімен марапатталған.

Ә.Қалдыбаев ондаған ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде шет елдерде басылған еңбектері де бар.

## ЕРАЛИН ҚУАНДЫҚ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Ералин Қуандық Ералыұлы* 1950 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Тельман ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Ырғыздағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1969 жылы Шымкент педагогика институтына оқуға түсіп, 1973 жылы бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша бітірген. 1973-1974 жылдары әскер қатарында болған. 1981-1982 жылдары В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтының бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі кафедрасында машықтану ісінен өткен. 1985 жылы В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтының аспирантурасын, 1992 жылы Москва мемлекеттік педагогика университетінің докторантурасын 13.00.02 бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша бітірген.

1985 жылы В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогика институтында 13.00.02 «Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың кеңістікті елестетулерін қалыптастыру» деген тақырыпта бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1993 жылы 14 қаңтарда «Болашақ бейнелеу өнері мен көркем еңбек мұғалімдерінің көркемдік-практикалық даярлығы» тақырыбындағы докторлық диссертациясын 13.00.02 бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша Москва мемлекеттік педагогика университетінде қорғаған.

Қ.Ералин 1975-1996 жылдар аралығында Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, көркемсурет факультетінің деканы қызметтерін атқарған. 1996-2004 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі, мәдениет және өнер факультетінің деканы қызметтерін атқарған. 2004 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінде дизайн және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Қ.Ералин ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ЖОО үздік оқытушысы, Ы.Алтынсарин атындағы медалдің иегері, ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі. Бүгінгі таңда Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің дизайн және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі.

## БОПОВА ДЮЙСЕНКУЛЬ
ветеран труда



*Дюйсенкуль Бопова* родилась в 1933 году в селе Обручевка Караспанского сельсовета Арыского района.

После окончания неполной средней школы им. Ломоносова в селе Мамаевка переехала в г. Арысь, где, уже работая, закончила железнодорожную среднюю школу №22, после чего поступила на заочное отделение Чимкентского педагогического института (филологический факультет, специальность русский язык и литература в национальной школе).

Дюйсенкуль Бопова начала свою трудовую деятельность в 1951 году библиотекарем в средней школе им. Кирова г. Арысь, затем работала заведующей отделом райкома комсомола, инструктором райкома партии. В 1955 г. она была избрана первым секретарем Арыского райкома комсомола, в 1959 г. – секретарем Южно-Казахстанского обкома комсомола по идеологии, а в 1960 году – первым секретарем обкома комсомола.

С 1963 по 1965 годы Дюйсенкуль Бопова училась в Москве в Высшей партийной школе при ЦК КПСС. После ее окончания, с 1965 по 1969 гг., выполняла обязанности заместителя заведующего отделом организационно-партийной работы. С 1969 по 1979 гг. она заведовала отделом науки и учебных заведений обкома партии. В 1979 году была избрана заместителем председателя Чимкентского областного совета народных депутатов.

На пенсию вышла в 1990 году в возрасте 55 лет.

Активная гражданская позиция, умение творчески подходить к решению социально значимых вопросов, отзывчивость и трудолюбие – отличительные черты Дюйсенкуль Боповой, снискавшей уважение и любовь окружающих ее людей.

Дюйсенкуль Бопова имеет 4 грамоты Верховного Совета Казахской ССР, Орден Трудового Красного знамени, два ордена Знак почета, две медали «За доблестный труд».

## КАЛГИНБАЙ САКИМБЕК
ветеран труда



*Калгинбай Сакимбек Шаикович* родился в 1936 году в Яныкурганском районе Кызылординской области. Закончил Чимкентский педагогический институт в 1960 году и получил специальность учителя русского языка и литературы, казахского языка и литературы. Вместе с ним эту же специальность получила и супруга Зереш Баймурзаевна, которая более сорока лет проработала в сфере образования.

В студенческие года он активно участвовал во всех мероприятиях института. В 1957 году Сакимбек Шаикович как участник художественной самодеятельности педагогического института делегируется на VI Всемирный фестиваль молодежи и студентов в Москве. В 1958 г. он вместе с Кларой Байменовой, студенткой физико-математического факультета, исполнил танец «Мерген» на сцене Колонного зала Дома Союзов в рамках II Декады казахского искусства и литературы в Москве, войдя в состав делегации от Чимкентского педагогического института.

Трудовую деятельность начал в художественной мастерской Казхудфонда, затем в 1961г. стал преподавателем кафедры педагогики. С 1963 года Сакимбек Шаикович на комсомольской и партийной работе. Почти 10 лет был директором Ванновского гидромелиоративного техникума, затем секретарем Тюлькубасского райкома компартии Казахстана.

С 1988 г. возглавлял Управление народного образования Южно-Казахстанской области. С 1996г. вплоть до выхода на заслуженный отдых являлся секретарем Секретариат областного Маслихата.

На каких бы постах ни работал Сакимбек Шаикович, он везде проявлял себя как профессионал, человек, болеющий душой за образование. И сейчас он активно участвует в жизни области, является членом Президиума совета ветеранов ЮКО, пользуется большим уважением руководства области.

Награжден множеством медалей, является Почетным гражданином Тюлькубасского района ЮКО, Персональным пенсионером Республики Казахстан.

## АЛИПОВА КЛАРА
ветеран труда



*Алипова Клара Тулендиевна* родилась в 1937 году. Закончила Чимкентский педагогический институт в 1959 году и получила специальность учителя русского языка, литературы и истории. Трудовую деятельность начала в школе №4 имени Н. Островского г.Чимкента. С 1969 г. – на партийной работе. Клара Тулендиевна прошла путь от инструктора до секретаря обкома компартии Казахстана ЮКО.

С 1986 по 2001 гг. возглавляла Шымкентский экономический колледж. Многие годы избиралась депутатом областного, городского, районного Советов народных депутатов. И сейчас Клара Тулендиевна не отдыхает. Она возглавляет ТОО «Сымбат», ведет большую общественную работу в городе Шымкенте и ЮКО, являясь членом комиссии по делам семьи и гендерной политики при акиме ЮКО, председателем правления женского клуба «Кемел», президентом ассоциации «Гражданский альянс ЮКО».

Награждена орденом Трудового Красного Знамени, орденом Трудового Красного знамени и восьмью медалями. Отличник народного образования (1987 г.), Почетный гражданин г. Шымкента (1996 г.), Почетный гражданин ЮКО (2005 г.), Персональный пенсионер РК.

## АХМЕТОВА РАИСА

ветеран труда



*Ахметова Раиса Раимбековна* родилась 20 августа 1937 года в г. Алма-Ате.

В 1961 году закончила Чимкентский педагогический институт и получила специальность учителя русского языка, литературы и истории. С 1961 г. – на комсомольской и партийной работе. Закончила Высшую партийную школу при ЦК КПСС. Раиса Раимбековна прошла путь от секретаря Чимкентского горкома комсомола до заведующей отдела народного образования ЮКО (1981-1988гг.). Отличник народного образования. Имеет государственные награды. Многие годы избиралась депутатом городского Совета народных депутатов.

И после ухода на заслуженный отдых вела общественную работу в городе Шымкенте и ЮКО.

## БЕРДІБЕКОВ СҰЛТАНБЕК

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Бердібеков Сұлтанбек Кенжебекұлы* 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы XXI Партсъезд атындағы кеңшарда шаруа отбасында дүниеге келген. Ленин атындағы орта мектепті аяқтаған соң, 1959 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, тарих, қазақ тілі, қазақ әдебиеті мамандығы бойынша 1964 жылы бітіреді. 1964-1966 жылдары Шымкент қаласы, Жамбыл атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. 1966-1969 жылдары ШПИ КПСС тарихы кафедрасында ассистент болып қызмет істейді. 1969 жылы Пермь мемлекеттік университетінің КПСС тарихы кафедрасына аспирант болып қабылданады.

1971 жылы диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 1971-1973 жылдары Шымкент педагогикалық институтының КПСС тарихы кафедрасында аға оқытушы болып істейді.

1973 жылы Қазақ ССР Жоғары оқу министрлігінің жолдамасымен Қазақ политехникалық институтының Қаратау филиалына маркисизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі етіп жіберіледі.

1976-1984 жылдары Шымкент педагогикалық институтының КПСС тарихы кафедрасында доцент, 1984-1986 жылдары Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық институтында доцент болып жұмыс істейді.

1987-1993 жылдары әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында доцент болып қызмет істеді. Қазіргі таңда облысымыздағы жоғары оқу орындарында доцент қызметін атқаруда.

**КЕНЖЕБАЕВ ТОЛЕУ**
доктор педагогических наук, профессор
академик Академии Естественных наук



*Кенжебаев Толеу* родился 17 апреля 1941 года в с.Ленинское Свердловского (Байзакского) района, Жамбулской области.

В 1958 году, после окончания средней школы им.С.М.Кирова в г.Джамбул, поступил на физико-математический факультет Шымкентского государственного педагогического института им.Н.К.Крупской, по специальности физика и основы производства, который успешно окончил в 1963 году.

С 1965 года после прохождения службы в рядах Советской Армии работает в Высших учебных заведениях г.Джамбула (Джамбулский технологический институт легкой и пищевой промышленности, Таразский государственный университет им.М.Х.Дулати, Таразский государственный педагогический институт) на должностях ассистент, старший перподаватель, доцент, профессор, зав.кафедрой, декан факультета.

С 2006 года по настоящее время – директор Регионального центра повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров при ТарГПИ.

В 1973 году досрочно окончил аспирантуру и успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата наук Шаикович по специальности 13.00.02.

В 1992 году защитил докторскую диссертацию по теме «Педагогические основы повышения эффективности учебного процесса по курсу общей физики» по специальности 13.00.02.

В 1994 году ему присвоено ученое звание профессора.

В 1995 году избран действительным членом Академии Естественных наук.

Автор свыше 200 научных и научно-методических работ, опубликованных в научных изданиях и журналах Казахстана, России, Украины, Узбекистана, Кыргызстана и Южной Кореи.

С 1999 г. по 2010 г был членом диссертационных советов по защите кандидатских, докторских диссертаций при Таразском государственном университете им.М.Х.Дулати, Казахском национальном педагогическом университете им.Абая, Кыргизской академии образования.

Под научным руководством Кенжебаева Т. защищено 6 кандидатских, 2 докторских и 5 магистерских диссертаций, был оппонентом на защите 18 научных работ. Участник 6 Всесоюзных, 21 Международной и 46 Республиканских научных и научно-методических конференций.

Был членом редакционной коллегии научных журналов: «Наука и образование Южного Казахстана», «Современное образование в Казахстане: состояние и пути реформирования», «Природопользование и проблемы» и др.

## ЖАПБАРОВ АМАНГЕЛДІ

педогогика ғылымдарының докторы, профессор



*Жапбаров Амангелді* 1942 жылы дүниеге келді. 1959 жылы Төрткүл орта мектебін бітіріп, 1965 жылы Шымкент педагогикалық институттың филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді.

А.Жапбаров педагогикалық қызметті бастауыш сыныптардың мұғалімдігінен бастап, жоғары оқу орнында 50 жылдай қызмет етті. Ол қазіргі Қазығұрт ауданында мұғалім, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, директор, аудандық оқу бөлімінде әдіскер қызметтерінде болды.

1983 жылдан Шымкент педагогика институтындағы пионер, комсомол жұмыстарының теориясы мен методикасы, педагогика кафедраларының меңгерушісі, филология факультеті деканының орынбасары, деканы болып қызмет етті. 1992 жылдардан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің практикалық қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тіл білімі кафедраларының меңгерушісі, филология факультетінің деканы қызметтерін атқарды. А.Жапбаров кандидаттық диссертациясын 1982 жылы Мәскеу қаласында, докторлық диссертациясын 2004 жылы Алматыда қорғаған.

А.Жапбаровтың жетекшілігімен 7 магистрлік, 6 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сондай-ақ ол Қыздар мемлекеттік

педагогикалық университетінің жанындағы докторлық қорғататын Арнаулы Кеңестің және Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің жанындағы Арнаулы Кеңестің мүшесі болды. Ол 7 докторлық және 11 кандидаттық диссертацияларға оппоненттік жасады.

А.Жапбаров «Қазақстан халық ағарту жұмысының озық қызметкері» белгісімен және «Жоғары оқу орнының үздік қызметкері» белгісімен марапатталған. 2010 жылы «Университеттің үздік профессоры» атанды. Ол 160-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы. Қазір 15 кітаптан тұратын монографиясы мен оқу құралдарынан тұратын ғылыми әдістемелік еңбектерін жазып бітірді.

## НИЯТОВ ДҮЙСЕНБЕК
еңбек ардагері



*Ниятов Дүйсенбек* 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Орбасы ауданы, Шұбар ауылы, Тоқсансай елді мекенінде дүниеге келген.

1961 жылы Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түскен. ЖОО-да оқып жүргенінде Совет Армиясы қатарына шақырылып, институтты 1968 жылы бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1968 жылы Бәйдібек ауданы Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепте мұғалімдік қызметтен бастады. 1972 жылы осы мектептің оқу-ісі жөніндегі орынбасары болды. 1978 жылы Алмалы орта мектебінде, 1981 жылы Жамбыл атындағы орта мектебінде директор қызметін атқарды.

Бәйдібек ауданының білім бөлімінің меңгерушісі қызметін 1985 жылдан 2005 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін абыроймен атқарды. Жұмысты мектеппен, мектеп директорларымен тығыз байланыста жүргізіп, бірнеше облыстық, аудандық семинар-кеңестер ұйымдастырып өткізді. Ол білім бөлімін басқарған жылдары оқушылардың білім деңгейін көтеру негізгі іс-шараларға әрдайым арқау болды. Соның нәтижесінде аудан оқушылары республикалық, аудандық пәндік олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болды. Ниятов Дүйсенбек басқарған жылдары аудандық оқу бөлімі облыс бойынша алдағы бестіктің қатарына ілінді.

Республикалық семинарда «Мектептегі методикалық кабинеттерді жабдықтау» деген тақырыптағы ғылыми жұмысы үздік деп бағаланып білім министрлігінің грамотасымен марапатталды.

Республикалық, облыстық мұғалімдер съездерінің делегаты, бірнеше рет аудандық және ауылдық кеңестің депутаты.

Қызмет істеген жылдардағы еңбегі ескеріліп, облыстық білім депортаментінің коллегия мүшесі болды. Білім озаты төсбелгісімен, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің озық қызметкері, Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер, Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы марапаттарына ие болды.

## ҚОНАҚБАЕВ СЕЙДАХМЕТ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Қонақбаев Сейдахмет Нартайұлы* 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Темірлан ауылында, Коммунизм елді мекенінде дүниеге келген. Жетіжылдықты сол ауылдың Коммунизм мектебінде оқып бітіргеннен кейін, оқуын Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепте жалғастырып, оны 1958 жылы бітірді. 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих және филология факультетін бітірді. 1965-1966 оқу жылында қаладағы №32 мектепте тарих, дене шынықтыру пәндерінен дәріс берді. 1966 жылы Шымкент педагогикалық институтына шақырылып, бокстан жаттықтырушы қызметін атқарды және тарих пәндерінен сабақ берді. 1970 жылы Алматы дене тәрбиесі институтын сырттай оқып бітірді.

1975 жылы Қазақ мемлекеттік университеті аспирантурасын бітіріп, Қазақ КСР Ғылым академиясының тарих-этнография институтында Қазақстан тарихынан диссертация қорғады. 50-ден астам ғылыми еңбектері, екі монографиясы жарық көрді. 1955 жылдан спортпен шұғылданып, Шымкент педагогикалық институтында оқып жүргенде көптеген жетістіктерге жетті. Атап айтқанда, спорттың екі түрінен (бокс, самбо) КСРО спорт шебері. Ал қазақша күрестен ҚР спорт шебері.

1964 жылы қазақша күрестен Темірлан ауылында бірінші рет Қазақстан біріншілігінде «түйе палуан» атанып, бас жүлдені иеленді. Күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовтың жұбайы Мінай апа алғыс білдіріп, «Урал» мотоциклін сыйға тартты.

С.Н.Қонақбаев бокстан және күрестен Қазақстан біріншілігінің бірнеше дүркін жеңімпазы атанды. Бокстан 1964 жылы Ташкент қаласында өткен КСРО-ның аймақаралық біріншілігінің қола жүлдегері. Оңтүстік Қазақстан облысының қазақша күрестен 10 дүркін абсолютті жеңімпазы.

С.Н.Қонақбаев Қазақстан Республикасының спорт қайраткері, Ордабасы ауданының Құрметті азаматы. Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысы Бокс федерациясының атқарушы директоры, вице-президенті болып қызмет етуде. Қазақстан боксшыларының олимпиада ойындарында, дүниежүзілік біріншіліктерде жүлделі орын алуларына сүбелі үлес қосуда. 1960-1998 жылдарда білімнің қара шаңырағы Шымкент педагогикалық институтында, 1998-2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында, казіргі таңда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде саясаттану-әлеуметтану кафедрасының профессоры қызметін атқаруда.

## ТІЛЕУЛОВ ЭРНСТ

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Тілеулов Эрнст Желдібайұлы* 1943 жылы Қырғызстан Республикасы, Пржевальск қаласында дүниеге келді. 1968-1972 жылдары Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетін бітірді. 1968-1969 жылдары М.О.Әуезов атындағы, 1970-1971 жылдары В.И.Ленин атындағы стипендия иегері болды. 1970-1971жылы Шымкент облыстық студенттік құрылыс отрядының комиссары болды. 1971-1976 жылдар арасында Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтында комсомол комитетінің хатшысы болды. 1976-1979 жылдары Мәскеу қаласындағы В.И.Ленин атындағы ММПИ аспирантурасында білім алды.

1980 жылы «Формирование личности учителей советской школы в процессе общественной деятельности студентов педагогических институтов» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

1980-1996 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық институтында дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, 2003-2006 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да дене тәрбиесі және спорт факультетінің деканы, 2006-2011 жылдары дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының

меңгерушісі, 2011-2012 оқу жылы жастар саясатының тәрбиелеу бөлімі басшысының міндеттерін атқаруда.

161 ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде “Дене тәрбиесі мен спорт ілімі мен әдістемесі” (2003ж), “Дене тәрбиесі спорт ілімі мен әдістемесі” (2009ж), “Физкультурно-оздоровительные и спортивно – массовые мероприятия в ВУЗе” (2011ж) атты оқу құралдары жарық көрді.

“Фашистік Германияны жеңгеніне 20 жыл” (1965ж), “За доблестный труд” (1965ж), “За доблестный труд” төсбелгілерімен (1971ж), Қаз ССР-нің ағарту ісі министрлігінің мақтау қағазы (1974ж), Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі (2000ж), “Қазақстан Республикасының Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ерен еңбегі үшін” атақтарын иеленді және ОҚО маслихатының Мақтау қағазы мен “Кәсіподаққа еңбек сіңірген қызметкер” белгілерімен марапатталды.

## АСҚАРОВ АҚЖОЛ

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы



*Асқаров Ақжол* Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы Майбұлақ ауылында 1943 жылы дүниеге келді. 1968-1973 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқыды. 1976 жылға дейін Шымкент қаласындағы Қ.Спатаев атындағы №7 қазақ орта мектебінде дене тәрбиесінің мұғалімі болып қызмет атқарды. 1976-1987 жылдары облыстық кешенді жоғарғы спорт шеберлігі мектебінде жаттықтырушы, 1980 жылдан бокстан облыс құрама командасының аға жаттықтырушысы, 1987-1991 жылдар арасында облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болып қызмет істеді.

1991-1999 жылдары облыстық білім саласындағы спорт және дене тәрбиесі басқармасының бастығы қызметін атқарған. 1999-2007 жылдар арасында облыстық Бекзат Саттарханов атындағы дарынды балалардың спорт мектеп-интернатының директоры болған.

А.Асқаров спорт мектебі Олимпиада ойындарының 1 жеңімпазын, бокстан Әлем біріншілігінің жеңімпазын, Азия чемпионатының 6 жүлдегерін, Әлем біріншілігінің жастар арасында 2 жеңімпазын, Әлем біріншілігінің бокстан 1 күміс жүлдегерін дайындап шығарды. Үздік еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының 10 жылдық мерейтойы» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен және ҚР білім және ғылым

министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен және «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» белгісімен марапатталды.

Асқар Ақжолов Шымкент қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, бокстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР спорт қайраткері, ҚР білім беру ісінің үздігі, КСРО спорт шебері, профессор, Санк-Петербургтың Халықаралық психология Академиясының Құрметті академигі. Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысының спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы.

## СИХЫМБАЕВ ИГІЛІК
педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Сихымбаев Игілік Бейсенұлы* 1944 жылы Шымкент облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын физика және жалпы техникалық пәндер оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. 1969-1974 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық мәдениет институтының мәдени-ағарту жұмыстарының теориясы кафедрасында оқытушы, 1975 жылдан бастап аға оқытушы болып қызмет атқарды. 1978-1981 жылдары Алматы шетел тілдері педагогикалық институты аспирантурасында оқыды.

1981-1984 жылдары Мәдени-ағарту жұмыстары факультеті деканының орынбасары қызметінде болды. 1988-1997 жылдар аралығында Мәдени-ағарту жұмыстарының теориясы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1997-1999 жылдары аға ғылыми қызметкер, 2001-2011 жылдары Мәдениеттану, әлеуметтік жұмыс және музей ісі кафедрасының меңгерушісі болды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты – бос уақыттың педагогикасы, бұл ғылымдағы жаңа бағыт, ол осы саладағы еліміздегі жалғыз маман. Ғылыми -зерттеу мәселелері бойынша 1 монография, 15 оқу құралы, 200-дей ғылыми мақалалары алыс және жақын шет елдерде жарияланды. Оның жетекшілігімен 10 кандидаттық, 2 докторлық диссертация қорғалды. 1983 жылы журнал бетінде бұқаралық-саяси жұмыс тәжірибелерін жинақтау мен насихаттаудағы белсенділігі үшін Республикалық «Қазақстан үгітшісі» журналының Құрмет грамотасымен марапатталды.

1992 жылы Қазақстанның мәдениет саласына жоғары білікті мамандарды тәрбиелеу мен дайындау ісіндегі сіңірген еңбегі үшін

Шымкент қалалық халық депутаттары кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ғылым саласына сіңірген зор еңбегі үшін 2003 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» атты төсбелгімен марапатталды. 2005 жылы көп жылғы жемісті еңбегі және қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін Облыстық мәслихаттың грамотасымен марапатталды.

13 бағытта ғылыми-зерттеу ізденістерін жүргізетін №Б-ПИКИ 06-12-08 «Қазақстан халықтары мәдениетінің қалыптасуы мен даму динамикасы» атты кешенді ғылыми-зерттеу тақырыбына жетекшілік жасайды. «Педагогикалық ғылымдар» сериясымен шығатын «Оңтүстік Қазақстан Ғылымы мен білімі» журналының бас редакторы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы педагогика ғылымдары докторы ғылыми атағын беру жөніндегі Д 14.20.01 дисертациялық кеңесінің төрағасы.

## КУЛИКОВА ВАЛЕНТИНА

директор ТОО «Собкор» (телеканал «Отырар-V»)
директор ТОО «Редакция РАБАТа», директор ТОО «DATA»



*Куликова Валентина Куприяновна* родилась в 1944 г. в поселке Шахтинский Пермской области в семье шахтеров, в 1961 г. закончила среднюю школу и поступила в культурно-просветительское училище на отделение «Режиссура и актерское мастерство». Трудовую деятельность начала в театрах России, а затем в 1964 г. приехала в Казахстан, где работала в театрах Семипалатинска и Шымкента.

В 1975 г. закончила филологический факультет Чимкентского педагогического института по специальности «Русский язык и литература».

С 1978 г. работала в культурно-просветительских учреждениях области, директором клуба «Победа» ЧПО КПО, художественным руководителем парков города, заместителем директора ДК «Фосфор», директором Дома художественной самодеятельности. За это время окончила Высшую профессиональную школу культуры в Ленинграде. Затем возглавила в Казахстане Центр досуговой деятельности на самоокупаемой основе.

В 1992 г. создает первое авторское телевидение г. Шымкента. Является членом Ассамблеи народа Казахстана. За созидательную работу по укреплению дружбы, мира и межнационального согласия между народами и народностями, проживающими в Южном Казахстане, получила премию акима ЮКО «Бауырмал». Является членом комиссии по делам семьи и гендерной политики при акиме ЮКО, действующим членом комиссии по делам СМИ при Президенте РК. С 2003 г. руководит коллективом газеты «Рабат», она главный редактор этой газеты.

Валентина Куприяновна Куликова, непрерывно совершенствуя и развивая собственное дело, стала победителем Республиканского конкурса «Лучшее предприятие, возглавляемое женщиной» в номинации «Средства массовой информации». Она обладатель ордена «Құрмет» (2004 г.), награды «Лучшее СМИ» в номинации «Малый и средний бизнес». В 1985 г. получила медаль «Ветеран труда», в 1990 г. – Почетную грамоту Министерства культуры Республики Казахстан. За время работы неоднократно занимала призовые места во Всесоюзных конкурсах, возглавляла коллективы, которые побывали в городах Греции, Болгарии, Монголии и др.

За плодотворную работу и вклад в развитие ветеранского движения неоднократно награждалась грамотами Союза ветеранов войны в Афганистане и локальных войн РК. За активное сотрудничество и большую работу в формировании положительного имиджа внутренних войск перед общественностью награждена грамотой МВД РК. С 2004 по 2006 гг. была избрана президентом Национальной Ассоциации телерадиовещателей Казахстана. Принимала личное участие в разработке закона о СМИ.

Почетный гражданин г. Шымкент.

## ДРЕЙЗИС ЛЮДМИЛА

тарих ғылымдарының кандидаты



*Дрейзис Людмила Григорьевна* 1944 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгір қаласында дүниеге келген. 1951 жылы Ленгір қаласындағы №5 мектептің 1-сыныбына барып, 1961 жылы бітіріп шықты.

1961-1965 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып, оны тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді.

1965 жылы Ленгір қаласындағы м... еде тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, №9

орта мектепте тарих және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімі, 1967 жылы Шардара қаласындағы М.Горький атындағы орта мектептің мұғалімі, 1968 жылы Шымкент қаласындағы орта мектепте ұстаздық етті.

1969-1980 жылдары Шымкент педогогикалық институты жалпы тарих кафедрасының аға оқытушысы, доцент қызметтерін атқарды.

## КЕЛДІБЕКОВ ЕРМЕКБАЙ
педагогика ғылымдарының кандидаты



*Келдібеков Ермекбей* 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы Победа кеңшарында дүниеге келген. 1961 жылы осы аудандағы Фрунзе атындағы орта мектепті бітірді.

1961-1965 жылдары Шымкент педагогика институтында оқып, физика пәнінің оқытушысы біліктілігін алған. 1966 жылы әскер қатарында болды.

1966-1968 жылдары Қазақ химия-технология институтында оқыды. 1968 жылдың тамыз айынан 1970 жылдың шілде айына дейін ЕТК-1 маңындағы №10 ЖЖКОМ физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарды.

1970-1971 жылдары Шымкент политехникалық техникумында физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1971 жылдың шілде айынан 1979 жылдың қазан айына дейін Шымкент энергетикалық техникумының кешкі бөлімінің меңгерушісі қызметін, ал 1979 жылдың қазан айынан 2008 жылдың маусымына дейін Шымкент энергетика техникумының (қазіргі Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжінің) директоры болып қызмет істейді.

1986-2005 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ОАОО- орта арнаулы оқу орындары директорлар кеңесінің төрағасы қызметінде болды. 2008 жылдың маусым айынан зейнеткерлікке шығып, аталған колледжде директордың кеңесшісі қызметін атқарады.

Еңбекте жеткен жетістіктері үшін 1987 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қызметкер» белгілерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің

жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

## САДЫҚОВ ЖАРЫЛҚАСЫН
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Садықов Жарылқасын* 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданының Қостөбе ауылында дүниеге келген.

1951-1958 жылдары Совет орталау мектебінде, ал 1958-1961 жылдары Ленгер қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №2 қазақ орта мектебінде оқып, орта мектепті күміс медальмен бітірген. Н.Крупская атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде 1961-1965 жылдары оқыған. 1965 жылдан 1979 жылға дейін Ленгер қаласындағы №2 қазақ орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі, Кеңес әскері қатарында, Ленин аудандық комсомол комитетінде мектеп бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1979 жылдан 1991 жылға дейін Әл-Фараби атындағы педагогикалық мәдениет институтында кабинет меңгерушісі, оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды.

1973-1976 жылдары Н.Крупская атындағы Халықтар Достығы орденінің иегері Ленинград Мәдениет институтының аспиранты болып, 1982 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1991-1996 жылдары Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институтының Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1997-2002 жылдар аралығында Қазақ-араб институтының проректоры, Әлеуметтік және Ашық университеттерінің деканы қызметтерінде болды. 2002 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде доцент қызметін атқарады.

## ОМАР ЕСЕНӘЛІ
педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Омар Есенәлі Омарұлы* 1962-1968 жылдары Шымкент педагогикалық институтында физика мамандығы бойынша оқып білім алды. Еңбек жолын 1968 жылы Ленгір қаласы №2 қазақ орта мектебінде 1971 жылдың қараша айына дейін физика пәнінің мұғалімі қызметінде, онан соң сол мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінде болды. Ғылыми - педагогикалық қызметі 1971 жылы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында басталды. 1975-1976 жылдары Ленинград мәдениет институтында зерттеуші тағылымдамадан өтеді. 1977-1980 жылдары Москва мәдениет институтының күндізгі аспирантурасында оқып, 1981 жылы педагогика ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1985 жылы доцент ғылыми атағын алды. 2002 жылы педагогика ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 2005 жылы профессор атағы берілді. Е.Омар – 250-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы. 1991 жылы «Қазақстандағы мәдени- ағарту жұмыстарының тарихы» оқулығы, 1993 жылы «Ауызша сөйлеу шеберлігі» оқу құралы, 1996 жылы «Көркемөнер шығармашылығы» оқу құралы, 2001 жылы «Қазақстандағы мектептен тыс мекемелер: қалыптасуы, дамуы» монографиясы, 2003 жылы «Қарым-қатынас мәдениеті» (Ю.Сапаровамен бірлестікте) оқу құралы, 2004 жылы «Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі» монографиясы, 2008 жылы «Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру әдістемесі» (Ж.Ысқақпен бірлестікте) оқу құралы, 2009 жылы «Ауызша сөйлеу шеберлігі», «Мектептен тыс мекемелерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негіздері» оқу құралдары, «Көркемөнер шығармашылығы (Ю.Сапаровамен бірлестікте) оқулығы, 2010 жылы «Воспитательная деятельность клубных учреждений Казахстана» (1920-1937гг) монографиясы, 2011 жылы «Көркемөнер шығармашылығы» (тарихы, теориясы, технологиясы) атты оқулығы жарық көрген. Екі ғылым докторын, төрт ғылым кандидатын даярлаған. 2009 жылы Жоғары оқу орындарының «үздік оқытушысы» грантының иегері болды. Кафедра меңгерушісі, декан, Қ.А.Иассауи атындағы ХҚТУ жанындағы докторлық диссертация қорғау кеңесінің ғалым - хатшысы міндеттерін атқарды.

**ЖАНПАЙЫЗОВА ЗАМИРА**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Жанпайызова Замира Мырзахметқызы* 1946 жылы Өзбек КСР, Сурхандария облысы, Термез қаласында дүниеге келген. 1953 жылы Шерабад ауданындағы орта мектепте оқуды бастап, 1963 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Абай ауылындағы Ленин жолы орта мектебін бітірді.

1963-1967 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып, тарих пәнінің мұғалімі біліктігін алды. 1967-1970 жылдары орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі, 1970-1974 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 1974-1984 жылдары Шымкент педагогикалық институтында тарих кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды.

1983 жылы Ленинград мемлекеттік университетінде аспирантураны бітіріп, «Қазақстанның химия өнеркәсібін партиялық басқару (1966-1971ж.ж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1989-2011 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтында, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында, Академиялық инновациялық университетте саясаттану кафедрасының доценті қызметін атқарды. З.Жанпайызованың 80-нен астам ғылыми еңбектері жарық көрген.

2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының қоғамдық ғылымдар кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді.

## ПРИХОДЬКО ЛАРИСА

кандидат филологических наук, доцент



*Приходько Лариса Петровна* родилась в июне 1946 года в городе Ленгер Южно-Казахстанской области. Закончив школу с золотой медалью, поступила в Чимкентский педагогический институт на филологический факультет, который окончила с отличием в 1966 г.

С 1966 по 1968 гг. преподавала  русский язык и литературу, работала завучем в сельской школе № 1 с. Первомаевка Ленгерского района.

В 1969 году Лариса Петровна была принята преподавателем на кафедру русского языка Чимкентского педагогического института, где и проработала, включая годы реорганизации института в Международный казахско-турецкий университет им. А.Ясави, до 2003 г.

В 1987 г. Л.П. Приходько защитила кандидатскую диссертацию по инженерной лингвистике в Ленинградском государственном университете при кафедре общего языкознания под руководством профессора Р.Г. Пиатровского, и в 1989 г. получила звание доцента.

С 1988 по 1990 гг. она руководила кафедрой методики преподавания русского языка и литературы, а с 1991 по 2003 гг. была заведующей кафедрой русского языка Шымкентского института МКТУ им. А.Ясави.

В 1993 г. Ларисе Петровне присвоено почетное звание «Отличник народного просвещения Казахской ССР». За высокое педагогическое мастерство ее труд неоднократно был отмечен почетными грамотами, наградами, премиями. Под ее руководством кафедра русского языка всегда занимала передовые позиции в учебной, методической, научной и воспитательной работе.

В 2003 г. Лариса Петровна Приходько переехала на постоянное место жительства в Россию, в город Тверь. В настоящее время работает на кафедре общего языкознания Тверского государственного университета в должности профессора.

## БОРАНБАЕВ ЖАРЫЛҚАСЫН
ақын



*Боранбаев Жарылқасын* 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Қос Тұра-Ақбастау елді мекенінде дүниеге келген. Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып бітірген. Ата жұрты Шу бойындағы Тасты, Шу елді мекендерінің аралығындағы Қарадөң дейтін жер.

«Көктем тынысы», «Жанартаулар», «Мәңгілік өмір», «Гүлдесте», «Жаздың жылы жаңбыры», «Мазасыз әлем» жыр жинақтарының, «Баба Түкті Шашты Әзіз», «Қарабура»,

«Ұлылардың ұлағаты» деп аталатын тарихи танымдық кітаптардың авторы.

Жырлары оқулықтарға, түрлі жинақтарға, кітаптарына енген. Халыққа кеңінен танымал «Қазақы дастарханым», «Аппағым», «Қоштасқым келмейді», «Созағым», «Әзіреті Қаратау», «Оралды ортамызға», «Сен екеуміз», «Туған жер» т.б. әндердің мәтінін жазған.

1996 жылы жазған публицистикалық мақалалары үшін «Ана тілінің саңлағы» атағы берілген. Бірнеше фестивальдің, жыр мүшәйрасының жеңімпазы. Орта мектеп оқушыларына арнап «Қамбар батыр» диафильмін, «Халық мұғалімі Айтқалиев» оқу фильмін жасаған.

## МОЛДАБЕК ҚҰЛАХМЕТ

### филология ғылымдарының докторы



*Молдабек Құлахмет* 1947 жылы Ордабасы ауданы, Шұбар ауылында дүниеге келген.

1954 жылы Тұмсық бастауыш мектебіне оқуға барып, 1965 жылы Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті бітіреді. Сол жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Оны 1969 жылы бітіріп, сол кездегі Бөген ауданы Бөржар ауылындағы Абай атындағы орта мектепке орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады.

1977 жылдың 17 қаңтарында Шымкент педагогикалық институтының бастауыш оқу теориясы мен әдістемесі кафедрасында лаборант, 1979 жылы оқытушы, 1983 жылы аға оқытушы, 1989 жылы доцент, 1993 жылдан кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 2000 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақтан мемлекеттік университетінің бастауыш оқу теориясы мен әдістемесі кафедрасында профессор және кафедра меңгерушісі қызметін атқарса, қазіргі күні Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтында ғылыми істер жөніндегі проректор қызметін атқаруда.

1985 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясына қарасты А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында физика-математика ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Бектаев Қалдыбайдың жетекшілігімен «Төменгі сынып оқушыларына арналған текстерді лингвостатистикалық зерттеу» тақырыбында кандидаттық

диссертациясын, 2010 жылы «Бастауыш мектеп те қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

Осы уақытқа дейін 200-ден астам ғылыми-зерттеу еңбектерін жариялады. Атап айтсақ, «Балалар әдебиеті текстінің алфавиті жиілік сөздігі», «Учебно-методическое пособие по использованию казахско-русских словарей», «Бастауыш класс оқулықтары текстінің сөздігі», «Қысқаша қазақша-орысша сөздік», «Бастауыш класта тіл дамыту», «Бастауыш класта зат есімді оқыту», «Бірінші класс оқулықтары тексінің түсіндірме сөздігі», «Дифференциация обучения в начальной школе», «Бастауыш мектепте жазу жұмыстары арқылы тіл дамыту», «Бастауыш мектепте тіл дамыту», «Проблемный урок в начальной школе, «2-сынып Математика және Табиғаттану оқулықтары мәтіндерінің түсіндірме сөздігі», «2-сынып Ана тілі оқулығы мәтінінің түсіндірме сөздігі», «Интенсификация учебного процесса в начальной школе», «Қазақ тілі (Фонетика, лексика)», «Бастауыш мектепте зат есімді оқыту (2, 3 – сыныптарда)», «Қазақ тілі (Морфология, синтаксис)» атты оқу және оқу-әдістемелік құралдары мен «Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың теориялық негіздері», «Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдістемелік негіздері», «Қатысым әдісі теориясы мен әдістемесі» атты монографиялары жарық көрген. Бұл еңбектері оқу үдерісінде пайдаланылуда.

Бірнеше ғылым кандидаттарын дайындап шығарды.

## РАХЫМБЕК ДОСЫМХАН

педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Рахымбек Досымхан* 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Зағамбар елді мекенінде туылған.

2002 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық Комитет профессор ғылыми атағын берді.

1970 жылы Шымкент педагогика институтының физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1970-1973 жылдары Шымкент қаласы Жамбыл атындағы № 26 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі, 1973-1978, 1981-1993 жылдар аралығында Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға

оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. 1978-1981 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтының аспирантурасында оқыған. 1984 жылы Киев қаласындағы Украина педагогика ғылыми-зерттеу институты жанындағы Арнайы Ғылыми кеңесте математиканы оқыту әдістемесінен кандидаттық диссертациясын қорғады.

1998 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде 13.00.02 - математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін “Оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіруге болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың ғылыми әдістемелік негіздері” деген тақырыпта диссертация қорғаған.

1993-1995 жылдары Шымкент дене тәрбиесі институтында кафедра меңгерушісі, ал 1995-1997 жылдары докторантурадан тыс докторлық диссертация дайындау үшін аға ғылыми қызметкерлікте болды.

1998 жылдан бүгінгі күнге дейін М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі, профессоры қызметтерін атқарды.

«Жоғары орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 2007 жылғы иегері.

Ең басты ғылыми еңбектері: оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіру. – Алматы: РБК, 1998 жыл; Математиканы оқытудың әдістемесі: Атифметика, алгебра және анализ бастамалары. Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2007 жылы (Қаламдастар Бейсеков Ж., Шарипов Т.А.); Мектеп математика курсында дәлелдеуге үйрету: Мұғалімдерге арналған кітап. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2009 жыл; Математикалық өрнектерді теңбе-тең түрлендіру: Оқу құралы. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2008 жыл; Жоғары математика (Анықтауыштар теориясы). Оқу құралы. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2008 жылы (Қаламдастар Әшірбаев Н., Қаратаев Ж.).

Д. Рахымбектің ғылыми зерттеу жұмысы мектеп математика курсын оқытудағы және математика мұғалімін кәсіптік дайындаудағы оқушылардың логикалық-әдіснамалық білімдерін арттыру мәселелеріне бағытталған. Оның 170 ғылыми-әдістемелік еңбегі жарық көрген. Соның ішінде 25 оқу-әдістемелік құралдың, 2 монографияның авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 15 ғылым кандидаты дайындалған.

**БАРАҚОВА САЙЛАУКҮЛ**

еңбек ардагері



*Барақова Сайлаукүл Жаппарқызы* 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында дүниеге келген.

С.Ж.Барақова 1964 жылы Түркістан педагогика училищесін, 1972 жылы Шымкент педагогика институтын, 1987 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1964 жылы Сарыағаш ауданы Сырдария орта мектебінде мұғалім болып бастады. Кейінірек аудандық комсомол комитетінде мектеп бөлімінің хатшысы, екінші хатшы қызметін атқарды. 1972-1976 жылдары облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметінде болды. 1977-1989 жылдары Келес аудандық, Шымкент қалалық партия комитеттерінің хатшысы, 2-хатшысы қызметтерін атқарды. 1989-1991 жылдары Шымкент облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болды. 1991-1997 жылдары облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

С.Ж.Барақова 1997-2002 жылдары ҚР Парламенті сенатының депутаты болып сайланып, халық қалаулысы атанды.

2002-2007 жылдары облыстық білім беру департаментінің бастығы қызметтерін атқарды. 2007 жылдан бері «Ауыл» партиясының облыстық комитетінің төрайымы қызметін атқарып келеді.

С.Ж.Барақова комсомол, партия, совет қызметіндегі, тәуелсіздік жылдардағы қоғамдық және мемлекеттік қызметтердегі ерен еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, бірнеше медальдармен ҚазКСР Жоғары кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

## АЛИЕВ РАВИЛЬ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Алиев Равиль Кәрімұлы* 1948 жылы Ташкент қаласында дүниеге келген. 1955-1965 жылдары Шымкент қаласындағы №5 М.Калинин атындағы орта мектепте оқыған. 1967-1969 жылдары Кеңес қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеді.

1970-1975 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып білім алды. 1976-1993

жылдары Шымкент педагогика институтында оқу шебері, оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметін атқарды. 1996-2001 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті саясаттану және әлеуметтану, философия кафедрасының меңгерушісі қызметтерінде болды.

1991 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

Р.Алиев Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

## БӘШЕН ҰЛЫҚПАН

“Құрмет” орденінің иегері,
Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, полковник



*Бәшен Ұлықпан Мүсінұлы* 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жуан-Төбе кеңшарында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң, Шымкент педагогикалық институтында жоғары білім алды. Жоғары оқу орнын 1971 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Келес ауданы, келес арнайы мектеп-интернатында мұғалім болып бастады. 1972-1973 жылдары Ресейде азаматтық борышын өтеп келген соң, Бөген ауданы, XXII партсъезд ауылындағы К.Маркс атындағы мектепте ұстаздық жолын жалғастырды. Өзінің біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Ұлықпан Мүсінұлы 1974-1977 жылдары Қазақстан ЛКЖО Шымкент облыстық комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарды.

Ұ.М.Бәшен 1977 жылы Қазақстан ЛКЖО Келес аудандық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалады. Бұл қызметті 1979 жылдың желтоқсанына дейін абыройлы атқарған Ұлықпан Мүсінұлы он жыл бойы Келес ауданындағы С.Сейфуллин атындағы, Жетісай ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептерде директор қызметін атқарды. 1989-1991 жылдары ОҚО, Арыс қалалық білім бөлімін басқарды.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде, мектеп, білім саласын басқаруда өзін парасатты тәлімгер, іскер басшы ретінде көрсете алған Ұлықпан Мүсінұлы 1991-1992 жылдары ОҚО білім басқармасы бастығының

орынбасары, 1992-1998 жылдары Арыс ауданы әкімінің орынбасары, білім, мәдениет және денсаулық сақтау басқармасының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. 1998-2000 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық білім департаментінің бастығы болды. 2000 жылдан бері Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Сабыр Рахымов атындағы Республикалық әскери мектеп-интернатының бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді. Жас ұрпақты Отан сүйгіштікке, елін-жерін қорғайтын ержүрек азамат болуға тәрбиелеудегі еңбегі жоғары бағаланған Ұлықпан Мүсінұлы түрлі марапаттармен қатар полковник шеніне дейін көтерілді.

Білім саласына сіңірген ерен еңбегі үшін Ұлықпан Мүсінұлы 1993 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, 1998 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2002 жылы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 10 жыл» мерекелік медалімен, 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2003 жылы Ресейдің психологиялық ғылымдары Халықаралық академиясының құрметті мүшесі, 2004 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, 2004, 2007 және 2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет Грамоталарымен, 2008 жылы «Астанаға 10 жыл медалімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Құрмет» орденімен марапатталды

## ИКМАТОВА ДАРИХА

кандидат педагогических наук, доцент



*Икматова Дариха Исраиловна* родилась 1949 г. в с. Шаульдер Кызылкумского района Южно-Казахстанской области. В 1967 году окончила школу и поступила на филологический факультет Чимкентского педагогического института им. Н.К. Крупской, который с отличием закончила в 1971 г.

С 1971 по 1974 гг. работала учителем русского языка и литературы в школах города Шымкента и области. С 1974 г. – преподаватель кафедры языков Чимкентского пединститута культуры. С 1979 по 1996 гг. – старший преподаватель кафедры методики преподавания русского языка и литературы ЧПИ.

В 1993 г. успешно защитила диссертацию «Профессиональная подготовка учителя к воспитанию школьников в процессе уроков русского литературы» на соискание ученой степени кандидата

педагогических наук в Московском государственном педагогическом институте им. В.И. Ленина, а в 2004 г. получила ученое звание доцента педагогики. После защиты диссертации возглавила кафедру иностранных языков Чимкентского государственного фармацевтического института.

С 1996 по 1999 гг. заведовала кафедрой русского языкознания Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауезова. С 2000 г. по настоящее время – заведующая кафедрой русского и иностранных языков института «Отырар».

Доцент Д.И. Икматова участвует в международных, республиканских научно-теоретических конференциях, имеет более 40 опубликованных научных работ, среди которых учебно-методические пособия, научные статьи. Дариха Исраиловна активно занимается повышением профессиональных навыков и умений, имеет 5 сертификатов, подтверждающих обучение на курсах повышения квалификации (г. Москва, (Россия), Алматы, Астана, Шымкент (Казахстан).

## ЖҰМАБАЕВ МЫҚТЫБЕК

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор



*Жұмабаев Мықтыбек Жандарбекұлы* 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданында, Қ.Сыпатаев ауылында туылған. 1956 жылы Қ.Сыпатаев атындағы сегіз жылдық мектептің бірінші сыныбына оқуға барып, Шаян селосындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті 1966 жылы күміс медальмен бітіреді. Сол жылы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінің математика мамандығына бойынша оқуға түсіп, 1970 жылы институтты үздік дипломмен бітірген.

1970-1972 жылдары Жамбыл педагогикалық институтының жоғарғы алгебра және математика әдістемесі кафедрасында оқытушы болып істеген. 1972-1973 жылдары Совет Армиясы қатарында қызмет етіп, 1974-1977 жылдары оқытушылық жұмысты Жамбыл педагогикалық институтында жалғастырған. 1977-1979 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Математика және механика институтында стажер-ізденуші болған. 1979 жылы аталған институттың аспирантурасына түсіп, ғылыми жұмыспен айналысу үшін Москва қаласына жіберілген. Онда профессор Т.Д.Каримбаевтың

жетекшілігімен «Цилиндрлік қабықшалардың кернеулігі және тұрақтылығы» деген тақырыпта ғылыми жұмыспен айналысқан. 1982 жылы аспирантураны бітіріп, 1985 жылы Ресейдің В.И.Ульянов – Ленин атындағы Қазан мемлекеттік университетінде физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған. 1992 жылы доцент атағын алған.

2005 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің физика-математика ғылыми зерттеу орталығының біріккен ғылыми кеңесінде (ҚазҰУ, ҚазҰТУ, ҚазТКА, ММашИ) физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға диссертация қорғаған. 2008 жылы математика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілген. Ғылыми жұмысының тақырыбы "Тұтас денелер механикасы есептерін шешуге айнымалы коэффициентті дифференциалдық теңдеулерді қолдану".

1986-1992 жылдары Жамбыл педагогикалық институтының физика-математика факультеті деканының орынбасары, 1996-1998 жылдары жаратылыстану кешені директорының орынбасары болып қызмет жасаған. М.Жұмабаевтың 120-дан аса ғылыми-әдістемелік мақалалары жарық көрген, он шақты оқу құралдары мен оқу әдістемелік жұмыстары баспадан шыққан. 2010-2011 жылдары Москва қаласындағы К.Э.Циолковский атындағы Ресей мемлекеттік технологиялық университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (1996, 2009 ж.), 2010 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгісімен марапатталған. 2006-2007 оқу жылында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркістан гуманитарлық және бизнес институтында жаратылыстану кафедрасының меңгерушісі, 2007-2008 оқу жылында Түркістан Жаратылыстану және медицина институтының оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. 2008 жылдан бастап А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жаратылыстану факультетінің деканы болып қызмет атқаруда. Сенат мүшесі, факультет ғылыми кеңесінің төрағасы.



**КЕРІМБАЕВ ЕСЕНГЕЛДІ**

филология ғылымдарының докторы, профессор

*Керімбаев Есенгелді Әуелбекұлы* 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас

ауданы, Келтемашат ауылында дүниеге келген. 1957-1967 жылдары Келтемашат ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте оқыды. 1968-1970 жылдары Венгер Халық Республикасында Совет Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1971-1975 жылдары Шымкент педагогикалық институтының филология факультетінде оқып, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын үздік дипломмен бітірді. 1975-1981 жылдары Шымкент педагогика иститутының орыс тілі кафедрасында оқытушы болып істеді.

1981-1985 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының ономастика бөлімінде кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмыс атқарды. 1985-1990 жылдары Шымкент педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы қызметінде, 1988 жылы ҚазССР ҒА Тіл білімі институты жанындағы Диссертациялық кеңесте «Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1990-1992 жылдары ҚазКСР ҒА Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер ретінде докторлық машықтануда болды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Тіл білімі институтының Диссертациялық кеңесінде «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1992 жылдан бастап 2000 жылға дейін Шымкент педагогика институтында (кейінірек Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімшесінде) орыс тілі кафедрасының доценті, профессоры болып қызмет атқарды. 2000-2002 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Түркология институтында жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. 2002-2010 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасында профессор қызметін атқарды. 2010-2011 жылдары Шымкент университетінің филология кафедрасында қызмет етті.

2011-2012 оқу жылынан бастап Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ қазақ тілі кафедрасында профессор қызметін атқарып келеді. Е.Керімбаев 5 монография, 100 шақты мақаланың авторы, 4 ғылым кандидатын дайындады. ҚР Премьер-министрі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссиясының мүшесі, Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде диссертациялық кеңестің мүшесі болды.



**ӨТЕБАЕВ МҮСІРӘЛІ**

экономика ғылымдарының докторы

*Өтебаев Мүсірәлі Смайылұлы* 1950 жылы Шымкент облысы, Бөген ауданы,

Шұбар ауылында жұмысшылар отбасында дүниеге келген. 1967 жылы орта мектепті бітіріп, Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түсті. 1971 жылы институтты математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1979-1982 жылдары Москва қаласындағы Есептеу орталығы және экономикалық ақпараттық жүйелерді жобалау жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды. 1984 жылы кандидаттық диссертация қорғады, 1989-1991 жылдар аралығында Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы Академиясында экономикалық басқару әдістемелері бойынша жетекші маман мамандығын бітіріп, 1997 жылы Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясы нда докторлық диссертациясын қорғады.

Еңбек жолын 1971 жылдан Бекташ жұмысшы жастар мектебінде математика пәнінің мұғалімі болудан бастады. 1973 жылы облстат бөлімінің машиналық-есептеу станциясында оператор лауазымына ауысты. 1974-1987 жылдар аралығында ақпараттық-есептеу орталығында аға инженер, орталық бастығының орынбасары, орталық бастығы қызметтерін атқарды. 1987-1991 жылдарда облстат бөлімі бастығының орынбасары, одан кейін бастығы болып жұмыс істеді. 1991-1993 жылдары Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 1994 жылы Шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттік төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. 1995-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің экономикалық саясат бөлімінің меңгерушісі, ал 1996 жылдан 2001 жылға дейін Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 2001-2008 жылдарда Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының екінші, үшінші және төртінші сайланымының депутаты, Қаржы және бюджет жөніндегі комитет төрағасы қызметінде болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің төрағасы.

Ол 50-ден астам ғылыми еңбектердің, соның ішінде (1996) «Қаржы экономикалық жағдай және Қазақстан экономикасы өсімінің факторлары» , (1989), «Аймақтың нарық қатынастарына өтудегі қаржы-несиелік аспектілері», (1991,1999)«Қаржы-несие түсіндірме сөздігі», (2001) «Невыдуманные бюджеты», (2008) «Негізгі бюджеттік және салықтық заңнамалар», (2011) «Қазақстанның қаржылық мониторингінің архитектурасы мен алгоритмі» секілді монографиялардың авторы.

«Құрмет Белгісі» (1991), «Парасат» (2003) ордендерімен, ТМД ПАА Құрмет грамотасы (2007), «Қаржы жүйесінің үздігі» ведомстволық наградасымен (2011) және 6 медальмен марапатталған.

2011 жылы М. Өтебаевқа «Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағы берілді.

## ПОШАЕВ ДАНАБЕК
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Пошаев Данабек Қолдасұлы* 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданында дүниеге келді. 1972 жылы Шымкент педагогика институтына оқуға түсіп, оны 1977 жылы Жалпытехникалық пәндер, физика және еңбек мамандығы бойынша бітірді.

Д.Пошаев 1979-1983 жылдары ШПИ-де аға оқытушы, факультет партия ұйымының хатшысы қызметтерінде болды. 1983-1988 жылдары Мәскеу қаласында КСРО Педагогика ғылымдары академиясының «Еңбекке баулу және кәсіби бағдар беру» ғылыми-зерттеу институтының стажер-зерттеушісі, аспиранты болды. 1988 жылы аталған институтта «Кәсіби оқытудың политехникалық негіздері» тақырыбына педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғады. Д.Пошаев – Кеңес одағы мектептерін реформалауға байланысты (1984 жыл) Одақ бойынша 5–7 сыныптарда еңбекке баулу, 8-10 сыныптардағы кәсіби оқыту бағдарламаларының авторы болды.

Оған 1993 жылы педагогика доценті ғылыми атағы берілді. 1988-1996 жылдары Шымкент педагогикалық институтының Жалпытехникалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

1996-2000 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің Жаратылыстану – педагогика факультетінің деканы қызметін атқарды. Қазіргі кезде Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті қызметінде.

Ұлттық білім беру мазмұнын қалыптастыру бағытында ізденушілерге басшылық жасай отырып, бірнеше құнды мақалалар мен ұсыныстарды жариялады. Білімгерлердің білім сапасын басқару, олардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әрекеттерін қалыптастыру мәселелері бойынша ізденушілерге ғылыми басшылық жасай отырып, халықаралық деңгейде бірнеше мақалалар жариялады. «Ұлттық білім беру мазмұнының теориясы мен практикасы» тақырыбы бағытында ғылыми зерттеулер жүргізуде.

Ғылыми педагогикалық қызметі барысында ЖОО-ларға арналған 6 білім стандартының, 6 арнаулы оқу орны, 6 орта мектеп бағдарламасының, 8 ЖОО типтік бағдарламаларының, 100-ге жуық мақалалардың, 10 оқу құралының авторы. Оның ішінде: «Жалпытехникалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі, «Автоматика, электроника және электротехника терминдерінің түсіндірме сөздігі», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері», «Мамандыққа кіріспе», «Педагогика, педагог және заман талабы», «Мамандық таңдау негіздері» т.б. оқулықтар мен оқу құралдары бар.

ҚР Білім беру ісінің үздігі. Облыстық кәсіподақ Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

## СИМОВА БИБАЖАР



*Симова Бибажар* 1950 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Балаби ауылында дүниеге келген.

1973 жылы Шымкент педагогикалық институтының бейнелеу өнері, сызу және еңбек мамандығы бойынша бітірген. 1973 жылдан қаладағы №12 мектеп-интернатында сурет-сызу пәнінен дәріс берген. 1989-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының өнер факультетінде қызмет атқарған.

1970 жылы республикалық қолөнер жетістігі көрмесіне белсене қатысқаны үшін Құрмет грамотасы және арнайы төсбелгісімен марапатталған. 1974 жылы сәндік қолданбалы өнерді дамытудың Бүкілодақтық байқау көрмесі, халық шеберлерінің шығармашылығы көрмелеріне қатысқаны үшін диплом және төсбелгісімен марапатталған.

1994 жылы республикалық білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін Құрмет грамотасымен марапатталған.

2003 жылдан ҚРСО мүшесі. 2005 жылы ХҚТУ-дың академиялық доценті атағы берілген. 2005 жылы Дүние жүзілік «Қанатты әйел - 2» ұлттық жәрмеңкесіне қатысып, Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігінің арнайы дипломымен марапатталған.

Б.Симова қазір Шымкент университетінде қызмет атқарады.

## ӘБУБӘКІРОВ ИСАХ



*Әбубәкіров Исах* 1950 жылы Ордабасы ауданы, Көкбұлақ ауылында туған. 1967 жылы Төлеби ауданының "1 Май" елді мекенінде орта мектепті бітірді.

Еңбек жолын 1968 жылы "Оңтүстік Қазақстан" газетінде есепші болып бастап, 1979 жылға дейін осы редакцияда әртүрлі қызмет атқарды.

1973 жылы Шымкент педагогика институтының қазақ тілі, әдебиеті факультетін, 1981 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірді.

1982-1986 жылдары партия-кеңес жұмысында, 1986-97 жылдары "Білім" қоғамы облыстық басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметінде істеген. 1997 жылдың 1 қыркүйегінен бүгінге дейін облыс әкімшілігі ауыл шаруашылығы департаменті инвестиция және сырт елдермен байланыс бөлімінің бастығы. 1999 жылдан облыс әкімшілігі Ауылшарушылығы департаментінің органы – "Ауыл ақпараты" газетінің бас редакторы.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

## САХОВ САПАРБЕК МҰСАХАНҰЛЫ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Сахов Сапарбек Мұсаханұлы* 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам елді мекенінде дүниеге келген. Сахов Сапарбек Мұсаханұлы өзінің еңбек жолын 1967 жылы Шымкент фосфор тұздары зауытында жұмысшы болып бастады.

1968-1970 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді. "За воинскую доблесть" медалімен марапатталып, қатардағы жауынгерден зениттік – артиллерия батареясының старшинасына дейін көтерілді. Әскери бөлім комсомол ұйымы хатшысының орынбасары болып сайланды.

С.Сахов 1971-1976 жылдары Шымкент педагогика институтында оқыды. 1976 жылы аталған оқу орнын бітірген соң, Шымкент облыстық комсомол комитетінің аппаратына жұмысқа жіберілді.

1977-1987 жылдары Шымкент қаласындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызмет атқарды. Осы жылдары ол ғылыми диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

1987-1992 жылдары Шымкент қаласы Дзержинский аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінде, облыстық партия комитетінің идеология бөлімінде жауапты қызметтер атқарды. Шымкент мемлекеттік фармацевтика институтының партия ұйымының хатшысы, аталған оқу орнының проректоры болды.

1992-1995 жылдары жергілікті атқару органдарында басшы қызметтерде болды.

1995 жылы қарашада С.Сахов № 5 кәсіптік-техникалық училищенің директоры болып тағайындалды. Осы қызметте жүріп 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. 2002 жылы екінші сайланған Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы қызметіне сайланды.

«Отан» РСП облыстық филиалының саяси кеңесінің мүшесі, бюро мүшесі, төрағасының орынбасары, төрағасы және республикалық саяси кеңесінің мүшесі болып сайланды.

С. М. Сахов 2003 жылдан бүгінгі күнге дейін Шымкенттегі жеңіл өнеркәсіп саласына тігіншілер даярлайтын №5 кәсіптік лицейдің басшысы қызметін нәтижелі түрде жалғастыруда.

С.Саховтың 2010 жылы жарық көрген «Толқынды теңіз заманам» атты көлемді кітабы оқырман қауымға мемлекеттік саясат пен идеологияны, тәуелсіздік пен егемендікті нығайту, Президентіміздің бағыт-бағдарын қалың көпшілікке насихаттау ісіне қосқан үлес болып табылады.

С.Сахов кәсіптік білім беру саласындағы ерен еңбегі үшін 1997 жылы Қазақстан Республикасының “Білім беру ісінің үздігі” белгісімен, 2002 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл мерекелік медалімен, 2005 жылы “Құрмет” орденімен марапатталған.



## ИСМАҒҰЛОВА БАЯН

филология ғылымдарының докторы, профессор

*Исмағұлова Баян Хамзақызы* 1952 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келген. Орта мектепті 1969 жылы бітірді. 1969-1975 жылдары Шымкент

педагогика институтының филология факультетінде қазақ мектептеріндегі орыс тілі мамандығы бойынша оқып бітірді. 1975-1979 жылдары КСРО Педагогика ғылымдары академиясы жанындағы орыс тілін ұлттық мектепте оқыту Ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқып, 1980 жылы Мәскеуде 13.00.02 – Орыс тілін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша «Научные основы содержания спецкурса «Семантическое развитие русских слов и методика его преподавания в национальном педвузе» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. КСРО Жоғары аттестациялық комитетінің шешімімен педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 1986 жылы КСРО Жоғары аттестациялық комитетінің қаулысымен доцент ғылыми атағы берілді. 2006 жылы докторлық диссертация қорғап, 2009 жылы профессор ғылыми атағына ие болды.

Еңбек жолын 1973 жылы Шымкент педагогика институты орыс тілі кафедрасында оқытушылықтан бастады.

1980-1998 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, доценті, 1983-87 жылдары филология факультеті деканының орынбасары, 1996, 1997 жылдары орыс филологиясы факультетінің деканы. 1993-1996 жылдары осы институт жанындағы кандидаттық диссертация қорғайтын кеңестің ғалым хатшысы, 1998-1999 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім беру академиясы Жоғары білім институтының ғалым хатшысы, 1999-2005 жылдары ЮНЕСКО-ның бірлескен «БЭСТ» мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарды.

2005 жылы М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының доценті, 2007-2010 жылдары осы академияның тілдер кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды. 2010 жылдың қыркүйегінен бері осы кафедрада профессор қызметінде.

1992 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1997 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2009 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталған.

150-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектері қостілділік, қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы және қазақ (орыс) аудиториясында орыс (қазақ) тілін үйрету мәселелеріне арналған.

## ЕРИМБЕТОВА АК-МАРАЛ

доктор филологических наук, профессор



*Еримбетова Ак-Марал Мирзахметовна* поступила на филологический факультет Чимкентского педагогического института в 1970 г. и окончила его с отличием в 1974 г.

По окончания вуза была оставлена стажером-исследователем кафедры русского языка Шымкентского педагогического института.

В 1977-1980 гг. обучалась в очной аспирантуре в КазГУ. В 1980 г. под руководством профессора Н.И. Никитевича ею защищена диссертация и присвоена ученая степень кандидата филологических наук, в 1988 г. – звание доцента языкознания.

В 1980-2000 гг. работала старшим преподавателем, доцентом кафедры русского языка Шымкентского педагогического института (с 1993 г. Шымкентское отделение Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясави).

В 2000 г. была переведена на должность старшего научного сотрудника кафедры русского языка ШИ МКТУ им. А.Ясави. В 2002 г. Ак-Марал Мирзахметовна защитила докторскую диссертацию на тему «Сходство и различие: языковые формы выражения компаративных отношений» при Диссертационном совете Д 14 А.01.22 КазГНУ им. аль-Фараби.

В 2003-2004 гг. она руководила кафедрой русского языка ШИ МКТУ им. А.Ясави. Под ее руководством кафедра русского языка успешно вела учебную, методическую, научную и воспитательную работу.

Ак-Марал Мирзахметовной издано более 100 научных статей, учебников, учебных и методических пособий. Она автор ряда учебников по русскому языку. В 2002 г. ею была издана монография «От тождества к противоположности: языковые формы выражения» (Москва, 233).

В 2004 г. ей присвоено ученое звание профессора.

В 2005 г. А.М. Еримбетова переехала на постоянное место жительства в город Алматы. В настоящее время она является заведующей кафедрой русского языка Казахского Национального аграрного университета (г. Алматы).

## КӨШЕНОВ ЖӘНІБЕК

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
ҚР Мәдениет қайраткері



*Көшенов Жәнібек Сапашұлы* 1954 жылы Түркістан ауданы, Бабайқорған кеншарында дүниеге келді. 1971 жылы В.В. Куйбышев атындағы орта мектепті бітірді.

1973-1975 жыл аралығында Кеңес Одағы қарулы күштерінде әскери азаматтық борышын атқарды. 1976-1980 жылдары Шымкент педагогикалық институтын бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша бітірген. 1980 жылдан Шымкент педагогикалық институтында қызмет атқарған.

2004 жылы Мәскеу қаласында педагогика ғылымдары бойынша «Национальное изобразительное искусства как средства воспитания учасщихся I – VI класов» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 2009 жылдан ЖАК-тың доцент ғылыми атағына ие болған. Бірнеше ғылыми монографиялар мен бейнелеу өнері саласында оқу-әдістемелік құралдардың, 23-ке жуық мақалалардың авторы. Жәнібек Көшеновтің жетекшілігімен 1 ізденуші педагогика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертциясын сәтті қорғап шықты, 3 кандидаттық диссертацияға ресми оппонент болды. 2010 жылдың 26 желтоқсанында ҚР Мәдениет министрлігінің жарлығымен ҚР Мәдениет қайраткері төсбелгісімен марапатталды.

Қазір Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде бейнелеу өнері және кәсіптік білім кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

## ОСПАН БЕРДАЛЫ

белгілі мәдениеттанушы



*Оспан Бердалы Әсілханұлы* 1955 жылы Шымкент қаласында туған. 1973 жылы Шымкент қаласындағы Қарсыбай Сыпатаев атындағы №7 мектепті бітірген. 1973 жылы Шымкент педагогикалық институтының көркем графика факультетіне түсіп, оны 1978 жылы бітірген. Оспан Бердалы Әсілханұлы республикалық, облыстық және қалалық

сурет көрмелеріне қатысқан. Суреттері облыстық, республикалық газет журналдарда және 2008 жылы жарық көрген Оңтүстік Қазақстан облысы суретшілерінің шығармашылығына арналған «Өнерлі өлке суретшілері» атты кітапта жарық көрді.

Б.Ә.Оспан ОҚО тарихи өлкетану мұражайында, бірнеше газеттерде қызмет етті. 1987 жылы «Музей» атты музыкалық топ құрды. 1994 жылы өзі ұйымдастырған «Музей» тобымен КСРО және ТМД елдері республикаларының арасында алғашқы болып Англия мемлекетінің Ливерпуль қаласында «Битлз» тобы музыкасының Бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысты. Республикалық «Рокпар» дәстүрлі музыкалық фестивалін ұйымдастырды. Қазақ тілінде жазылған «Жұлдыз болғың келсе» кітабының тараулары «Шұғыла», «Молодежь Узбекистана» газеттерінде және «Керемет» журналында жарияланды.

Б.Ә.Оспанның 2001 жылы орыс тілінде жазған «Как стать звездой» кітабы жарық көрді. «Сорос» қорының грантын ұтып алып, жас сазгерлер мен әншілерге «Жұлдыздар мектебі» жобасын іске асырды. Мәдениет, тарих және қоғамдық мәселелер тақырыбына жазылған мақалалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Шұғыла», «Adam reader`s», «World discovery Kazakhstan», «Камертон», «Новое поколение» т.б. газет-журналдарда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялануда. Қазіргі таңда шығармашылық жұмыспен айналысады. «Қазақ есімдерінің алтын қоры» кітабын жазу үстінде. Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалінің иегері.

## КОЖАМБЕРДИНА РАУШАН

кандидат филологических наук, доцент



*Кожамбердина Раушан Давлетхановна* родилась в 1955 г. в Чимкенте. В 1976 г. с отличием окончила Чимкентский педагогический институт и была оставлена стажером-исследователем на кафедре русского языка. Во время учебы активно работала в научном студенческом обществе, награждена знаком ЦК ВЛКСМ «За отличную учебу», в республиканском конкурсе дипломных работ её исследование по лингвостатистике под научным руководством проф. К.Б. Бектаева заняло 1 место. С 1976 г. по 1978 г. проходила стажировку в ЛГПУ им. А.Герцена (г. Ленинград) в лаборатории «Инженерная лингвистика»

под руководством академика, д.ф.н., профессора Р.Г. Пиотровского. С 1979 по 1980 гг. работала младшим научным сотрудником филиала Всесоюзной лаборатории «Машинный перевод» под руководством академика, д.ф.н., профессора К.Б. Бектаева в ЧПИ. В 1980-1985гг. училась в аспирантуре Санкт-Петербургского госуниверситета на кафедре математической лингвистики, в 1987 г. успешно защитила кандидатскую диссертацию по специальности 10.02.21. – структурная, прикладная, математическая лингвистика под научным руководством действительного члена РАЕН, д.ф.н., профессора Л.Н. Беляевой (ЛГУ, Санкт-Петербург). После окончания аспирантуры работала в Центральном госархиве г. Алма-Аты, с 1987 г. – ст. преподаватель кафедры русского языка КазХТИ, с 1991 г. – доцент кафедры русского языка. После реорганизации вузов с 1996 г. работала ученым секретарем Ученого совета и НМС ЮКГУ им. М. Ауезова, доцентом кафедры русского языкознания. С 2009г. – доцент кафедры иностранной филологии ЮКПУ.

Раушан Давлетхановна имеет около 60 публикаций, в том числе – 6 методических и учебных пособий, рекомендованных к внедрению в учебный процесс. Круг научных интересов связан с проблемами публицистического стиля; сопоставительной и социолингвистикой, тюркологией; семантико-стилистической ролью тюркизмов и ориентализмов в русском и английском контексте; инновационными технологиями в образовании.

Р.Д. Кожамбердина имеет сертификаты за участие в международных научных семинарах-тренингах по повышению квалификации в области межкультурной коммуникации, современных образовательных технологий: «Технология дистанционного обучения», «Приоритетные направления развития инновационной деятельности педагога в современном образовательном пространстве» и др. За достижения в научно-исследовательской и учебно-воспитательной работе она отмечена похвальными грамотами ректоратов ЮКГУ им. М. Ауезова, ЮКПУ. Ведет активную общественную работу, за публицистическую деятельность и популяризацию научных знаний в СМИ премирована акимом города.



## САПАРБАЕВ БАҚЫТ

тарих ғылымдарының докторы

*Сапарбаев Бақыт Қойшыбайұлы* 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келген. 1973 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Шымкент

педагогикалық институтына оқуға түседі. Институтты 1978 жылы бітіріп, тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты. Өзіне тән іскерлікпен игі іс-шараларға жастарды жұмылдыра алу сынды қабілеті арқылы танылған Бақыт Қойшыбайұлы 1979-1980 оқу жылында Шымкент автомеханикалық техникумға комсомол ұйымының хатшысы болып сайланып, еңбек жолын бастады. 1980 жылы педагогикалық қызметке ауыстырылып, 1982-1984 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының КСРО тарихы кафедрасында ізденуші болып жұмыс істеді. 1985 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясына қарасты Ғалымдар Үйінің ғылыми-насихат бөлімі меңгерушісі болып тағайындалды. 1987 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтына оқытушы қызметіне қабылданып, білімі мен жігерін жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеп, рухани өсуіне арнаған ол аталған оқу орнында декан, проректор қызметтерін абыроймен атқарды. Осындай басшылық қызметтерде ол оқу жұмысын жоғары оқу орнының талаптарына сәйкес жүргізуге, материалдық-техникалық базасының қалыптасуына, пәндерді оқытудың жаңа әдістерін енгізуге, студенттердің пәндерді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Студент-жастардың танымдық қабілетін қалыптастыруға, болашақ мамандарды азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуге атсалысты. 1988 жылы «Қазақстанның машина жасау өнеркәсібінің дамуы және ондағы жұмысшы мамандарының өсуі (1917-1975 жж.)» деген тақырыпта диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

2001-2003 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында экономика және құқық факультетінің деканы, 2003-2008 жылдары аталған оқу орнының Бүкіләлем тарихы кафедрасының аға оқытушысы ретінде пәндер бойынша дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізді.

2008 жылдың тамыз айынан бері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Кафедра жетекшісі ретінде Б.Қ. Сапарбаев оқытудың сапасын арттырып, пәнді оқытудың инновациялық деңгейін көтеріп, елеулі жетістіктерге жетті. Кафедраның ғылыми бағытында зерттеуші-ғалымдарды даярлап, ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосты.

Педагог-ғалым Б.Қ.Сапарбаев 2010 жылы қараша айында «ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХI ғасыр басындағы Қазақстанның индустриялық дамуының тарихы (тарихи-модернизациялық аспектілері)» деген тақырыпта тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғады. Бүгінгі күні ғалым 70-тен астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалалар мен еңбектердің авторы. Оның авторлығымен «1959-1970 жылдардағы Қазақстанның

өнеркәсіп жұмысшылары (әлеуметтік-демографиялық аспектілері)» және «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» атты монографиялары жарық көрді.

## КАМАЛОВ ЮСУБАЛЫ
педагогика ғылымдарының кандидаты



*Камалов Юсубалы Назымұлы* 1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Көмешбұлақ ауылында дүниеге келген.

Шымкент педагогикалық институты физика-математика факультетінде оқып, 1978 жылы жалпы техникалық пәндер, еңбек және физика мамандығы бойынша бітірді.

1989 жылы КСРО педагогика ғылымдарының академиясында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. ҚР ЖАК шешімімен доцент атағын алды. Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспендент-мүшесі.

Қызмет істеген орындары: Шымкент педагогикалық институты, 1991-1993 жылдары «Еңбек» мамандығы бойынша республикалық оқу-әдістемелік орталығында декан қызметінде болды. 1994-1996 жылдары «Еңбек технологиясының теориясы» кафедрасының меңгерушісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік Гуманитарлық университетінде 1996-1998 жылдары «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде 1998-2000 жылдары «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2000-2001 жылдары Жаратылыстану педагогикалық факультетінің деканы қызметінде болды. 2001 жылдың қараша айынан бүгінге дейін «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, облыстық кәсіподақ Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Барлығы 160-тан астам ғылыми-әдістемелік жұмыстардың авторы. Солардың ішінде 2005-2011 жыл аралығында «Еңбек» және «Кәсіптік оқыту» мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының авторлары құрамында 7 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

## ИСМАИЛОВА КАМИЛА
кандидат педагогических наук



*Исмаилова Камила Анваровна* родилась в 1957 году в г. Шымкенте. В 1974-1979 гг обучалась в Чимкентском педагогическом институте по специальности история и педагогика.

1979-1995 гг. – научный сотрудник областного историко-краеведческого музея, 1995 г. – преподаватель дисциплин по специальности музейное дело и охрана памятников Чимкентского педагогического института культуры.

1996 г. – старший преподаватель Чимкентского педагогического института культуры. Автор ГОСО РК и типовых программ по специальности 061740-Музейное дело и охрана памятников. 1998-2004 гг. – старший преподаватель Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауезова. В 2003-2004 гг. избрана старшим куратором университета на общественных началах. 2004-2008 гг.- начальник отдела внутренней политики ЮКГУ им. М.Ауезова. Член ректората и Ученого Совета, Совета по профилактике правонарушений и борьбы с коррупцией университета.

2008-2009 гг. – проректор по воспитательной работе Южно-Казахстанского педагогического университета. 2009-2010 гг. – советник ректора ЮКГУ имени М. Ауезова по идеологической и воспитательной работе, председатель идеологического Совета. 2010-2011 г. – зам.директора учебно-методического управления ЮКГУ имени М. Ауезова. 2011-2012 гг. – проректор по воспитательной работе Южно-Казахстанского педагогического университета.

К.А.Исмаилова имеет Почетные грамоты Республиканской политической партии «Отан» (2005г., 2006г.), и Министерства образования и науки Республики Казахстан (2006 г.), звание «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2010 г.)

# ЯКОВЕНКО ЛЮДМИЛА
кандидат филологических наук, доцент



*Яковенко Людмила Константиновна* родилась в 1956 году в г. Чимкенте. Одна из выпускников Чимкентского педагогического института. После окончания школы в 1973 году она без малейших колебаний поступает в пединститут: выбор профессии еще в школе был сделан раз и навсегда. Любовь к филологии и тяга к преподавательской деятельности определили ее жизненный путь. В институте она с первого курса стала не только отличницей, но и неизменной участницей студенческого научного общества.

После окончания пединститута в 1977 г., получив красный диплом, она работает по распределению в школе села Акжар Ленгерского района, а затем возвращается в родной пединститут – теперь уже преподавателем.

Более 15 лет проработала Л.К. Яковенко на кафедре методики преподавания русского языка и литературы. Ее наставниками были ведущие специалисты кафедры Евгения Дмитриевна Ячевская, Раиса Степановна Коршева, Таисия Иосифовна Розентулер. Преподаватели старой закалки, они были необыкновенно требовательны к молодым, но и к себе тоже. У них можно и нужно было учиться ответственности перед студентами, коллегами и самими собой; они заставляли трепетать в ожидании оценки – иногда суровой, но всегда беспристрастной; они являли собой образец человеческой порядочности, добросовестности, и они же были самыми доброжелательными и компанейскими людьми за пределами институтских стен.

Школа, пройденная не только в студенчестве, но и во время работы на кафедре методики, помогла сформироваться Л.К. Яковенко как личности, для которой жизненными приоритетами стали стремление никогда не останавливаться на достигнутом, добиваться педагогического и научного совершенствования; любовь к языку и своей профессии; добросовестность и честность.

Иногда жизнь бывает сурова, и Л.К. Яковенко не избегла ударов судьбы, что не помешало ей всегда оставаться преданной своей работе. После реорганизации вузов Южного Казахстана в 1996 г. она преподает в Южно-Казахстанском государственном университете им. М. Ауезова, в 2007 г. успешно защищает кандидатскую диссертацию

«Речевая культура профессионального общения: стереотипы, нормы и модели поведения».

Защита диссертации знаменует новый этап в жизни Л.К. Яковенко. Она активно работает над своей темой, много публикуется, и не только в Казахстане, но и за его пределами. В университете, где по сей день работает Л.К. Яковенко, ее ценят по заслугам: она неоднократно награждалась грамотами, была удостоена звания «Лучший преподаватель года ЮКГУ». Она на протяжении ряда лет является членом Совета факультета, членом Совета университета, членом организационно-методической комиссии.

В настоящее время Л.К. Яковенко заведует кафедрой русского языка и литературы Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауезова.

## САДЫҚҰЛОВА СӘУЛЕ
тарих ғылымдарының кандидаты



*Садықұлова Сәуле Сейдеханқызы* Оңтүстік Қазақстан облысы Бөген ауданына қарасты Тельман бөлімшесінде 1958 жылы дүниеге келді. 1975 жылы сол елді мекендегі Ленин атындағы №29 орта мектепті бітірді. 1975 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1980 жылы тарих және қоғамтану пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты.

1984-1987 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. 1990 жылы Қазақ Ұлттық ғылым академиясында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. 1987-1996 жылдары әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды.

С.С. Садықұлова – бірнеше оқу және электронды оқу құралдарының авторы. Ол 1995 жылдан бүгінгі күнге дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті қызметін атқаруда.



## ӘДІЛОВА ШАРА
филология ғылымдарының кандидаты

*Әділова Шара Дәуітқызы* 1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылында туған. 1980 жылы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша бітірген. 1980 жылы Шымкент қаласындағы №24 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1993 жылдан бастап Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы психинститутта оқытушы, Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында оқытушы болып қызмет істеген.

1999 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде филология кафедрасында аға оқытушы, доцент міндетін атқарушы қызметтерін атқарды. 2009 жылдан бастап Қазақстан халықтар Достығы университетінде доцент міндетін атқарушы болып жұмыс істеп келеді.

2004 жылы ф.ғ.д., профессор К.Сыздықовтың жетекшілігімен «Т.Тоқбергенов – әдебиет сыншысы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 50-ден аса ғылыми мақалалар мен еңбектер жариялады. Ғылыми еңбектері әдеби сын, абайтану тарихының зерттелу мәселелеріне арналған.

«Әдебиеттануға кіріспе курсынан сырттай оқитын студенттерге арналған бақылау-пысықтау жұмыстары» (Шымкент, 2002), «Әдеби сын және Төлеген Тоқбергенов» (Оқу құралы. Шымкент, 2006), «Еуропа әдебиетінің тарихы» (Оқу құралы. Шымкент, 2009), «Шетел әдебиетінің тарихы» (Хрестоматия-оқулық. Шымкент, 2012) атты оқу құралдарын студенттер мен магистранттар пайдалануда.

## НИЯЗОВ АЙДАР
өнертану ғылымдарының докторы, доцент



*Ниязов Айдар Қамбарұлы* 1960 жылы Шымкент қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген.

Ол 1977 жылы Н.Островский атындағы №4 орта мектепті бітірді. Сол жылы Шымкент педагогикалық институтының

көркемсурет және графика факультетіне оқуға түсіп, 1981 жылы сурет және сызу пәні мұғалімі мамандығы бойынша жақсы бітіріп шықты.

Еңбек жолын жоғары оқу орнының жолдамасымен 1981 жылы В.И.Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институтының өнер тарихы кафедрасында машықтанушы-ізденуші болып бастады. 1983-1986 жылдары аталған оқу орнында аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. 1986 жылы аспирантураны тәмамдап, өнертану ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1986 жылы туған қаласына қайта оралып, Шымкент педагогикалық институтында кескіндеме кафедрасында оқытушы қызметін атқарды. 1989 жылы сурет кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. 1994-2004 жылдары А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімшесінде өнер факультетінің деканы қызметін атқарды.

2007 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының бастығы болып тағайындалды.

2010 жылдан бастап Ә.Қастеев атындағы Шымкент көркемсурет колледжінің директоры қызметін атқарып келеді.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының мүшесі, №5 сайлау округі бойынша 5-шақырылымның Шымкент қалалық маслихатының депутаты.

А.Ниязов 2011 жылы Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының өнертану институтында өнертану ғылымының докторы ғылыми дәрежесі үшін диссертация қорғады.

2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ғылыми-педагогикалық жұмысын негізгі қызметімен қатар бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының доценті ретінде атқарып жүр.

А.Ниязов М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да ұзақ жылдар бойы өнер мен мәдениет саласында мінсіз атқарған еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» медальдарымен марапатталды.

Ол – Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасы Көркемөнер академиясының толық мүшесі, академик, Қазақстан Республикасы суретшілер Одағының мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облысы суретші-оқытушылар Одағының мүшесі.



## ӘБУОВ АЙДАР

философия ғылымдарының докторы,
профессор

*Әбуов Айдар Парқұлұлы* 1960 жылы дүниеге келген. ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы, профессор.

1982 жылы Шымкент педагогика институтын тарих мамандығы бойынша бітірген, 1982-1984 жылдары Жетісай ауданы мектептерінде тарих пәнінің мұғалімі, 1984-1985 жылдары Сырдария педагогика институтында тарих пәнінің оқытушысы болып істеді.

1985-1986 жылдары Г.В.Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтында тағылымдамадан өтуші-зерттеушісі, 1986-1990 жылдары Мәскеу қаласы МХШИ-дің аспирантурасында оқыған. 1991-1994 жылдары Түркістан қаласы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде аға оқытушы, доцент, 1994-1997 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, 1997-1998 жылдары ХҚТУ Президентінің кеңесшісі, 1998-2002 жылдары ХҚТУ түркология ҒЗИ-ның директоры, философия кафедрасының меңгерушісі, 2002-2004 жылдары ХҚТУ халықаралық байланыс факультетінің деканы, 2004-2005 жылдары – ХҚТУ оқу ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған.

2005-2008 жылдары – Астана қаласы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының профессоры. 2008 жылы қыркүйек айынан осы уақытта дейін – ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры.

Әбуов А.П. орыс тілі мен түрік тілдерін еркін меңгерген. Қазақстан, Түркия, Ресей, Польша, Қытай, Өзбекстан елдерінде 150-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген. Суфизм, ислам, дін философиясы мәселелерін зерттеумен айналысады. Фырат (Туркия) және Варшава университеттерінде дәріс оқыған. Малайзия, Швейцария елдерінде халықаралық ғылыми форумдарға қатысқан. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің штаттан тыс профессоры болып саналады. 2007-2009 жылдары ҚР ӘМ Діни істер комитетінің сараптама тобының мүшесі. ҚР БҒМ Философия және политология институтында докторлық диссертация қорғау жөніндегі Кеңес мүшесі.



**ТҰРСЫН ХАЗРЕТӘЛІ**

тарих ғылымдарының докторы

*Тұрсын Хазретәлі Маханұлы* 1960 жылы Тәжікстан республикасы Қорғантөбе облысы, Пархар ауданында дүниеге келген. 1967-1977

жылдары Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Красная звезда ауылындағы №52 орта мектепте оқып, еңбек жолын жұмысшы болып бастаған.

1978-1983 жылдары Шымкент педагогика институтының тарих факультетінде оқып, тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, тәрбие ісінің методисі мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Институт қабырғасында жүріп Сыр әдеби бірлестігіне басшылық жасаған. 1983-1991 жылдары Жаңақорған ауданындағы орта мектептерде, аудандық комсомол комитетінде, Білім қоғамы аудандық бөлімшесінде, аудандық партия комитетінде, Қазақ тілі қоғамы аудандық бөлімшесінде қызмет істеді. 1992-1994 жылдары №52 Красная звезда орта мектебінде директор, 1994-1996 жылдары Жаңақорған ауданы әкімшілігі Тіл басқармасының бастығы, 1996-2000 жылдары №86 Шалқия орта мектебінің директоры қызметтерін атқарды. 1994-1999 жылдары Жаңақорған аудандық мәслихатының депутаты.

2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, 2002 жылы қыркүйегінен осы кезге дейін Қазақстан тарихы кафедрасының доценті. 2005-2006 жылдары аға ғылыми қызметкер болып ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысты. 2007 жылы Түркістан қаласы Әкімінің Жылдың үздік ғалымы номинациясы бойынша марапатталған.

Х.Тұрсын ғылыми ізденіс жұмыстарына студенттік жылдарынан араласты. Оның осы салаға қызығушылығына Шымкент педагогика институтының ғалымдары Р.Бекназаров, М.Ауанасовтардың және ұстаздары К.Нұрпейіс, М.Х.Асылбеков, Е.Б.Сыдықов, Х.М.Әбжанов, Қ.Алдажұмановтардың ықпалымен ұлт тарихының дамуын ұлттық мүддемен байланыстырған алаштанушы болып қалыптасты. Осы кезге дейінгі аралықта оның қаламынан туған тарих, этнология саласында монография, оқулықтармен бірге 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және әдеби мақалалары, «Құрбан ата тағлымы» (1993), «Бегайдар Жантөреұлы Аралбаев» (1996), «Билердің соңғы тұяғы» (2010) кітаптары жарық көрді.

Х.Тұрсұн ҰҒА академигі, профессор Кеңес Нұрпейістің жетекшілігімен 2001 жылы 21 қыркүйегінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жанындағы Диссертациялық кеңесте «Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреуі (1917-1918)» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты» (2006) атты монографиясы жарық көрді. К.Нұрпейістің кеңесшілігімен 2007 жылы 27 қыркүйегінде «Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1900-1924)» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2010 жылы 23 қыркүйегінде Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің жанындағы Диссертациялық кеңесте т.ғ.д., профессор

Е.Б.Сыдықовтың ғылыми кеңесшілігімен «Түркістанның этносаяси үдерістеріндегі ұлттық элита қызметінің тарихы (XX ғасырдың алғашқы ширегі)» тақырыбында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қайта қорғады.

Х.Тұрсын Алматы, Мәскеу, Ташкент қалалары мұрағаттарының Алаш және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының қайраткерлері және олардың тарихи қызметтеріне қатысты көптеген деректік құжаттарын ғылыми айналымға ұсынды. Түркістан ұлттық элитасының Қ.Ибрагимов, С.Өтегенов, С.Алдабергенов, Қ.Қожықов, С.Ақаев, И.Тоқтыбаев, Б.Аралбаев, Н.Сатығұлов, Ә.Оразаев сияқты қайраткерлерін тұлғаландырды. М.Шоқай, С.Лапин, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың ғылыми өмірбаянын тың деректермен толықтырып, олардың қоғамдық-саяси қызметіне ұлттық мүддеге қатыстылығына қарай бағалаған жаңа көзқарас орнықтырды. Оның «Тарихи шындық ешкімнің меншігі емес», «Мекемтас ағаға хат немесе ұлттық элита рухсыздығының түп-тамыры қайда?», «Ақ жол» газетін жапқан кім, жапқызған кім?», «Ақ жол» газеті және Т. Рысқұлов», «Алаштың ақиқатын қашан айтамыз, қалай айтамыз?» (2008 ж.) атты мақалаларында, «Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты» атты жинағында (2011 ж.) отан тарихының мазмұнын ұлттық мүддеге сай толықтыру және жаңалаудың әдіснамасын негіздеген ғылыми тұжырымдары баяндалды.

Х.Тұрсын алғашқылардың бірі болып отандық тарих ғылымының мәселелерін элиталық көзқарас тұрғысында қарастырудың теориялық-әдіснамалық тәсілін және Алаш қозғалысының Оңтүстік қанаты жөнінде ғылыми тұжырымдамасын негіздеді. Бұл жаңалықтар Алаш қозғалысының тарихнамасына елеулі үлес болып қосылды. Ғылыми-педагогикалық қызметі барысында дайындаған «Мектепте тарихты оқыту әдістемесі» (2004, 2010) оқу құралы республиканың жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Тарихи таным мен тарихи сана қалыптастыру тақырыбындағы әдістемелік мақалалары республикалық басылымдарда жарық көрген.

## АЛТАЕВ БОЛАТТЕМІР

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Алтаев Болаттемір Әмірұлы* 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданында дүниеге келді. 1978 жылы орта мектепті бітірген соң өзінің туған ауылында, С.Сейфуллин атындағы колхозда жұмыс істеді. 1980-1985 жылдары Шымкент педагогика институтының тарих және

педагогика факультетінде оқыды. 1985-1990 жылдары Төлеби аудандық халыққа білім беру саласында қызмет атқарды. 1990-1993 жылдары Алматы қаласындағы ҚР ҰҒА тарих және этнология институтының аспирантурасында оқып, 1994 жылы тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін «Оңтүстік Қазақстан облысының этно-экономикасы» деген тақырыпта диссертация қорғады. 1994-2002 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімінің жалпы тарих кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, доценті қызметтерін атқарды. 2002-2005 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің Жалпы тарих кафедрасының доценті, 2006-2012 жылдары М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-да саясаттану кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Б.Алтаев үш ғылыми монография, жеті оқу құралы, ондаған ғылыми әдістемелік оқу құралдары, екі жүзге жуық ғылыми мақалалар жариялады. Б.Алтаевтың ғылыми еңбектері алыс және жақын шетелдерде (Франция, Россия, Украина, Өзбекстан т.б.) арнайы басылымдарда жарияланған.

Б.Алтаев 2005 жылдан Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Республикалық, облыстық басылымдарда ғылыми көпшілік мақалалар жариялап тұрады.

## АГМАНОВА АТИРКУЛЬ

доктор филологических наук, профессор



*Агманова Атиркуль Егембердиевна* родилась в 1961 году в г. Чимкент. Окончила филологический факультет Чимкентского пединститута с отличием, проходила научную стажировку (1983-1985 гг.), затем обучалась в аспирантуре (1985-1988 гг.) КазГУ. С 1988 по 1992 гг. работала в НИИ педнаук им. И.Алтынсарина младшим, затем – старшим научным сотрудником. В 1990 г. успешно защитила кандидатскую диссертацию на тему «Лексикографическое оформление отглагольных суффиксальных существительных со значением носителя процессуального признака в русско-казахских словарях». В 1997 г. ей было присвоено ученое звание доцента.

С 1992 г. по 1998 гг. работала в КазГУ им. аль-Фараби и прошла путь от старшего преподавателя до заведующего кафедрой казахского и русского языков для иностранных граждан. В 2000 г.

поступила в докторантуру КазНУ им. аль-Фараби, окончив которую работала в ПГУ им. С.Торайгырова доцентом кафедры русской филологии и старшим научным сотрудником центра «История и этнография края» им. Е. Бекмаханова.

С октября 2003 г. по апрель 2004 г. Атиркуль Егимбердиевна работала проректором по учебной и научной работе Многопрофильного гуманитарно-технического университета (г. Караганда). С мая 2004 г. по май 2007 г. – профессора кафедры «Журналистика и русская филология» Павлодарского университета (ныне Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар). С июня 2007 по август 2008 г. – доцент кафедры русского языка и литературы Павлодарского государственного педагогического института.

С сентября 2008 г. по настоящее время – профессор кафедры русской филологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. В мае 2008 г. защитила докторскую диссертацию «Предикатоцентрическая теория усвоения второго языка» по специальности 10.02.19 – теория языка. В 2011 г. ей присвоено ученое звание профессора.

В круг научных интересов А.Е. Агмановой входит овладение вторым языком (когнитивные, психолингвистические, социолингвистические, лингводидактические аспекты), исследование лингвистической сущности предикативности и проблемы усвоения предикационных знаний, двуязычная лексикография, сопоставительное изучение русского и казахского языков.

За заслуги в деле подготовки квалифицированных специалистов, высокие достижения в научно-исследовательской работе, многолетнюю плодотворную профессиональную и активную общественную деятельность награждена знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2006 г.), Почетной грамотой Министерства образования и науки Республики Казахстан (2005 г.), ей присуждены «Государственная научная стипендия для выдающихся исследователей и молодых ученых» (1996 г.), по результатам конкурса учебников для иноязычных граждан – грант Фонда «Сорос-Казахстан» (1996 г.).

А.Е. Агманова имеет более 100 опубликованных работ, в том числе 1 монография, разделы в 2 коллективных монографиях, 1 учебник, 2 учебных пособия, 3 методических разработки, более 90 статей и тезисов докладов.



## КАДЕЕВА МАЙРА

кандидат филологических наук, доцент

*Кадеева Майра Исаковна* родилась в 1963 году в городе Шымкенте. Закончила СШ № 15 г. Шымкента. С 1980 по 1984 гг. обучалась на филологическом факультете Чимкентского педагогического института по специальности «Русский язык и литература». На третьем курсе (в течение V семестра) была направлена на учебу в Черкасский государственный педагогический институт (Украина). В 1984 г. получила диплом с «отличием» и была направлена Министерством образования КазССР на работу на кафедру русского языка Чимкентского педагогического института.

С 1984 по 1989 гг. проходила в Москве двухгодичную научную стажировку, затем очную аспирантуру в Институте русского языка Академии наук СССР. В 1989 году под руководством ведущего научного сотрудника отдела культуры русской речи ИРЯ АН СССР д.ф.н. Л.К. Граудиной ею была защищена диссертация по теме «Вариативность в группе потенциальных pluralia tantum (нормативный аспект)» (г. Москва) и присвоена ученая степень кандидата филологических наук.

По окончании аспирантуры с 1990 по 1994 гг. работала по направлению Министерства образования КазССР старшим преподавателем кафедры методики преподавания русского языка и литературы в национальной школе КазПИ им. Абая (г. Алматы).

С сентября 1994 г. по сентябрь 2011 года работала на кафедре русского языка и мировой литературы Шымкентского института МКТУ им. А. Ясави. В 1997 г. получила звание доцента языкознания.

Закончила работу над докторской диссертацией «Лингвофилософские и этнокультурологические аспекты языковой нормы». Имеет более 160 опубликованных научных статей, учебных и учебно-методических пособий, автор ряда электронных учебников и компьютерных программ по русскому языку для студентов. Сфера ее научных интересов охватывает теорию и практику современного русского языка, речевой культуры, компьютеризации преподавания языковых дисциплин.

В настоящее время работает доцентом кафедры русской филологии в Евразийском государственном университете им. Л.Н. Гумилева (г. Астана).



**РУСТАМБЕКОВА МҰХАББАТ**

педагогика ғылымдарының кандидаты

*Рустамбекова Мұхаббат Ерубайқызы* 1962 жылы туған. 1980-1985 жылдарда

Шымкент педагогика институтын тарих және қоғамтану мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын орта мектепте мұғалім болып бастады. Білім беру саласында 2008 жылға дейін еңбек етті. 2008 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жалпы тарих кафедрасында оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарып келеді.

2006 жылдан бастап «Саттар Ерубаевтың шығармашылық мұрасындағы адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық негіздері (тарихи бағыт)» деген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде бүгінгі таңда 16 ғылыми еңбегі жарық көрді. 2010 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Қазіргі таңда жоғарыда аталған оқу орнында ғылыми педагогикалық қызмет атқаруда.

## ЖОРАБЕКОВ СЕРІК

ҚР Мәдениет қайраткері



*Жорабеков Серік Құлышұлы* 1963 жылы Түркістан қаласы, Абай кеншарында туылған. 1980 жылы Абай орта мектебін бітірген. 1985-1990 жылдары Шымкент педагогикалық институтын көркем сурет және графика мамандығы бойынша үздік бітірген. 1990 жылдан Шымкент педагогикалық институтында сұңғат және сурет пәндерінен дәріс берген.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің концерттік бірлестігі, көркем-сурет галереясының жетекшісі болып қызмет атқарған. Облыстық, республикалық және шетелдік көрмелерге үзбей қатысып, бірнеше көрмелерде жүлдегер атанып, марапатталған.

Елбасымыздың резиденциясында «Ғасырлар үні» (триптих), «Абылайхан» және «Төрт қақпалы Түркістан» атты туындылары ілулі тұр. Қазақ өнеріндегі алғашқы «Қазақ елі» картина эпопеясын жасауға қатысқан белді суретші.

С.Қ. Жорабеков 2012 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысы Суретшілер одағының төрағасы.

## ДЕЦИЕВ БИСОЛТ



*Дециев Бисолт Османұлы* 1964 жылы Шымкент қаласында дүниеге келді. 1983-1989 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқыды.

Б.О.Дециев Әлем кубогының 4 дүркін иегері. 1987 жылы Албания-АҚШ, 1989жылы Фредерикштат-Норвегия, 1990 жылы Готенбург-Швеция, 1991 жылы Тессалоники-Греция, 1988 жылы Еуропа чемпионы (Колбот – Норвегия) атанды. Әлемнің үздік балуаны ретінде «Гран придің» Будапешт (1989ж.) 1990, 1991жылдардағы КСРО 2 дүркін жеңімпазы атанды. КСРО халықтар достығы спартакиадасының жеңімпазы (1991ж.), Шымкент қаласының Құрметті азаматы.

## САТЫБЕКОВА ЭЛЬМИРА

социология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Сатыбекова Эльмира Сұлтанбекқызы* 1964 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1981 жылы Шымкент қаласындағы №8 орта мектепті бітірді, 1986 жылы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1990 жылы тарих және қоғамтану мамандығы бойынша біліктілік алып шықты.

Э.Сатыбекова еңбек жолын 1990 жылы ҚР ҰҒА тарих, археология және этнография институтында ізденуші болып бастады. 1991-1993 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың социологиялық лабораториясында инженер-социолог қызметін атқарды. Қазіргі уақытта Академиялық инновациялық университеттің философия кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді.

2004 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ диссертациялық кеңесінде кандидаттық диссертация қорғады.

Э.Сатыбекова - жиырмадан астам ғылыми мақалалардың авторы. Сондай-ақ ол ОҚО Әкімі жанындағы «Отбасы және гендерлік саясат» жөніндегі комиссияның және ОҚО әкімдігінің ішкі саясат департаментінің тапсырысы бойынша әлеуметтік зерттеулерге арналған бағдарламалар әзірледі. Э.Сатыбекова Қазақстан

социологтарының I және II Конгрестеріне қатысып, баяндамалар жасады.

## ЖАҚЫПБЕКОВА ГҮЛНӘР

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Жақыпбекова Гүлнәр Төреханқызы* 1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Жаңабазар селосындағы М.Горький атындағы орта мектепті бітірді.

1982-1987 жылдары Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқып, оны математика және физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1987-1993 жылдары Шымкент облысы, Қазығұрт ауданы, М.Горький атындағы №3 лицей-мектебінде математика, физика, информатика пәндерінің мұғалімі қызметтерінде болды. 1993-1994 оқу жылында Шымкент педагогикалық институты алгебра, информатика және есептеу техникасы кафедрасында оқытушы қызметін атқарды. 1994-1996 жылдары аспирантураны оқыды. 1996-2000 жылдары аталған оқу орнының информатика және есептеу техникасы кафедрасында оқытушы қызметін атқарды.

2000 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде «Математика сабақтарында дидактикалық бірліктерді ірілендіру әдісін пайдаланып оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2000-2005 жылдары информатика және есептеу техникасы кафедрасында аға оқытушы, 2002-2006 жылдары бағдарламалау және есептеу техникасы кафедрасының меңгерушісі, аталған кафедраның доценті қызметінде болды. 2007-2010 жылдары ақпараттандыру кафедрасының доценті қызметін атқарды.

Г.Жақыпбекованың 60-тан астам мақалалары мен оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. Оның 2010 жылы баспадан шыққан “Информатиканы оқытудың жалпы әдістемесі” атты оқу құралы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен типтік бағдарлама негізінде жазылып, информатиканы оқыту әдістемесі пәнінен қазақ тіліндегі әдебиеттер қатарын толықтырды.

## ҚАБЫЛБЕКОВА ЗАУРЕТ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор.



*Қабылбекова Заурет Бердіқұлқызы* Шымкент педагогикалық институтының түлегі, 1985 жылы тарих және педагогика факультетін үздік бітірген. Студент кезінде осы факультеттің комсомол ұйымының төрайымының, институттың ВЛКСМ комитетінде белсенді қоғам жұмыстарын атқарған.

Еңбек жолын Түркістан қаласының №15, Шымкент қаласының №44, №50 орта мектептерінде бастаған. ҚР ЛКСМ Түркістан қалалық комитетінде жалғастырып, 1993 жылдан бастап ЖОО саласында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде оқытушы, доцент, профессор, психология және дефектология кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс атқарған. Қазіргі кезеңде Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі.

2002 жылы Астана қаласында педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін, ал 2010 жылы Шымкент қаласында педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

З.Б.Қабылбекованың 100-ден астам ғылыми еңбектер, соның ішінде 1 монография, 20-дан астам оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар, 70-тен астам ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген.

2002 жылдан бастап ОҚО әкімшілігінің Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту Орталығының белсенді оқытушысы. «Қазақ психологтар Ассоциациясы» Қоғамдық бірлестігі Шымкент филиалының директоры.

ОҚО және Шымкент қаласында психологиялық курстарды қазақ және орыс тілдерінде ұйымдастырып, сонымен қатар өз білімін үнемі жетілдіруде. Атап айтқанда, практикалық психология (Мәскеу,

Алматы,1990), ICMA проекті бойынша Қазақстанда жергілікті басқару ісін дамыту (Алматы, 2002), «МС ИСО 9000:2000. Менеджмент сапасының жүйесі» (РГКП ОҚМУ,2005), Евразиялық мемлекеттік қызметкерлерді оқыту орталығының «Адам ресурстарын басқару» (Астана,2006, үздік сертификат), Европалық Психотерапия Ассоциациясының Трансперсональный интенсив (Пермь-Шымкент, 2006), Әл-Фараби ат.КазМУ-да біліктілікті жоғарылату, 2010-2012 жылдары Қазақстан Психоанализ Ассоциациясының, т.б. курстарын тәмамдаған.

З.Б. Қабылбекова «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері (1998ж.).

ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері (2008ж.).

Облыстық және қалалық әкімшілігінің, ҚР балалар құқығын қорғау комитетінің, Балалар құқығын қорғау департаментінің, ОҚО білім беру департаментінің алғыс хаттарымен марапатталған.



## ӘШІРОВ ШАДИЯР

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Әшіров Шадияр Алдиярұлы* 1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы, Ғ.Мұратбаев атындағы кеңшарда жұмысшы отбасында дүниеге келді.

1973-1983 жылдары өзі туып-өскен ауылындағы XXI партсъезд атындағы мектепте оқып, оны үздік бітірді. 1983-1985 жылдары Эстонияның Таллин қаласында әскер қатарында азаматтық борышын өтеді.

1987-1992 жылдары Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқыды. 1993-2002 жылдары өзі білім алған институтта оқытушылық қызмет атқарды.

1998-2004 жылдары Абай атындағы Қаз ҰПУ диссертациялық кеңесінде 07.00.02-Отан тарихы мамандығы бойынша т.ғ.д., профессор Ә.Н.Құдайбергеновтің жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп, 2004 жылы «1976-90 жылдардағы Жоғарғы білім беру жүйесінің дамуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

2002-2007 жылдары Отырар университетінде қызмет етті. 2007 жылдан бері Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінде оқытушылық қызмет атқаруда. Ол оқытушылық қызметпен қатар әр

жылдары деканның орынбасары, факультет деканы, кафедра меңгерушісі, проректор қызметтерін атқарды.

Ш.Әшіровтің 4 оқу құралы және 40-тан астам ғылыми мақалалары жарияланған.



## КАЛАДИНОВ ОКТЯБРЬ

ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты

*Каладинов Октябрь Ибрашұлы* 1967 жылы Қызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1985 жылы орта мектепті бітіріп, «Аралрыбпром» мекемесінде жұмысшы қызметінен бастаған. 1986-1988 жылдары Совет армиясы қатарында әскери борышын өтеп, сержант шенін алды. 1988-1990 жылдары «Аралрыбпром» шаруашылық цехында жұмысшы қызметін жалғастырған.

1990 жылы М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1995 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университетінің Шымкент бөлімшесінің химия- биология мамандығы бойынша біліктілік алып шықты. 1995 жылы осы университеттің бейорганикалық химия кафедрасында оқу шебері, машықтанушы-ізденуші қызметтерінде болды.

1999-2001 жылдар аралығында осы университеттің аспирантурасында оқыды. 2001 жылдан бастап биология кафедрасында аға оқытушы, жаратылыстану факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап «Оңтүстік, Батыс ғылыми – өндірістік ауыл шаруашылық орталығы» мекемесінде ізденуші болып, өзінің ғылыми жұмысын бастады. 2008 жылы «Селекционные аспекты разведения черных каракулевых овец жакетного смушкового типа в условиях Приаралья» атты тақырыбында «Разведения, селекция, генетика и воспроизводство сельскохозяйственных животных» мамандығы бойынша диссертация қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 2008 жылы Академиялық Инновациялық университеттің сырттай оқу факультетінде деканның орынбасары, 2009 жылы күндізгі оқу факультеті деканының орынбасары қызметтерін атқарды.

2011 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды.

2012 жылдың қаңтар айында Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеттің химия, биология және экология кафедрасына аға оқытушы болып ауысты.

## КАЗОРИНА ИРИНА

### журналист газеты «Южный Казахстан»



*Казорина Ирина Юрьевна* родилась в 1967 году в городе Ленгер. Отец Юрий Казорин и мать Нина Казорина – журналисты.

После окончания СШ № 9 имени Кирова г. Чимкента в 1984-ом году поступила на филологический факультет Чимкентского педагогического института, где принимала активное участие в общественной жизни факультета, была членом студенческого строительного отряда.

С 1989 по 1994 гг. работала воспитателем в логопедической группе специализированного детского сада № 28 г. Шымкента. С октября 1994 г. – корреспондент газет «Сегодня», «АКТ», «Своя газета». С 1996 по 2000 гг. – редактор криминальной газеты «АКТ». С 2000 по 2003 гг. – корреспондент областной газеты «Южный Казахстан», редактор газеты «48 часов». В течение последующих двух лет работала собственным корреспондентом республиканской газеты «Новости недели», «Суббота плюс», в 2005г. – журналистом телеканала «АРТ студия». С сентября 2005 г. по февраль 2008 г. – редактор газеты «Рабат». С сентября 2008 г. и в настоящее время – журналист газеты «Южный Казахстан», внештатный корреспондент газеты «Взгляд», информагентства «Фергана.ру».

Награждена благодарственными письмами акимов области Б. Сапарбаева, У. Шукеева, Н. Ашимова, А. Мырзахметова. В 2010 – победитель в номинации «Журналистское расследование». Награждена медалью к 10-летию Конституции Республики Казахстан.

## ОМАРОВ ТОҒАТАЙ

филология ғылымдарының кандидаты



*Омаров Тоғатай Қалтайұлы* 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Көкмардан ауылында дүниеге келген. 1974-1984 жылдары сол ауылдағы Ильич атындағы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын аталған совхоздың механикалық цехында көлік жөндеушісі болып бастаған.

1985-1987 жылдары әскери борышын өтеп келген соң, 1989 жылға дейін Көкмардан ауылдық құрылыс цехында жұмысшы болып істеген.

1989 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп, жас маман ретінде филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырылған.

1995-1998 жылдары Отырар ауданы, Шәуілдір ауылындағы №36 кәсіптік-техникалық училищеде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған. 1999-2000 жылдары Шымкент қаласындағы «Мұрагер» институтында аға оқытушы, 2000-2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде аға оқытушы болып қызмет істеген.

2004 жылдан бері М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Практикалық қазақ тілі» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет атқарып келеді.

Т.Қ.Омаров 2008 жылы ҚР ҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Омаровтың жетекшілігімен «XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 30-дан аса ғылыми мақалалардың авторы. Сондай-ақ «Жазушы Төлен Әбдіқұлының шығармашылық әлемі» атты көмекші оқу құралы 2007жылы, «Қазақ тілі пәнінен практикалық сабақтарды жүргізуге арналған жаттығулар жинағы» әдістемелік нұсқау 2009 жылы, «XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» атты монографиясы 2009 жылы жарық көрген.

## ҚАРСЫБАЕВ БАСТАРБЕК

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Қарсыбаев Бастарбек Тоқтарұлы* 1968 жылы Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, Восход кеңшарында дүниеге келген.

1989-1994 жылдары М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын (кейіннен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтын) инженер-педагогика факультетін жалпытехникалық пәндер және еңбек мамандығы бойынша, 2000 жылы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген.

Еңбек жолын 1994-1997 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында оқытушылық қызметтен бастаған. 2000 жылдан бастап Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінде ректордың көмекшісі, компьютер орталығының меңгерушісі қызметтерін атқарып, 2006 жылдан бастап сыртқы қатынастар және коммерция жөніндегі проректор қызметін атқарып келеді.

2006 жылдың 3 шілдесінде Мәскеу қаласында Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің Д 212.154.03 диссертациялық кеңесінде "Развитие художественного творчества учащихся 5-7 классов на занятиях изобразительным искусством" деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

30-дан астам ғылыми еңбектері және 3 оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрген. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен марапатталған.



## АНАРБАЕВ ҚАЙРАТ

тарих ғылымдарының кандидаты

*Анарбаев Қайрат Сапарханұлы* 1968 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Рабат ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

1975 жылы Атбұлақ орта мектебінің табалдырығын аттап, аталған мектепті

1985 жылы аяқтады. 1985-1987 жылдары Қазығұрт ауданы Күйік асылтұқымды қой заводының шопаны болып еңбек етті. 1987-1989 Кеңес армиясы қатарында борышын өтеген.

1989 жылы М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, 1994 жылы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімшесін (бүгінгі ОҚМПИ) үздік дипломмен бітірген. 1994-1995 оқу жылдарында аталған ЖОО оқытушы болып қызмет етті. Кейінгі уақыттардан бүгінгі күнге дейін бұрынғы Шығыстану, қазіргі Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде қызмет жасап келеді. Қатардағы оқытушыдан бастап, кафедра меңгерушісі, бөлім басшысы, ЖОО жастар комитеті төрағасы, ОҚПУ тәрбие ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. Қазіргі таңда аталған ЖОО-ның «Қазақтану» этно-педагогикалық ғылыми зерттеу және білім беру орталығының директоры.

Қ.С.Анарбаев 1999-2009 жылдар арасында Отандық тарих ғылымында тұңғыш рет ортағасырлық жазба ескерткіш - «Кодекс Куманикусты» деректанулық тұрғыдан ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырып (ғылыми жетекшісі: ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Б.Е. Көмеков), «Ортағасырлық құман-қыпшақтар тарихының мәселелері («Кодекс Куманикус» материалдары бойынша) атты тақырыпта тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алу үшін қорғады (2009 ж.). Қырықтан аса ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары мен Дінтану негіздері пәні бойынша жалпы орта мектеп ұстаздарына арналған көмекші оқу құралы жарияланған.

ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан ұсынылған «9-11 ғғ. араб-парсы және түркі деректеріндегі көшпелілер өркениеті» (2009-2011жж.) және «Кодекс Куманикус» - тарихи-мәдени ескерткіш ретінде» (2012-2014 жж. арналған) атты ғылыми жобаларға орындаушы ретінде қатысып келеді. ОҚО әкімдігі жанынан құрылған лекторлар тобы мүшесі. ОҚО Ішкі саясат бөліміне қарасты әлеуметтік бастамалар бөлімінің жанынан құрылған діни әдебиеттерді сараптау комиссиясының мүшесі.

## БОТАБАЕВА ЖАННА



филология ғылымдарының кандидаты

*Ботабаева Жанна Нұралықызы* 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген.

1977-1987 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы № 32 орта мектепті бітірді. 1988-1993 жылдар

аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтын ұлттық мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын 1993 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтының әлем әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметінен бастаған.

2006 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесінде филология ғылымдарының докторы, профессор К.Сыздықовтың жетекшілігімен «Ш.Айтматов, К.Мұхамеджанов және М.Шахановтың әдеби-публицистикалық байланысы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Ж.Н.Ботабаеваның негізгі ғылыми-зерттеу жұмысы қазақ тілі мен әдебиетін дамытуға, филология мәселелерін ғылыми және әдістемелік тұрғыдан зерттеуге, әдебиеттердің өзара байланысын айқындауға бағытталған.

Ж.Н.Ботабаева 2006-2007 оқу жылынан бері Шымкент университетінде қызмет атқарып келеді. 2009-2010 оқу жылынан бастап гуманитарлы-педагогикалық факультеттің деканы қызметінде. Ж.Н. Ботабаеваның 30-ден астам ғылыми еңбектері бар. 2011 жылы қараша айында орыс тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған «Білім беру процесіндегі интерактивті технологиялар» атты оқу құралы жарық көрді. 2011 жылдың 28-29 қараша күндері Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде өткен «Жоғары білім берудің жалпыеуропалық кеңістігін қалыптастыру жолындағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдіснамасы» атты халықаралық оқыту семинарына қатысты, 2012 жылы 9-14 сәуір күндері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің біліктілікті арттыру институтында «Жоғарғы мектеп менеджменті» мамандығы бойынша 72 сағат көлемінде толық курсын тыңдап, міндетті оқу және ғылыми жұмыс жоспарын орындады.



## ЖУСИПОВА ГҮЛМИРА
биология ғылымдарының кандидаты

*Жусипова Гүлмира Тұрдықызы* 1970 жылы Ордабасы ауданы Қараспан кеңшарына қарасты Семхоз елді мекенінде дүниеге келген.

1986 жылы Қарағанды қаласындағы № 2 Н.Нұрмақов атындағы орта мектепті бітірген. 1986-1991 жылдары Шымкент

педагогикалық институтының күндізгі бөлімінде оқып, 1991 жылы химик-биолог мамандығы біліктілігін алған. Ұстаздық қызметін 1988 жылы ОҚО Ленгір ауданындағы Блинково орта мектебінде химия, биология пәндерінің мұғалімі болып бастаған. 1991-1992 жылдары Қарағанды облысы п. Осакаровкада химия, қазақ тілі пәндерінің мұғалімі. 1993-1994 жылдары ОҚО Сайрам ауданының С.Сейфуллин атындағы орта мектебінде химия, биология пәндерінің мұғалімі.

1994-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында жалпы биология кафедрасында аға оқытушы. 1998-2000 жылдары Қарағанды экономикалық университетінің заңгер мамандығы бөлімінде оқып, экономика саласын құқықтық реттеу біліктілігін меңгерді.

2008 жылдан бастап, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеттің химия, биология және экология кафедрасының меңгерушісі, 2009 жылы экономика және құқық сырттай оқыту факультетінің деканы қызметтерін атқарған.

2009 жылы Алматы қаласында Қазақ тағамтану академиясы жанындағы Біріккен диссертациялық кеңесте «Лактопероксидаза жүйесін белсендіру арқылы сүттің бактерицидтік фазасын ұзарту» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, гигиена мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған. 2010-2016 жылдар аралығында ХГТУ-нің жаратылыстану-техникалық факультетінде декан қызметі, 2016ж. ХГТУ оқу-ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды.

Г.Жусипованың 30-дан астам мақаласы ғылыми журналдарда жарияланды. 12 оқу-әдістемелік нұсқауы, 4 оқу құралы баспадан шыққан. Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетте қызмет атқару барысында химия, биология мамандықтарының материалдық-техникалық базасын нығайтуда аянбай еңбек етті. Университет ішінде мамандыққа қажетті 300 өсімдік қамтылған оранжерея ашты. Химиядан мамандандырылған мектеп зертханасын ұйымдастырып ашуға белсене қатысты. Өсімдіктер систематикасы пәні бойынша ОҚО өсімдіктерінің гербарий қорын дайындатып, арнайы оқу кабинетін ашты.

2019 жылдан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту бөлімінің басшысы қызметін атқаруда. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 31 жыл.

## ЕСЖАНОВА МАРЖАН

айтыскер ақын



*Есжанова Маржан* 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келді. 1995 жылы ХҚТУ Шымкент институтының филология факультетін бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде алғаш рет аудандық оқушылар айтысына қатысып, бас жүлдені иеленген. 1989 жылдан бастап аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға қатысқан.

Еңбек жолын М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасында лаборант болып бастады. 1990 жылы студенттердің облыстық айтысында бас бәйгені жеңіп алды. М.Мақатаевтың 60 жылдығы, Н.Оңдасыновтың 90 жылдығы, Молда Мұсаның 150 жылдығы, Райымбек батырдың 300 жылдығы т.б. республикалық деңгейдегі айтыстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді. 2005 жылы Байқоңыр қаласында өткен "Ұшқыр ойлар" атты республикалық айтыста бас жүлдені жеңіп алған. 2006 жылы ақпан айында Ақтау қаласында өткен "Асқарға баста - Ақорда" атты республикалық айтыста бас бәйгені иеленген. 2006 жылы қазан айының 27-28 жұлдызында Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында өткен Ж.Қуанышбаевтың 110 жылдығы мен желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған халықаралық айтыста жүлделі 1-орынды жеңіп алған.

М.Есжанова 1997 жылдан бастап «Қазақ поэзиясындағы желтоқсан оқиғасының көрінісі» атты ғылыми жұмыспен айналысып келеді. Ғылыми жұмысына қатысты халықаралық конференцияларда, республикалық ғылыми басылымдарда бірнеше мақалалары шыққан. 2006 жылы облыс әкімінің шешімімен «Жылдың ең үздік ақыны» атанды. 2007 жылы бастап дарынды балаларға арналған Б.Өтеп атындағы «Өнер» мектеп-интернатының директоры қызметін атқаруда.

2007 жылы облыстық мәслихаттың алғыс хатымен марапатталған. 2009 ж. I,II том «Айтыс» жинағының I, II томының авторларының бірі. 2011 жылдан бастап М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің магистранты.



## САПАРБАЕВА ҚАРЛЫҒАШ

филология ғылымдарының кандидаты

*Сапарбаева Қарлығаш Жылқыбайқызы* 1977 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Талапты ауылында дүниеге

келген. 1984 жылы аудан орталығындағы №4 мектеп-интернаттың 1-сыныбына қабылданып, 1994 жылы «Қоғам» орта мектебін үздік аттестатпен бітіріп шығады. Осы жылы Шымкент қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент филиалының филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курсына қабылданады. 1998 жылы аталған жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, Оңтүстік Қазақстан университетінің қазақ тілі және түрік тілі кафедрасына лаборант және оқытушы, 2001 жылы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтының қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қызметке қабылданған. 2005-2011 оқу жылдары аралығында Филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды.

2009 жылы 30 қазанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01 диссертациялық кеңесте филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Сәрсенұлы Ергөбектің жетекшілігімен 10.01.02 – Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «1950-1970 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік ізденістер (Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасы негізінде)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

2011-2012 оқу жылында қайта ашылып, қалпына келтірілген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы қызметінде болды. Қазір институттың филология факультетінің деканы. Қ.Сапарбаева 26 ғылыми мақаланың авторы, институт, қала, облыс көлемінде өтетін мәдени іс-шараларға белсене атсалысып, студенттерді дайындайды. «Халық ауыз әдебиеті», «Балалар әдебиеті», «Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Әдеби шығармашылық» пәндерінен дәріс жүргізеді.

## БЕГАЛИЕВА РАУАН

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Бегалиева Рауан Нармаханқызы* 1984 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылында дүниеге келді. 2001 жылы Темірландағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепті үздік бітірді.

2001-2006 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-

түрік университеті Шымкент институтының филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып, оны қызыл дипломмен аяқтады.

Еңбек жолын 2006 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті колледжінде педагогика және филология ПЦК-да қазақ тілі пәнінің оқытушысы қызметінен бастады. 2012 жылдың сәуір айынан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарушы қызметін атқаруда.

2010 жылы п.ғ.д., профессор Г.Еркебаеваның жетекшілігімен Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті жанындағы Д 14.61.27 Диссертациялық Кеңесте «Қазақ мектебіндегі 5-сынып оқушыларының тіл мәдениетін антонимдер сөздігі арқылы дамыту әдістемесі» деген тақырыпта диссертациясын табысты қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Р.Н.Бегалиева «Қажымұқан қағанаты», «Батамен бағың ашылсын» кітаптарының құрастырушысы, 5-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі антонимдерінің түсіндірме сөздігінің», 6-сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» атты электрондық оқулығының және 18 ғылыми мақаланың автор

## ҚАЙЫРБЕКОВА ҰЛБАЛА
филология ғылымдарының кандидаты



*Қайырбекова Ұлбала Жұматқызы* 1964 жылы Түлкібас ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын Ә.Науаи атындағы орта мектептен бастаған. 1991ж. М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтын үздік дипломмен бітірген. 1991 жылдан бастап Шымкент педагогика институты, кейінірек Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ және 2008 жылдан АИУ қазақ тілі кафедрасының оқытушысы болып қызмет атқарды. 1998-2001 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың аспирантура бөлімінде білім алып, ғылыми-зерттеу жұмысын жазумен айналысты.

2003ж. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ф.ғ.д., профессор Н.Авазбаевтың жетекшілігімен «Түркі лексикасын компонентті талдау (қазақ, түрік, өзбек тілдері материалдары негізінде)» деген тақырыпта 10.02.06-

түркі тілдері мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

2011 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педогогикалық институтының Қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасына аға оқытушы қызметіне қабылданды. Мамандықтың оқу жоспарын жасауда, студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасау және т.б. қоғамдық жұмыстарды атқаруда белсенділік танытып келеді. 4 магистрлік диссертацияға жетекшілік жасап, ғылыми бағыт-бағдар берді.

Ұ.Ж.Қайырбекова «Тіл білімі: теориялық және практикалық мәселелері» (2007), «Тілдік қатынас негіздері» (Шымкент, 2007), «Тіл біліміне кіріспе», «Когнитивті лингвистика», атты оқу құралдарының, 40-қа жуық ғылыми мақалалардың авторы.

«Қазақ тілінің семантикасы», «Қазіргі қазақ тілі» (лексикология), «Әлеуметтік лингвистика», «Ономастика мәселелері», «Іскерлік қазақ тілі», «Орфография және пунктуация», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Көркем мәтінге лингвистикалық талдау», «Жалпы тіл білімі», «Қазақ жазуының тарихы» пәндерінен дәріс береді.

## ТАНАБАЕВ ҒАЛЫМЖАН

филология ғылымдарының кандидаты



*Танабаев Ғалымжан Өміртайұлы* 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданының Әңгір ата ауылында дүниеге келді. 1992 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтын қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1992-1994 жылдар аралығында Төле би ауданындағы Абай атындағы орта мектепте мамандығына сәйкес қызмет істеді. 1994-1997 жылдары Қ.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институты аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыды.

2003-2006 жылдар аралығында Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінің филология пәндері кафедрасының аға оқытушысы болып жұмыс істеді. 2005 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.06.- түркі тілдері және 10.02.02.- қазақ тілі мамандықтары бойынша Д 53.38.01.

Диссертациялық кеңесінде «Қазіргі қазақ тіліндегі субъектив мәнді етістіктердің семантикалық құрылымы» атты тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім мен ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің 2005 жылғы 15 карашадағы шешімімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

2006-2007 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қазақ филологиясы кафедрасында аға оқытушы болып қызмет істеді. 2007-2011 оқу жылдары Қ. Ясауи атындағы ХҚТУ, одан соң АИУ-дың қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы. 2011-2012 оқу жылынан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы қызметінде. «Сапа-2009» семинарында үздік баяндамасы үшін және Астанада 2009-2010 оқу жылы ҚР БжҒМ Ұлттық тестілеу орталығының алғыс хатына ие болды.

«Іскерлік қазақ тілі», «Қазақ тілі» әдістемелік оқу құралы, 20-дан аса ғылыми мақаласы жарық көрген.

## ОРАЗБАЕВА ЭЛЬМИРА

филология ғылымдарының кандидаты



*Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы* 1971 жылы Төлеби ауданында дүниеге келген. 1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімінің филология факультетін үздік бітірген.

Э.Б.Оразбаеваның авторлығымен мемлекеттік тілді меңгерту жолдарына арналған «Мемлекеттік тілді менгертуде жүргізілетін бақылау жұмыстары» (2002ж), «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін лексикалық минимум» (Д.Молдалиевамен бірге, 2003ж), «Мемлекеттік тілді меңгертуге арналған тест тапсырмалары» (2005 ж), «Мемлекеттік тілді үйретуде жүргізілетін тестер» (2006ж), «7-сыныптың қазақ тілі сабақтарында тіл ұстарту» (А.Жапбаров, Г.Мұратбековамен бірге), «Қазақ тілінен тест тапсырмалары» (Б.Ысқақ, Г.Мұратбековамен бірге), «Қазақ тілі» (Б.Ысқақпен бірге) атты оқу-әдістемелік құралдар және «Мәтінге байланысты жүргізілетін

жұмыс түрлері», «Мемлекеттік тілді меңгертуде саясаттану терминдерімен жүргізілетін жұмыстар», «Іс қағаздарына байланысты тіл дамыту жұмыстары», «Студенттерді кәсіби бағытта оқыту» т.б. мақалалар жариялаған.

2010 ж. ҚР БжҒМ Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ф.ғ.д., профессор Е.Ә.Керімбаевтың жетекшілігімен «Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарындағы жалқы есімдердің этномәдени, лингвостилистикалық, лингвоконцептологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта 10.02.02 – қазақ тілі мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

2011-2012 оқу жылынан Э.Оразбаева Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы болып істейді және «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу», «Іскерлік қазақ тілі», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Ономастика мәселелері» пәндерінен дәріс береді.

## БАЙҒҰТОВА ДИНАРА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Байғұтова Динара Нышанқызы* 1978 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық ауылында дүниеге келді. 1983-1994 жылдары Әлішер Науаи атындағы орта мектепте оқып, үздік бітіріп шықты.

1994-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімі филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімінде оқып, оны қызыл дипломмен аяқтады. Еңбек жолын 2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтының түркітаным кафедрасында оқытушы болып бастады.

2004-2005 оқу жылында филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды. 2005-2011 оқу жылдары түркітаным, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2011-2012 оқу жылынан Оңтүстік Қазақстан мемелекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. Осы жылдары республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген бірнеше ғылыми іс-тәжірибелік конференцияларды жоғары деңгейде

ұйымдастырды (Атап айтқанда, Әділ Ермековтің, А.Байтанаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған және т.б. конференциялар).

2003 жылы көрнекті ғалым, ф.ғ.д., профессор Т.Сайрамбаевтың жетекшілігімен Қазақтың Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институты жанындағы Диссертациялық Кеңесте «Қазіргі қазақ тіліндегі меңгеру байланысу формасы, аясының кеңеюі мен тарылуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2007 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен доцент ғылыми атағы берілді.

Д.Н.Байғұтова «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ тілінің стилистикасы» пәндерінен дәріс береді. 40-қа жуық мақалалары мен «Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері» (2004), «Қазақ тілінен тест тапсырмалары», 5-сынып (2003), «Қазіргі қазақ тіліндегі меңгеріле байланысқан сөз тіркестері» монография (2006) деген еңбектері бар.

## КҮМІСБЕКОВА ДИНАРА

тарих ғылымдарының кандидаты



*Күмісбекова Динара Аманқұлқызы* 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Тоғыс бекетінде дүниеге келген.

1988 жылы Шымкент қаласындағы№24 орта мектепті бітіріп, осы жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих және педагогика факультетіне оқуға түсті. 1993 жылы Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің шымкент бөлімін тарих және педагогика мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді.

Еңбек жолын 1993 жылы Қазақ-химия технологиялық институтының Қазақстан тарихы және саясаттану кафедрасының оқытушысы қызметінен бастады. 1996-1999 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аспирантурасында оқыды. 1999-2001 жылдары “ҚАЗақпарат” баспа корпорациясының вице-президенті қызметін атқарды. 2001-2004 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы қызметінде болды. 2004-2007 жылдары М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Шымкент филиалының жалпы білім беру пәндері кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды. 2007-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент

институтының бүкіләлем тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды.

Д.А.Күмісбекова 2007 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Д14А.01.26 диссертациялық кеңесінде 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша "Қазақ Орталық Атқару комитетінің кеңестік тоталитарлық мемлекеттік жүйенің қалыптасуы жылдарындағы қызметі (1920-1938 жж.)" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2008-2009 жылдары Алматы қаласында "Алаш" тарихи-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, 2009-2011 жылдары Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институты мен Академиялық инновациялық университеттің Қазақстан және әлем тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Д.А.Күмісбекованың 4 оқу құралы, бірнеше оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулары және 40-тан астам ғылыми мақалалары жарық көрген. Ол 2008 жылы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудағы белсенділігі үшін Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығының алғыс хатымен марапатталған. Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушы студенттік командаларды ұйымдастырудағы еңбегі үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрмет грамотасымен және алғыс хатымен марапатталған.

Білім беру саласындағы жемісті еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесіне орай Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының алғыс хатымен және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының грамотасымен марапатталған.

Д.Күмісбекова 2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және әлем тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда.

## ЕСІМОВА АЙГҮЛ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Есімова Айгүл Бегенқызы* 1972 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. 1979-1989 жылдары Шымкент қаласында А.С.Пушкин атындағы №1 орта мектепте оқып білім алды.

1989 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих және педагогика факультетіне оқуға түсіп, оны 1994 жылы үздік

бітірді. 1995-1998 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих факультетінде қоғамдық қозғалыс және саяси партиялар тарихы кафедрасының аспирантурасында оқыды.

1999 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде «Демографические процессы в Казахстане в годы Великой Отечественной войны: политические, социально-экономические и культурные аспекты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1999-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының, Академиялық инновациялық университеттің саясаттану кафедрасында доцент м.а, доцент қызметінде болды. 2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының география және қоғамдық пәндер кафедрасының доценті қызметін атқаруда.

А.Б. Есімова ҚР БжҒМ жарияланған конкурста 2009 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері болды. Сонымен қатар ол Маккуртур фондының, INTAS ″EU-NIS″, CARTI халықаралық зерттеу гранттарының жеңімпазы. Жалпы ғылыми еңбегі – 82, оның ішінде 20 мақаласы шетелде жарияланған. А.Есімованың 2 монографиясы және 4 оқу құралы баспадан шыққан.

А.Б.Есімова Kingston University (Ұлы Британия) және Charles University in Prague (Чехия) университеттерінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Мәскеу, Будапешт, Прага, Баку, София қалаларында өткен халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Чехияның Charles университетінде және Болгарияның София университетінде магистранттарға және PhD докоранттарға лекциялар оқыды.

А.Есімова Қазақстан социологтары ассоциациясының, Ресей социологтары қоғамының және Қазақстан демографтары ассоциациясының мүшесі.



**ШУЛАНБЕКОВ БЕРКІНБАЙ**

ҚР Мәдениет қайраткері

*Шуланбеков Беркінбай Латифұлы* 1952 жылы Төлеби ауданы, Жаңажол ауылында дүниеге келді. 1970 жылы Ленгір қаласында №2 Ш.Уалиханов атындағы орта мектепті бітіріп, Ленгір қаласындағы аудандық мәдениет бөлімінде суретші қызметін атқарған. 1971 жылы Кеңес армиясы қатарына алынып, (Группа

Советский Войск Германия), Герман Демократиялық Республикасында әскери борышын атқарған.

1973-1977 жылдары Шымкент педагогика институтының Көркем сурет факультетін бейнелеу және сызу мамандығы бойынша үздік бітірген. 1991-1995 жылдары КазПУ-дің аспирантурасын бітірген. Шымкент педагогикалық институтында аға оқытушы, декан орынбасары, кәсіподақ ұйымының мүшесі қызметтерін атқарып келді.

2000 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, 2001 жылдан Ерікті Кәсіподақ ұйымының төрағасы. 2007 жылдан Казақстан Республикасы Мәдениет қайраткері. Бірнеше рет облыстық және қалалық көрмеге М.Әуезовтің «Портрет» мүсінін, «Балалық шақ» мүсінін, «Ана портреті» мүсінін жасаған. Көптеген графикалық жұмыстардың авторы.

Б.Л.Шуланбеков қазір Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының музыкалық білім және бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушы және кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарады.

## МАХАНОВА ГУЛЬБАНУ

кандидат филологических наук, доцент



*Маханова Гульбану Бисенбаевна* родилась в 1960 г. в с. Елтай Тарановского района Костанайской области.

В 1977г. закончила Краснооктябрьскую среднюю школу и поступила в Чимкентский пединститут им. М. Ауэзова на филологический факультет по специальности «Русский язык и литература».

Трудовую педагогическую деятельность начала в 1984 году учителем русского языка и литературы в школе им. А.С. Макаренко, а с 1985 по 1994гг. преподавала русский язык и литературу в гуманитарной школе-гимназии № 65 им. Ы. Алтынсарина г. Шымкента.

С сентября 1994 года работает на кафедре мировой литературы Шымкентского института МКТУ им. А.Ясави.

В 1997 году Гульбану Бисенбаевна Маханова защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук в Алматинском государственном университете им. Абая. В 2002 году ей присвоено ученое звание доцента. В настоящее время

работает на кафедре русского языка и мировой литературы Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Гульбану Бисенбаевна читает лекционные курсы, проводит практические занятия по истории русской и зарубежной литературы, по методике преподавания литературы и основам художественного перевода на русском и казахском отделениях филологического факультета, ведет элективные курсы и семинары, руководит выполнением дипломных и курсовых работ, педагогической практикой студентов.

Доцент Г.Б.Маханова ежегодно участвует в международных, республиканских и региональных научно-теоретических конференциях, имеет более ста опубликованных научных работ, среди которых монография, четырнадцать учебно-методических пособий. Студенческие научные работы, выполненные под ее руководством, отмечаются грамотами республиканского и областного значения, поощряются руководством вуза.

В круг научных интересов Гульбану Бисенбаевны входят взаимосвязь и взаимодействие литератур Востока и Запада, проблемы перевода художественных произведений, а также проблемы межкультурного общения, билингвизма и бикультурализма, методики преподавания русской литературы, вопросы литературоведения.

Гульбану Бисенбаевна Маханова поддерживает тесную связь с Южно-Казахстанским областным институтом непрерывного образования преподавателей, участвует в работе областных олимпиад и конкурсов творческих работ школьников. Научно-методическая деятельность связана с проблемами взаимосвязей и взаимодействия литератур.

Награждена благодарностями и грамотами вуза, факультета за плодотворную работу в деле подготовки педагогических кадров.

## САПАРОВА ЖАНАР

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты



*Сапарова Жанар Ілиясқызы* 1971 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын 1987 жылы Келес ауданы, Ғ.Мұратбаев атындағы кеңшарда жұмысшы болып бастады.

1987-1988 жылдары Мырзашөл СПТУ-ында лаборант болып қызмет істеді.

1989 жылы М.О. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға

түсіп, 1994 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімшесінің химия- биология мамандығы бойынша бітірді.

1995-2000 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шымкент институтында статист-методист. 2000-2010 жылдары осы университеттің биология кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді.

2004 жылдан Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында ізденуші ретінде кандидаттық диссертация тақырыбын алып, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысты.

2009 жылы «Сұрхандариялық сұр түсті қаракөл қойының аталық тізбелері ұрпағының сапасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Алғаш рет Қызылорда облысының жағдайында қабырға гүлді сұрхандария сұры, қола реңді қаракөл қойының асыл тұқымды малдарды өсіру және бірінші сортты елтірі сапасын арттырудың желілік жолмен өсіру әдісін жасап, өндіріске енгізді.

Қабырға гүлді сұрхандария сұры, қола реңді қаракөл қойының биологиялық және өнімді ерекшелігі бойынша 20-дан аса ғылыми мақалалары және 1 өндірістік нұсқау еңбегі жарық көрді.

2010-2011 жылдары Қ.А.Ясауи ХҚТУ Шымкент Институтында доцент міндетін атқарушы қызметінде болды. 2011 жылдың қыркүйек айынан бастап Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеттің химия, биология және экология кафедрасында аға оқытушы қызметін атқаруда.

## СӘРСЕМБАЕВА МАРИАНА

биология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Сәрсембаева Мариана Уәлиханқызы* 1971 жылы Кентау қаласында дүниеге келген. 1988 жылы Шымкент қаласында М. Мәметова атындағы №35 орта мектепті бітірді. Сол жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының химия және биология факультетіне түсіп, 1993 жылы химия және биология пәні мұғалімі біліктілігін алды.

Еңбек жолын 1993 жылы Шымкенттегі Дене шынықтыру педагогикалық институтында биология кафедрасының аға лаборанты болып бастады.

1994 жылдан Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында биология кафедрасының оқытушысы, ал 2006 жылы аға оқытушы лауазымына ауыстырылды.

2006 жылы Алматы қаласында 03-00-16- «экология» мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертация қорғады.

2011 жылы биология ғылымдары мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алды.

Ғылыми-әдістемелік еңбектерінің саны – 34, оның ішінде 16 оқу–әдістемелік және электронды құралы және 18 мақаласы бар. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 19 ж.

## ЖАҚЫПБЕКОВА МАХАББАТ

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Жақыпбекова Махаббат Жәнібекқызы* 1972 жылы Шымкент қаласында туған. 1987-1991 жылы Ә.Қастеев атындағы Шымкент көркем сурет училищесін суретші-көркемдеуші мамандығы бойынша оқып бітірді.

1992 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына түсіп, 1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімін бейнелеу өнері мамандығы бойынша бітірді.

М.Ж.Жақыпбекова 2000 жылы Ресейде Білім Министрлігінің Жалпы білім институтында “Научно-методические основы обучения технике коллаж на материале казахского народного искусства” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Еңбек жолын 1991 жылы Шымкент педагогикалық институтында оқытушы болып бастады. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ-да 16 ғылыми енбектері, оның ішінде 10 ғылыми мақала, 2 тезис, 4 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген

2011-2012 оқу жылынан М.Ж.Жақыпбекова Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының музыкалық білім және бейнелеу өнері кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады.

## ЖУМАГУЛОВА ЖАДЫРА

кандидат филологических наук



*Жумагулова Жадыра Жуматаевна* родилась в феврале 1972 на ст. Тимур Отырарского района Южно-Казахстанской области. С 1989 по 1994 гг. обучалась в Шымкентском институте Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясави, специальность «Русский язык и литература в национальной школе».

С 1995 г. Жадыра Жуматаевна работает в учебном отделе ШИ МКТУ им. А.Ясави, в 1996 г. переведена на должность преподавателя кафедры казахского языка, а в 1999 г. – на кафедру русского языка.

С 2003 по 2005 учебные годы работает заместителем декана филологического факультета ШИ МКТУ им. А. Ясави.

В апреле 2006 г. в Институте языкознания НАН Республики Казахстан им. Ахмета Байтурсынова под руководством к.ф.н., доцента К.К. Рысберген успешно защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук на тему «Лингвокультурологический анализ этносоциальных наименований казахского языка». Ею опубликовано 35 научных статей, 3 учебно-методических пособия.

Жадыра Жуматаевна Жумагулова имеет второе высшее образование: в 2006 г. окончила экономический факультет МКТУ им. А. Ясави, специальность – государственное и местное управление. В настоящее время работает на кафедре русского языка и литературы Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауезова.

## ЗОРИНА ОЛЬГА

журналист, арт-критик



*Зорина Ольга* – выпускница филологического факультета МКТУ имени А. Ясави (Чимкентского педагогического института, 1993 г).

Профессиональная деятельность Ольги Зориной началась с легкой руки ведущего педагога филфака Ислама Абдукаримова: защитив у него дипломную работу по произведениям писателей-диссидентов, она была рекомендована на работу в областную газету «Южный Казахстан».

Журналист, арт-критик, организатор многочисленных выставок, социальных проектов и акций. Сотрудничает с такими республиканскими изданиями, как газета «Новое поколение», сайт www.kazakh.ru, газеты «Корпорация», «Южный Казахстан», «Рабат», журнал «Статус».

Редактор культурологического журнала «ЮГ» (автор проекта – Бахыт Аширбаев, главный архитектор ЮКО).

Ольга Зорина – автор ряда художественных проектов по современному искусству (Алматы, Шымкент) и социальных проектов для детей по профилактике железо- и йододефицита и т.д . Организатор художественных выставок, куратор художников: Натальи Кашириной, Ержана Кудайбергенова, Саида Атабекова, Петра Зименса.

В период работы в газете «Южный Казахстан» стала куратором галереи современного искусства при областном историко-краеведческом музее. Одновременно работала в галерее и писала под разными псевдонимами о художниках, которые представляли этот первый в Шымкенте центр искусства. В том же центре была организована арт-группа «Кызыл трактор», получившая позже мировую известность.

С деятельностью этой креативной группы и знакомством со многими творческими личностями Южного Казахстана и Алматы связаны основные проекты и замыслы Ольги Зориной.

За особые заслуги в области журналистики награждена грамотой акима Южно-Казахстанской области, грамотой Южно-Казахстанского маслихата. Имеет сертификат арт-критика, выданного ЮНЕСКО, ряд грамот ЮНЕСКО и ООН за заслуги в организации международных выставок, в том числе, в Туркестане в период проведения юбилейных праздников, посвященных 1500-летию этого древнего города. Награждена грамотами ПРООН за организацию лучших мастер-классов по профилактике йододефицита и железоанемии в школах ЮКО, Алматы и Астаны.

Ольга Зорина – известный в Казахстане журналист с активной жизненной позицией, креативным мышлением и целеустремленным характером.

## БАҚЫТЖАН АЛДИЯР
белгілі ақын



*Бақытжан Алдияр* 1974 жылы Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында дүниеге келген. 1981-1991 жылдары орта мектепте оқыды. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ мектепаралық, ауданаралық түрлі байқауларға, жарыстарға қатысып, шығармашыл жастар өміріне белсене араласады. Өнерге деген қызығушылық Бақытжанды әдебиетші болуға итермелейді. 1992-1996 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімінің филология факультетінде оқып, оны қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіреді. Студент кезінде қазақ әдебиеті кафедрасы жанындағы «Сыр» әдебиет және өнер бірлестігінің жұмысына белсене қатысады. Ақындықтың алғашқы қадамын айтыс өнерінен бастайды. Қалалық, аудандық, облыстық айтыстарда жеңімпаз атанады. Институтты бітіргеннен бері Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бас маманы болып қызмет етіп келеді.

Б.Алдияр – Мәлік Ғабдуллин атындағы сыйлықтың иегері. Жазба ақындық өнерге біржола бет бұрған Бақытжан Алдияр жазба ақындардың мүшайраларына қатысып, республикалық, Халықаралық жарыстарда топжарып, бірнеше рет бас жүлдеге ие болған. Қазақстан Республикасының әдебиет саласындағы арнаулы стипендиясының екі дүркін иегері, өлеңдері төрт ұжымдық жинаққа енген. Қазақ лирикасында өзіндік қолтаңбасы бар ақын ретінде тарихи-философиялық тақырыптарды батыл көтеріп жүр. Өлеңдері ұлттық рухани дүниетаным, жауанмәрттілік, қазақи болмыс тақырыптарына жазылған.

Б.Алдиярдың «Көзайым», «Сезім кілті», «Құбыла» атты жыр жинақтары жарыққа шыққан.

## ИБРАЕВА ЛЯЗЗАТ

кандидат педагогических наук



*Ибраева Ляззат Бостановна* родилась в 1974 году в г. Шымкенте. После окончания средней школы № 8 им. В.И. Ленина в 1990 году поступила на филологический факультет Чимкентского педагогического института по специальности «Русский язык и литература», который в 1995 году окончила с отличием. С 2002 по 2004 гг. – аспирант кафедры педагогики высшей школы Московского педагогического государственного университета. В 2004 году защитила диссертацию на тему «Изучение иностранного языка в педвузе как фактор гуманистического развития личности будущего педагога» по специальности 13.00.08 – теория и методика профессионального образования на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. В настоящее время возглавляет офис регистратора Международного гуманитарно-технического университета (г. Шымкент).

Л.Б. Ибраева участвует в международных, республиканских научно-теоретических конференциях, имеет более 30 опубликованных научных работ, среди которых учебно-методические пособия, научные статьи. Ляззат Бостановна активно занимается повышением профессиональных навыков и умений, имеет 6 сертификатов, подтверждающих обучение на курсах повышения квалификации (г. Москва, (Россия), Алматы, Астана, Шымкент (Казахстан).



## ЖАППАРҚҰЛОВА АНАР

филология ғылымдарының кандидаты

айтыскер ақын

*Жаппарқұлова Анар Әбусайылқызы* 1977 жылы Отырар ауданында дүниеге келген. 1998 жылы Қ.А.Ясауи атындағы

ХҚТУ Шымкент институтының филология факультетін бітірді. Мектеп қабырғасында жүргеннен бастап аудандық, облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып келеді. 1992-1994 жылдары аралығында халық ақыны Әселхан Қалыбекова жүргізген ақындар мектебінен тәлім алған. Ол І.Жансүгіровтің 90 жылдығына, Қырғызстанда өткізілген Манас батыр дастанының 1000 жылдығына, Алпамыс батыр дастанының 1000 жылдығына, Оралхан Бөкейдің 60 жылдығына орай өткізілген республикалық, халықаралық айтыстардың бас жүлдегері болды. С.Ерубаевтың 80 жылдығына, Н.Оңдасыновтың 90 жылдығына, Молда Мұса Байзақұлының 150 жылдығына, Әлия Молдағұлованың 80 жылдығына т.б. арналған айтыстардың жүлдегері.

«1999 жылдың ең үздік ақыны» атанып, облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталған. Облыс әкімі тағайындаған «Зерде» стипендиясының иегері. 1998 жылдан бастап Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында, Академиялық инновациялық университетінде қызмет істеді, қазір Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтта қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушылық қызмет атқарып келді. 2011 жылдан бері ОҚМПИ қазақ тілі және қазақ әдебиет кафедрасында аға оқытушы болып қызмет етеді.

2000 жылдан Майлықожа шығармашылығы бойынша ғылыми жұмыспен айналысып, 2010 жылы ф.ғ.д., профессор Р.Бердібаевтың жетекшілігімен ҚР ҒА әдебиет және өнер институтының диссертациялық кеңесінде «Майлықожа Сұлтанқожаұлының шығармашылық мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми тақырыбына байланысты республикалық конференцияларда «Майлықожаның айтыстары», «Майлы шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер», «Майлы шығармаларындағы сопылық сарынның көрінісі» атты тақырыптарда баяндама жасаған. Республикалық басылымдарда бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрген.

## СОВА ИННА

исполнительный продюсер
Дирекции информационных программ
АО «Агентство «Хабар»



*Сова Инна Александровна* родилась в 1978 г. в Шымкенте. С отличием окончила СШ № 1 им. А.С. Пушкина. Училась в классе с физико-математическим уклоном, но при

поступлении в вуз выбрала гуманитарное направление, поскольку главным увлечением в жизни была и остается литература.

В 1999 г. окончила филологический факультет Шымкентского отделения Международного казахско-турецкого университета им. А. Ясави. На последнем курсе университета работала внештатным корреспондентом газеты «Южный Казахстан». Решила попробовать свои силы и в тележурналистике. Несколько лет проработала корреспондентом службы новостей телекомпании «Отырар». Здесь и получила представление о профессии. Это была настоящая школа мастерства, которое оттачивалось в непрерывном ритме каждодневных эфиров. Затем последовало приглашение стать собственным корреспондентом АО «Агентство «Хабар» по Южно-Казахстанской области. Наверное, не осталось ни одного уголка нашего региона, где бы ни побывала съемочная группа, в составе которой находилась Инна Александровна.

Через два года И.А. Сова перевелась в г. Алматы, где продолжала работать корреспондентом, а затем и редактором информационно-аналитической программы «Жеті күн». Когда началась передислокация Агентства в новую столицу, ей предложили работу в Астане. В новом, строящемся городе, быстро открываются перспективы карьерного роста. Через некоторое время Инну Александровну назначили исполнительным продюсером Дирекции информационных программ. В этой должности она работает и в настоящее время.

Журналист отмечает, что «благодаря мощному преподавательскому составу кафедры русского языка и мировой литературы в университете, она получила такое образование, которое помогло ей успешно определиться в жизни». Ее редакторская работа напоминает об этом каждый день.

## ЖОРАБАЕВА АЛТЫНАЙ

ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері



*Жорабаева Алтынай Құлажанқызы* 1978 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Бейнеткеш ауылында дүниеге келді. 1999 жылы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ-ді бітірді. А.Жорабаева 1997 жылы облыстық «Арай» байқауында жүлдегер, республикалық «Жас қанат-97» байқауында дипломант атанды. 2001 жылы Алматыдағы XII Халықаралық «Азия даусы» байқауында, 2004 жылы

Болгарияның Варна қаласындағы XII Халықаралық «Discovery» байқауында, 2005 жылы Мысырдың Каир қаласындағы II Халықаралық «Александрия» ән байқауында лауреат болды. 2003 жылы Белоруссияда XII Халықаралық «Славян базары» байқауында дипломант, 2004 жылы Латвияның Юрмала қаласында V Халықаралық «Янтарь жұлдызы» байқауында бас жүлде (Гран-При) және 2005 жылы АҚШ-тағы Голливудта өткен орындаушылық шеберліктің әлем чемпионатында екі алтын, екі күміс медалін иеленді.

А.Қ. Жорабаева 2004 жылы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, 2008 жылы Қазығұрт ауданының Құрметті азаматы атағын алған. Алғашқы аудио альбомы 2002 жылы «Арманыма ғашықпын» деген атпен шыққан. «Өмір-өзен» атты жеке концерті 2004 жылы «Қазығұрт» өнер орталығының ұйымдастыруымен Алматыдағы Республика сарайында өтті. «Жүрші сәулем ауылға», «Елімнің жүрегі – Астана» деген үнтаспа альбомдарымен «Өмір өзен» атты бейнетаспа альбомы жарыққа шықты. Қазір Астана филармониясында қызмет атқарады.

## СУЛЕЙМАНОВА АРЗУ

диктор телевизионного канала «Домашний»
г. Москва



*Сулейменова Арзу Фахратовна* родилась в 1979 г. в с. Красноводск Южно-Казахстанской области. В 1995 г. она закончила СШ № 8 им. В. Маяковского и в том же году поступала на первый курс филологического факультета Шымкентского института Международного казахско-турецкого университета им. А. Ясави, который с отличием окончила в 1999 г.

В течение года она работает старшим преподавателем на кафедре русского языка Южно-Казахстанского открытого университета и одновременно – внештатным корреспондентом школы-студии журналистики при областной газете «Южный Казахстан» и обучается в театральной студии «Балаганчик» при Шымкентском областном драматическом театре им. Ж. Шанина.

С 2000 по 2003 гг. Арзу Фахратовна работает музыкальным ведущим (DJ) на радио «Юмакс», радио «NS» (Национальная сеть), главным режиссером музыкальной программы “Fantasy World”(«Мир Фантазий»), г. Шымкент.

В 2003 г. А.Ф. Сулейменова переезжает в Алматы и в течение двух лет является автором ряда музыкальных программ на радио «Европа Плюс Казахстан», ведущей радиоэфира,

С 2005 г. она работает на радио «Хит ФМ» в г. Москва ведущей радиоэфира (DJ), в 2007 г. оканчивает школу телевидения Останкино «Митро», работает в «ТВ Центр», ведет телевизионную программу «Чайные традиции».

С 2007 г. по настоящее время Арзу Фархатовна – диктор телевизионного канала «Домашний», г. Москва.

## ЖАҚСЫБЕКОВ ӘЛДЕН

халықаралық байқаулардың лауреаты, эстрада әншісі



*Жақсыбеков Әлден Сайлаубекұлы* 1982 жылы Шымкент қаласында дүниеге келді. Оңтүстік Қазақстан облысы Саз колледжінің вокал класын бітіріп, 2007 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ-ді музыкалық білім мамандығы бойынша, 2009 жылы осы университетті мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша бітірді.

Ә.С.Жақсыбеков І Халықаралық жас таланттардың «Айналайын-1996» фестивалінің лауреаты. 1996 жылы «Жас айтыскерлер мен термешілер» байқауының І орын иегері. Республикалық «Жас қанат» 2004 байқауының ІІІ орын лауреаты, Халықаралық «Азия дауысы-2004» байқауының ІІІ орын лауреаты, Халықаралық «Азия-Шанхай-2004» байқауының «Ең үздік ер дауысы» номинациясының иегері, Халықаралық «Каспий – достық теңізі-2006» фестивалі аясында өткізілген этникалық және қазіргі заман музыкасы фестивалінің вокалдық жанры бойынша ІІ орын иегері. Облыстық «Шаңырақ шаттығы 2006» фестивалінің аясында өткен «Жан азығы – ән мен күй» жанұялық ансамблдер байқауының бас жүлде иегері. 2009 жылы Италияда өткен “Сан-Ремо”, 2008 жылы Беларуссияда өткен “Славян базары” байқауларының лауреаты.

Ә.С.Жақсыбеков Облыс әкімінің 2005 жылғы стипендиясының иегері. 2008 жылы «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы

саяси кеңесінің алғыс қағазымен марапатталған. 2008 жылы «Табысты жас қазақстандық» өңірлік жастар сыйлығының мәдениет өнер және спорт саласы бойынша «Ең үздік жас әнші» номинациясының иегері. Облыстық рухани – мәдени саласының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін 2006 жылдың «Ең үздік әншісі» болып танылды. ОҚО телеарнасы жобасының «Жұлдызды жұп» номинациясы бойынша ІІІ орын лауреаты.

## ЕРЛАН ЖАНДАРБАЙ

### халықаралық байқаулардың лауреаты, опера әншісі



*Жандарбай Ерлан Жұмаділдәұлы* 1982 жылы Оңтүстік Қазақстан, Отырар ауданының Көксарай ауылында туылған. 2000-2004 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-ды музыка және ән салу мамандығы бойынша бітірген. 2005-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да камералық әнші мамандығы бойынша Қазақстанның халық артисі Р.Жұбатырованың класында білім алған.

2008-2009 жылдары Ренато Тебальди мен Марио дель Монако атындағы Халықаралық әншілер Академиясының (Италия) стажері. Алғашқы дебюті 2009 жылы болған. Вердидің «Травиатасындағы» Альфред, Брусиловскийдің «Қыз Жібегіндегі» Төлеген, С.Рахманиновтың «Алеко» операсында Жас сыған, У.Гаджибековтың «Аршын мал алан» музыкалық комедиясында Әскер, П.И.Чайковскийдің «Евгений Онегинінде» Ленский, С.Мұхамеджановтың «Айсұлуында» әншінің және Әубәкір рольдерін ойнады.

Е.Ж.Жандарбай 2009 жылы ХІІ Халықаралық «Қазақ романсиадасы» байқауында жүлделі ІІ орынға ие болды. 2010 жылы жеке есеп беру концертін өткізді. К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрындағы «Бәйтерек» мюзиклінде басты рольде ойнады. ҚР Тәуелсіздігінің 19 жылдығына орай Астанада өткен ресми концертте өнер көрсетті. 2011 жылы Польшада өткен «Музыкальный сад Рюбецаля» фестивалінің опера әншілері байқауында ІІ орын және фестивальдің «Ең үздік әншісі» номинациясын иеленді. 2011 жылы Астанада Оңтүстік Қазақстан облысы күндерінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев және Үкімет басшыларының қатысуымен Бейбітшілік және Келісім сарайында өткен ресми концертке қатысты. 2012 жылы Алматыда өткен Қазақстан театр қайраткерлері одағының ұйғарымы

бойынша «Жылдың ең үздік оперaлық және оперетталық партияларының ең үздік орындаушысы» номинациясының иегері.

Е.Ж.Жандарбай қазір облыстық опера және балет театрының әншісі.

## СЛАСТУХИНА ОЛЬГА
кандидат филологических наук, доцент



*Сластухина Ольга Ивановна* родилась в мае 1956 года в Сарыагачском районе Южно-Казахстанской области.

После окончания филологического факультета Шымкентского педагогического института была инструктором в Шымкентском обкоме комсомола. С 1985 г. работала преподавателем, старшим преподавателем, доцентом на кафедре мировой литературы Шымкентского института Международного казахско-турецкого университета им. А. Ясави.

В 1997 г. защитила кандидатскую диссертацию на тему «Русский фольклор Южно-Казахстанской области», через год ей было присвоено ученое звание доцента литературоведения.

Доцентом О.И. Сластухиной опубликовано более 50 научных работ, особого внимания среди них заслуживает монография «Современное состояние русского фольклора Южно-Казахстанской области». Ею опубликовано 12 методических изданий для студентов, среди которых учебные пособия, методические указания, практикумы, типовые программы, спецкурсы, хрестоматии. Долгие годы была руководителем СНО «Литературовед». Доклады студентов под ее руководством не раз занимали призовые места в республиканских и региональных конкурсах научных работ студентов.

О.И. Сластухина в разное время входила в состав профсоюзного и партийного бюро факультета и института, много лет являлась председателем и членом предметных комиссий во время вступительных экзаменов абитуриентов, председателем и членом школьных олимпиад по литературе. Входила в состав комиссий по выборам в законодательные органы Казахстана. С 1992 по 1994 гг. была заместителем декана филологического факультета, с 1998 по 2003 гг. заведовала кафедрой мировой литературы вуза.

Имеет ряд благодарностей со стороны руководства вуза, награждалась грамотами факультета и вуза за плодотворную работу

в деле подготовки педагогических кадров. В настоящее время проживает в г. Сочи и работает проректором по научной работе в Сочинском институте моды и туризма.

## ЦОЙ ВИКТОР

тарих ғылымдарының кандидаты



*Цой Виктор Семенович* 1956 жылы Шымкент қаласында туған.

1973 жылы №8 орта мектепті бітіріп, Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсті.

1980-1983 жылдары С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды. 1983 жылдың желтоқсан айынан Шымкент педагогикалық институты КСРО тарихы кафедрасының оқытушысы қызметінде болды.

1985 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

## АРАЛБЕКОВ НҮРКЕН



ОҚО ішкі саясат басқармасы идеологиялық жұмыстарды насихаттау және ұйымдастыру бөлімінің бас маманы Саясаттану мамандығының 2010 жылғы түлегі



# ӨМІРЗАҚОВ САТТАР

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

*Өмірзақов Саттар Досалыұлы* 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, бұрынғы Ленгір (қазіргі Төлеби) ауданы, Ақбастау елді мекенінде туылған. 1968 жылы Жаңабазар ауылдық округіндегі М.О.Әуезов атындағы мектептің табалдырығын аттайды. 1978 жылы А.М.Горький атындағы орта мектепті аяқтап, 1980 жылға дейін түрлі шаруашылық жұмыстарында қызмет істеген. 1980-1982 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болады. 1983-1987 жылдары түрлі шаруашылық жұмыстарында болады.

1987 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтына қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1992 жылы үздік дипломмен бітіреді. 1994-1997 жылдары осы институттың аспирантурасын қазақ әдебиеті мамандығы бойынша күндізгі бөлімін бітіреді.

1992-2002 жылдары Шымкент педагогика институтының қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, Қазақ-араб институтында кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. 2002-2004 жылдары М.Х.Дулати атындағы ТарМУ қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасында аға оқытушы, доцент 2004-2006 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі, 2006-2009 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының доценті қызметтерін атқарады.

2009 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ «Абайтану» ғылыми-оқу орталығының және «Қазығұрт» ҒЗО ЖШС директоры. Зерттеу бағыты: Оңтүстік өлкесінің әдебиет тарихы. Түлкібас ауданында өмір сүрген бұрынғы Түркістан өлкесінің атақты ақыны Мәди Меркішұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеп, жүйеге түсіріп, 2002 жылы «Мәди Меркішұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Бірнеше жылдан бері XIX ғасырдағы «Қоқан хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті» тақырыбын зерттеп келеді. Осы тақырыпта 46 ғылыми мақаласы жарық көрді. Ол өлкеміздегі қоғамдық-саяси мәселелерге де араласып, баспасөз беттерінде, теледидарда, радиода бірнеше хабарлар жасады. Оның 90-нан астам публицистикалық мақалалары республикалық, облыстық газеттерде жарияланды. Осының нәтижесінде ол 2010 жылы ҚР Журналистер одағының мүшесі болып сайланды. 1 оқу құралы, 14 көмекші оқу құралдары жарық көрген.

Ол өлкеміздің тарихи, рухани мұраларын жинастырып, жариялау бағытында да облыс әкімі мен облыстық мәслихат шешімімен құрылған «ОҚО тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдықдың» жауапты редакторы ретінде де күрделі әрі қиын жұмыстарды басқарып келеді. Бүгінде бұл көптомдықтың 130 томы жарық көрді.

Облысымыздағы соғыс ардагерлері мен ауған соғысы ардагерлеріне тигізген қолқабысы мен қызметі үшін Ауғанстан ардагерлер ұйымының «қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы, Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевтың қолынан 2012 жылы «қайырымдылығы үшін «сауап» медалімен марапатталған.

## СҮГІРБАЕВА ГҮЛЖАН

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы* 1964 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленгір қаласында дүниеге келген. 1972 жылы Шымкент қаласындағы №8 орта мектептің 1-сыныбына барып, 1982 жылы Ленгір қаласындағы №5 мектепті бітірген.

1982-1987 жылдары Шымкент қаласындағы Н.К.Крупская атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих-педагогика факультетінде оқып, тарих пәнінің мұғалімі біліктігін алды.

Еңбек жолын 1987 жылы Шымкент қаласындағы №41 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып бастады. 1988-1993 жылдары №29 орта мектепте мұғалім қызметін атқарды. 1994-1995 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімінде жалпы тарих кафедрасында оқытушы қызметінде болды. 1995-1998 жылдары Қазақ ұлттық академиясы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аспирантурасында оқыды. 2000-2002 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ бүкіләлем тарихы кафедрасының аға

оқытушысы, 2002-2010 жылдары кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Г.Д. Сүгірбаева 2000 жылы «Узбекское население Казахстана в 20-30-е годы ХХ и проблемы истории и культуры» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Г.Сүгірбаева орта мектептерге арналған «Қазіргі заман тарихы», «Новейшая история», «ХХ ғасырдағы дүние жүзі тарихы», «Мир в ХХ веке» оқулықтарының авторы.

2009 жылы ҚР БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері болды.

## БЕЙСЕНБАЕВ САДЫБЕК

педагогика ғылымдарының докторы, доцент



*Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы* 1966 жылы Бәйдібек ауданы, Бөген совхозы, Бестоғай ауылында дүниеге келді. 1973-1983 жылдары Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектепте білім алды. 1983 жылы Алғабас кеңшарында жұмысшы болып, 1984-1986 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. 1986 жылы Шымкент қаласындағы орталық саябаққа суретші қызметіне қабылданып, кейіннен аға суретші қызметіне ауыстырылады.

1987 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының көркем-сурет және графика факультетіне оқуға түсіп, 1992 жылы сурет кафедрасына жас маман ретінде қалдырылды. 1995-1998 жылдары аспирант, 1998-2003 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ өнер факультеті деканының орынбасары, аға оқытушы, 2003-2004 жылдары аталған факультеттің киім дизайны кафедрасының меңгерушісі болып істеді.

2000 жылы Мәскеу қаласында 13.00.02 мамандығы бойынша «Формирование пространственных представлений у учащихся в процессе изучения произведений изобразительного искусства» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2004 жылдың ақпан айынан М.Әуезов атындағы ОҚМУ-де кескіндеме және дизайн кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2010 жылы 13.00.02 мамандығы бойынша «Методика специальной подготовки будущих

учителей изобразительного в процессе обучения рисунку и живописи» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

18 магистрлік диссертацияға жетекшілік жасаған. 2006 жылы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталды.

ҚР Суретшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшесі, 2011 жылдың ҚР БжҒ министрлігінің ең үздік оқытушысы мемлекеттік грантының иегері.

Қазіргі таңда 100-ге жуық ғылыми мақалалардың, 1 монография, 2 альбом-монография, 5 оқу құралының, 5 кейс, сонымен қатар 6 электрондық кітаптың авторы.

С.Қ.Бейсенбаев 2012 жылдың сәуір айынан М.Әуезов атындағы ОҚМУ тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры қызметін атқарып келеді.

## КЕМЕЛБЕКОВ ҚЫНАТБЕК
философия ғылымдарының кандидаты



*Кемелбеков Қынатбек Бердалыұлы* 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян селосында дүниеге келді.

1974-1984 жылдары Шаян селосындағы М.Әуезов атындағы орта мектепті оқыды. 1985-1992 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының тарих факультетінде оқып, тарих және педагогика мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1986-1988 жылдары Кеңестік әскер қатарында азаматтық борышын өтеді. 1992-1993 жылдары Шымкент қаласындағы №25 Т.Рысқұлов атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарды. 1993 жылы ақпан айынан бастап Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік медициналық академиясы философия және саясаттану кафедрасына ассистент ретінде жұмысқа қабылданды. 1996 жылы осы аталмыш кафедрада аға оқытушылық қызметке өтті. 1996-2000 жылы Алматы қаласындағы «Қайнар» университетінің заң факультетінде оқып, үздік дипломмен бітіріп шықты.

2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі К-14А.02.19. диссертациялық кеңестің мәжілісінде философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 2005-2006 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің философия кафедрасында доцент қызметін атқарды.

2000 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан Әкімдігі жанында құрылған лекторлар тобының мүшесі. Бірнеше рет (1999, 2003, 2004, 2006 ж.ж.) Президенттік, Парламенттік, Мәслихат сайлау кезеңдерінде №110 сайлау учаскесінде төрағалық қызмет атқарды.

2007 жылдың қыркүйек айынан бастап Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеттің педагогика факультетінің деканы, 2008 жылы қыркүйек айынан 2009 жылдың наурыз айына дейін аталмыш оқу орнының тәрбие ісі жөніндегі проректоры, 2009 жылының наурыз айынан Шымкент әлеуметтік педагогикалық университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды.

2009 жылдың қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясында қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. Философия пәні бойынша 1 оқу әдістемелік құрал, 1 оқу құралын, 1 монография, тест сұрақтарын, 50-ден астам ғылыми мақалалар жазған.

## БЕРДАЛИЕВА АҚМАРАЛ

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты



*Бердалиева Ақмарал Мақұлқызы* 1968 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Алмалы ауылында туылған. 1985 жылы №11 Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектепті үздік бітірді. 1986-1991 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының химия және биология мамандығы бойынша күндізгі бөлімде оқыды. Студенттік жылдары факультет комсомол ұйымында қоғамдық жұмыстар атқарды.

1992-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде биология кафедрасында аға оқытушы қызметінде жүріп, факультеттің әйелдер кеңесінің қоғамдық жұмыстарына белсене араласты.

2007 жылы Оңтүстік-батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығында ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,

профессор Н.Н.Әлібаевтың жетекшілігімен «Алтын реңді сұр қаракөл қозыларын тұқымға іріктеу әдістері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2008-2010 жылдар аралығында Академиялық инновациялық университетте аға оқытушы болып қызмет атқарды.

2011 жылдың 1 қыркүйегінен бері Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетте аға оқытушы қызметін атқарып келеді. 28 ғылыми мақаласы, 30 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

## ҚЫДЫРБАЕВА АЙГҮЛ



**Қыдырбаева Айгүл Елемесқызы,**

**ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент**

*Қыдырбаева Айгүл Елемесқызы* 1970 жылы Алматы қаласында туылған.

1987-1992 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Химия-биология» мамандығы бөлімін бітірген.

2004 жылы Оңтүстік Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығының диссертациялық кеңесінде “Қазақы сұр түсті қаракөл қозыларының тері-жүн жабындысының гистоморфологиялық ерекшеліктері” деген тақырыпта «06.02.01- Ауыл шаруашылығы малын өсіру, олардың селекциясы, генетикасы және көбеюі» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған.

1994 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының "Биология" кафедрасында оқытушы, 2004 жылдан аға оқытушы, 2009 жылдан доцент міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

А.Е. Қыдырбаева молекулалық биология, эволюция ілімі, биология, биофизика пәндерінен лекция оқып, практикалық және лабораториялық сабақтарды жүргізіп келеді.

Ғалым ретінде 45-тан астам ғылыми–әдістемелік еңбектердің авторы.



## ҚОЗҒАНБАЕВА ГҮЛНӘР

тарих ғылымдарының кандидаты

*Қозғанбаева Гүлнәр Бестібайқызы* 1968 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласында дүниеге келген. 1975 жылы Ленгір қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №2 орта мектепке оқуға барып, оны 1985 жылы аяқтаған.

1985 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқуға түсіп, оны 1990 жылы тарих және педагогика мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1991 жылы Шымкент қаласындағы облыстық аурухананың санаториялық мектебінде мұғалім болып бастады.

1994-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан университетінің аспирантурасында оқыды. 1999 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан бөлімінде Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды.

1999 жылы Ш.Уәлиханов атындағы археология және этнология институтының ғылыми кеңесінде «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1999-2000 оқу жылында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Түркістан бөлімінде аға оқытушы, 2000-2009 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты тарих факультетінде Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды.

Г.Қозғанбаеваның 30-ға жуық ғылыми мақалалары, 10-нан астам оқу-әдістемелік және көмекші құралдары жарық көрген.

Қазір Қазақ мемлекеттік қыздар институтының Қазақстан тарихы кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## ИБАШОВА АЛЬМИРА

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Ибашова Альмира Байдабекқызы* 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Обручевка ауылында дүниеге келді. 1976-1986 жылдары М.Горький атындағы орта мектепті күміс медальмен бітірді. 1986 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оны 1991 жылы математика және ЕТ мұғалімі мамандығы бойынша бітірді.

1991-1992 жылдары М.О.Әуезов атындағы орта мектепте математика және информатика мұғалімі қызметін атқарды. 1992-1996 жылдары М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының алгебра, информатика және ЕТ кафедрасына кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа қабылданды. 1996-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында, Академиялық Инновациялық университетте аға оқытушы қызметін атқарды.

2007 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің диссертациялық кеңесінде Педагогика және оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі /информатика/ мамандығы бойынша "Методические основы обучения информатике учащихся первых двух лет начальной школы" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

А.Ибашова халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап тұрады. Оның 15 ғылыми мақаласы жарық көрген. Олар Қазақстан Республикасы және шет ел басылымдарында жарияланған. Сонымен қатар А.Ибашова 2 оқу-әдістемелік құралдың, 1-7 сынып оқушыларына информатика пәніне арналған жұмыс дәптерлерінің авторы.

## АРЗЫМБЕТОВА САЛТАНАТ



«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы қаласы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, Қазақ тілі орыс мектептерінде мамандығының 1994 жылғы түлегі

**АНГАРАЛИЕВА ПЕРУЗА**



Шымкент қ., А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп- гимназия мұғалімі, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1994 жылғы түлегі

**ЛЕУБАЕВА АҚМАРАЛ**

айтыскер ақын

филология ғылымдарының кандидаты



*Леубаева Ақмарал Пернебекқызы* 1969 жылы Бәйдібек ауданы Ақбастау ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1986 жылы Ақмешіт ауылындағы Қ.Спатаев атындағы орта мектепті бітіріп, сол ауылда механизатор болып жұмыс істейді.

1987 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының филология факультетіне түсіп, оны 1992 жылы үздік дипломмен бітіріп, осы оқу орнына осы оқу орнына оқытушылық қызметке қабылданды.

А.Леубаева 1988 жылдан бастап өнер саласында, республикалық, облыстық, көлемде өтіп жатқан мәдени көпшілік іс-шараларға қатыса жүріп, өзінің талантымен жұртшылыққа таныла білді. Институт көлеміндегі іс-шараларға белсене араласқаны үшін бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталып, 1989-1990 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Дзержинский аудандық кеңесіне депутат болып сайланды. Тұңғыш рет Ордабасы аудандық оқу бөліміне қарасты Бадам елді мекенінен аудандық ақындар мектеп-интернатын ашып, басшылық жасады.

1992 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтында оқытушы қызметін атқара жүріп, ғылыми жұмыстарымен айналысты, осы бағытта «Қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні» атты кітабы жарық көрді. Облыстық, республикалық, халықаралық айтыстарға қатысып, жұртшылыққа танылды.

2005-2006 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармада бас маман, 2006-2007 жылдары ҚР Техникалық реттеу және метрология басқарамасы комитетінің ОҚО бойынша бас маманы қызметін атқарды. 2007 жылдың желтоқсан айынан №33 «Ақбота» бөбекжай балабақшасының меңгеруші қызметін атқаруда.

2001 жылы Елбасының «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы», 2011 жылы «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен марапатталған. 2006 жылдың наурызында өзі туып өскен Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы атанды.

2007 жылы 26 сәуірде Алматы қаласы ҚАЗҰУ–де «Қазақ шешендік өнерінің көркемдік тағылымдық мәні» деген тақырыпта кандидаттық

дисертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

## МАДИЯРОВ НҰРЛЫБАЙ
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Мадияров Нұрлыбай Көкешұлы* 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. 1986 жылы Абай орта мектебін күміс медальмен бітіріп, осы жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түскен. Оны 1992 жылы математика және информатика мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты.

1992-1994 жылдары Абай ауылында Абай орта мектебіне қарасты Қазығұрт бастауыш мектебінің меңгерушісі болып қызмет еткен. 1994 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, бөлім бастығы, оқу-әдістемелік басқарма директорының орынбасары, жаратылыстану-педагогика факультетінің деканы қызметтерін атқарып келеді.

Осы университеттің математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасына педагогика ғылымдарының докторы, профессор Рахымбек Досымханның жетекшілігімен ізденуші болып бекітіліп, 2004 жылы оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (математика) мамандығы бойынша «Мақсатты таңдалған стереометриялық салу есептерін шығару негізінде оқушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылғы 4 мамырдағы шешімімен доцент ғылыми атағы берілген.

Н. Мадияровтың ғылыми жетекшілігімен 2 ізденуші кандидаттық диссертация қорғады. Ол – 50-ден аса ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Оның “Мемлекеттік стандарт. 030140-Математика мамандығына арналған” (2002), “Тригонометрия элементтерін оқыту әдістемесі” электрондық оқулығы (2008), “Геометриялық фигураларды кескіндеу” атты оқу құралы (2010), “Развитие пространственного воображения и расширение пространственных представлений

учащихся 5-6 классов при обучений математике” (2010, Белгород, Ресей) атты еңбектері жарық көрген.

## ЕСЕНТӨРЕЕВА ГҮЛМИРА

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты



*Есентөреева Гүлмира Жұманқызы* 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласында дүниеге келген.

1987 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының химия-биология факультетіне түсіп, оны химик-биолог мамандығы бойынша 1992 жылы бітіріп шықты.

1992-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының химия кафедрасында лаборант, аға лаборант, лаборатория меңгерушісі, оқытушы қызметтерін атқарды.
1998-2006 жылдары №9 мектепте химия-биология пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді.

2001-2004 жылдар аралығында аспирантурада оқыды.

2007 жылы Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығының диссертациялық кеңесінде «Қаратау- Мойынқұм аймақтық жағдайында елтірі бағытындағы қойларды құйрық пішіні бойынша селекциялау нәтижелері» атты тақырыпта академик К. Елемесовтің және профессор О. Бекетауовтің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғап, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

2006 жылдан бастап М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде аға оқытушы қызметін атқарып келеді. 25 ғылыми мақаласы, 18 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.



## ДИНАШЕВА ЛӘЗЗАТ

тарих ғылымдарының кандидаты

*Динашева Ләззат Сәрсенбекқызы* 1969 жылы Шымкент облысы, Келес ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. 1976 жылы Ә.Жанкелдин атындағы орта мектептің 1-сыныбына барды. 1986 жылы Л.Жолдасов атындағы орта мектепті үздік бітірді. 1986-1988 жылдары Ғ.Мұратбаев атындағы орталау мектепте мұғалім болып қызмет атқарды.

1988 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих және педагогика факультетіне оқуға түсіп, оны 1993 жылы бітіріп шықты. 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан Шығыстану институтына оқытушы болып қызметке тұрды. 1994-1999 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ аспирантурасында оқыды.

Л.С.Динашева тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Жолдасовтың жетекшілігімен 1999 жылы ҚР Ғылым академиясында «Патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанда жүргізген қоныс аудару саясаты: жаңа көзқарас (1867-1917 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Л.Динашева 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан шығыстану институтында оқытушы, 2003-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институты тарих факультетінің бүкіл әлем тарихы кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарды.

Л.Динашеваның 40-қа жуық ғылыми мақалалары, 10-нан астам оқу-әдістемелік және көмекші оқу құралдары жарық көрген. Оның Ресей тарихы, Қытай тарихы, Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихына байланысты оқулықтары мен оқу құралдары бар.

Қазіргі таңда Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ бүкіләлем тарихы кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## ТӘҢІРБЕРГЕНОВ ӘДІЛБЕК
техника ғылымдарының кандидаты



*Тәңірбергенов Әділбек Жұматайұлы* 1969 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Келес өңіріндегі Абай атындағы шаруашылықта дүниеге келді.

1976-1986 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы Келес өңірі №103 Т.Рысқұлов орта мектебін бітірді.

1987-1989 жылдары Кеңес Қаулы күштері қатарында әскери борышын өтеді.

1989-1994 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін математика, информатика және есептеуіш техникасы мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де оқытушылықтан бастады. 1995-1998 жылдар Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының аспирантурасында оқыды.

2004 жылы М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ жанындағы Д05.17.08 диссертациялық кеңесте химиялық технологияның процестері және аппараттары мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

## МОЛДАХМЕТОВА ЖАНАР
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Молдахметова Жанар Ескендірқызы* 1969 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. 1986 жылы М.Мәметова атындағы №35 орта мектепті бітіріп, Шымкент қаласындағы А.С.Пушкин атындағы №1 мектепте пионер вожатый болып еңбек жолын бастады.

1992 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын бітірді. 1994-1997 жылдары Алматы қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аспирантурасында оқыды.

1999 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтына оқытушы қызметіне қабылданды. 2001 жылы «Динамика межэтнических процессов 20-30-х годов ХХ века в Казахстане» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

2004-2006 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, 2006-2008 жылдары кафедра доценті қызметін атқарды. 2008 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан тарихы кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## ҰЗАҚОВА АЙНАГҮЛ

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Ұзақова Айнагүл Сламқызы* 1991 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын үздік бітірген соң, «Еңбекке баулу» кафедрасына «Еңбек және жалпытехникалық пәндер мұғалімі» мамандығы бойынша жас маман ретінде қабылдады. Жоғары оқу орынында жұмыс атқару барысында А.Ұзақова ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты, студенттермен тәлімгерлік жұмыстар жүргізді.

1998-2002 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақтан мемлекеттік университетінің «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасында сырттай оқу бөлімінің аспирантурасында оқып, п.ғ.д., профессор К.Ә.Дүйсенбаевтың жетекшілігімен ғылыми іздену жұмыстарымен айналысты.

Қазіргі уақытта А.С.Ұзақованың кафедра базасындағы п.ғ.к.,аға оқытушылық қызметі нәтижелі және сапалы еңбектерімен сипатталады. Кафедра және жаратылыстану педагогикалық факультеті деңгейіндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ғылыми және тәрбие жұмыстарында ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін көрсетіп келеді. Академиялық топ тәлімгері ретінде факультет деңгейінде «Ең үздік тәлімгер» және университет деңгейінде «Ең үздік лектор» атанды. Ғылыми зерттеу, студенттердің ғылыми және оқу зерттеу жұмыстарын, сапа менеджменті жүйесін жете меңгерген, қазіргі кезде кафедрадағы оқу-әдістемелік жұмыстарының төрайымы қызметін атқарды.

А.С.Ұзақова 2010 жылы п.ғ.д., профессор К.А.Дүйсенбаевтың жетекшілігінде «Жоғары мектептегі білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Осы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 54 ғылыми - әдістемелік еңбек жазды. Олар ғылыми басылымдарда, ТМД елдері мен Қазақстан Республикасы көлеміндегі ғылыми-практикалық, республикалық, халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциялардың жинақтарында жарық көрген. Олардың ішінде жеке өзі және студенттерге жетекшілік етуде жүлделі орындарға ие болғандары да бар. Сонымен қатар виртуальды лабораториялық жұмыстар да көрініс тапқан. А.Ұзақова Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша кәсіптендіру циклы бойынша авторлық бірлестікте 3 типтік оқу бағдарламасын, «Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі» және «Тігін бұйымдарының технологиясы» пәндерінен кейс жинағы, студенттердің өзіндік жұмыстары, курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар әзірлеген.

## БҮРКІТБАЕВ ТАЛҒАТ



**БҮРКІТБАЕВ ТАЛҒАТ**

педагогика ғылымдарының кандидаты

*Бүркітбаев Талғат Сансызбайұлы* 1962 жылы Бәйдібек ауданы, Бөген ауылында дүниеге келді. Шымкент педагогикалық институтының көркем сурет және графика факультетін бейнелеу өнері, сызу және еңбекке баулу мамандығы бойынша бітірді. 1984-1988 жылдар аралығында Бөген орта мектебінде пән мұғалімі қызметін атқарған. 1988 жылдан жоғары оқу орнында қызмет атқарып келеді.2002 жылдан Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі. 2008 жылы Москва қаласында Москва мемлекеттік педагогикалық институтында кандидаттық диссертация қорғады. Бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі саласында жарық көрген бірнеше ғылыми мақалалардың

авторы.2011-2012 оқу жылынан Т.С.Бүркітбаев Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының музыкалық білім және бейнелеу өнері кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады.

## БОЗШАТАЕВА ГҮЛШАТ

биология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Бозшатаева Гүлшат Түгелбайқызы* 1991 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын үздік дипломмен тәмамдағаннан соң, еңбек жолын Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институтының биология кафедрасының оқытушысы қызметінен бастаған.

1994-1997 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің микробиология кафедрасында аспирантураның күндізгі бөлімінде оқып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты.

1998 жылы б.ғ.д., профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі М.Х. Шығаеваның жетекшілігімен генетика мамандығы бойынша «Мутагенные эффекты гербицидов триазинового ряда» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2005 жылы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен доцент ғылыми атағы берілді. Жалпы еңбек өтілі – 20 жыл.

Осы жылдарда доцент Г.Т.Бозшатаеваның 60-тан астам ғылыми - әдістемелік еңбектері жарық көрді. Еңбектерінің ішінде кафедра доценті Г.С. Оспановамен бірлесе отырып жазған, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтар бойынша ОӘБ және Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-нің Ғылыми кеңесі ұсынған «Экология» оқулығын және «Экологиядан оқу-әдістемелік құралын», «Экологиялық терминдердің орысша- қазақша түсіндірме сөздігін» атап өтуге болады. Аталған еңбектер республикада кеңінен қолданылуда. «Экология» оқулығы оқырмандардың қажеттілігін ескере отырып, 2002 жылы жарық көргеннен кейін, 2005, 2010 жылдарда қайта басылып шығарылса, ал 2011 жылы кафедраның 20 жылдығына орай қайта өңделген, толықтырылған нұсқада қайта жарық көрді.

Г.Т.Бозшатаева экология, өсімдіктер физиологиясы пәндерінен жоғары әдістемелік деңгейде оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, дәрістер оқиды және зертханалық

сабақтарды жүргізеді. 050607-Биология және 050113-Биология мамандықтарына арналған өсімдіктер физиологиясы пәнінің оқу-әдістемелік кешені орыс және қазақ тілдерінде құрастырылып, оқу үдерісінде қолданылуда.

2010 жылы «Үздік дәріс» байқауына қатысып, мадақтама қағазымен марапатталды.

Г.Т.Бозшатаева М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасында 1997 жылдан еңбек етіп келеді.

## ІЗТАЕВ ЖАЛҒАСБЕК
педагогика ғылымдарының кандидаты



*Ізтаев Жалғасбек Дулатұлы* 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ кеңшарына қарасты Таскешу ауылында туған. 1988 жылы Көмешбұлақ ауылындағы орта мектепті бітірді.

1988–1993 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқыған.

1993-1994 жылдары Ж.Аймауытов атындағы №64 орта мектепте математика және информатика пәнінің мұғалімі, 1994-1998 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институтында математика және информатика кафедрасында оқытушы қызметін атқарған. 1998 жылдан қазіргі уақытқа дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, информатика кафедрасының меңгерушісі, факультет деканының орынбасары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының бастығы қызметтерін атқарды.

2007 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Д.Рахымбек пен п.ғ.к., доцент Н.Мадияровтың жетекшілігімен «Болашақ математика мұғалімдерін жалпы шолу сабақтарын өткізуге дайындау» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ж.Д.Ізтаевтың 40 ғылыми мақаласы, 8 оқу-әдістемелік құралы, 1 оқу құралы жарық көрген. Атап айтқанда: “Студенттердің өз бетінше жұмысының математика мұғалімін кәсіптік дайындаудағы орыны” (1997), “Информатика пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттері” (2004), “Информатика (лабораториялық жұмыстар жинағы)” (2003), “Информатика пәні бойынша тест сұрақтарының жинағы” (2005), “Информатика пәнінен зертханалық сабақтарға арналған оқу құралы” (2006), “Operation systemis the software component of a computer

system" (2008), "Динамикалық интерфейсті WEB-құжатта PHP–скриптен пайдалану технологиясы" (2010) атты оқулықтары мен оқу құралдары жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолданылып келеді.

## НИЯЗОВ ТАЛҒАТ

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор



*Ниязов Талғат Жақсыбайұлы* 1971 жылы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданы Свердлов колхозынында шаруа жанұясында дүниеге келген.

1989 жылы Ташкент облысы Коммунистік ауданындағы №2 орта мектебін бітірді.

1989-1994 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқып, оны математика және есептеуіш техникасы мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-де оқытушылық қызметтен бастады. 1998-2008 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі (қаржы полициясында) органдарында қызмет атқарған.

2007 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы Д14.61.15 Диссертациялық Кеңесте экономика және халықшаруашылығын басқару мамандығы бойынша кандидаттық, ал 2010 жылдың қазан айында докторлық диссертацияларын қорғады.

2008 жылдан бастап Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы, 2010 жылдың 20 желтоқсанынан бастап аталған университеттің ректоры қызметін атқарып келеді.

Талғат Жақсыбайұлы Ниязовтың 70-тен астам ғылыми еңбегі бар. Оның ішінде 10-ға жуық монографиялар мен оқу-әдістемелік құралдар жазылды. Соның ішінде монографиялары:

-«Мақта өңдеу кәсіпорындарының қаржы ресурстарын басқаруды қалыптастырудың экономикалық механизмін жетілдіру мәселелері»- Шымкент: Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті, 2009 жылы

-«Экономика салаларын мемлекеттік реттеудің басты механизмі: бюджеттік саясатты жетілдіру мәселелері».-Шымкент: «Жебе Дизайн», 2009 жылы

-«Экономическая оценка влияния налоговых механизмов на инвестиционную деятельность предприятия».-Шымкент:Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті, 2009 жылы

-«Механизмы государственного регулирования инвестиции в экономической деятельности Республики Казахстан».-Шымкент: Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті,

2009 жылы

-Қазақстанның экономикалық қызметін мемлекеттік реттеудегі фискалды саясат тетіктерін жетілдіру.- Шымкент: Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті, 2009 жылы

Ниязов Талғат Жақсыбайұлының ғылыми жетекшілігімен 2 ізденуші Бухгалтерлік есеп, аудит, статистика мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғады.

## БӘКІРОВА ГҮЛМИРА

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Бәкірова Гүлмира Әбілпатташқызы* 1974 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Қарғалы ауылында туылған. 1991 жылы Қ.Әбдіқадыров атындағы №241 қазақ орта мектебін үздік бітірді. 1991 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының инженер-педагогика факультетіне оқуға түсіп, 1995 жылы «Жалпы техникалық пәндер және еңбек» мамандығы бойынша бітірген. 2001 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің магистратурасына түсіп, 2002 жылы педагогика мамандығы бойынша үздік аяқтаған.

1998 жылдан бастап М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқу шебері, 2002 жылдың қыркүйек айынан оқытушы, 2007 жылдың қыркүйек айынан аға оқытушы қызметін атқаруда.

2011 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Оқытудың инновациялық технологиялары негізінде болашақ кәсіптік білім оқытушысының арнайы іскерлігі мен дағдысын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

Барлығы 50-ден астам ғылыми-әдістемелік жұмыстардың авторы. Оның ішінде кәсіптік білім мамандығы бойынша типтік оқу бағдарламалары, «Тігін ісінің құрал жабдығы» оқу құралы, «Сән психологиясы», «Киім бөлшектерін өңдеу» электронды оқулықтары мен 9 виртуальды лабораторялық жұмыстары іс-тәжірибеге ендірілген.

## МАХАНОВ ТҰРСЫНХАН
педагогика ғылымдарының кандидаты



*Маханов Тұрсынхан Шалабайұлы* 1990 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасына оқу шебері қызметіне орналасты. 1992-1997 жылдар аралығында Х.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінде кәсіби-еңбек мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімінде білім алып, сәтті аяқтады. 2002 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Жаратылыстану-педагогикалық факультетінің «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасында оқытушы болып қабылданып, 2007 жылы аға оқытушы қызметіне ауыстырылды.

2010 жылы профессор О.Ү.Мұсабеков және доцент Ю.Н.Камаловтардың жетекшілігінде Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика және – 13.00.08 – Кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі мамандықтары бойынша педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.05.01 диссертациялық кеңесте «Болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің оқушыларды конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке баулудағы кәсіби-педагогикалық іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Осы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша 25 ғылыми-әдістемелік еңбек жазды: «Металл өңдеу практикумы», «Ағаш өңдеу практикумы», «Металлды механикалық жолмен өңдеу практикумы», «Оқу шеберханаларына арналған икемдеуші құралдар жинағы» атты оқу құралдарын авторлық бірлестікте шығарды. Кәсіптік оқыту мамандығына арналған кәсіптендіру циклы бойынша авторлық бірлестікте 4 типтік оқу бағдарламасын шығаруға қатысты. Кафедра қабырғасында құрылған

«Темірші» атты студенттердің конструкторлы бюросының жетекшісі. Осы ұйымда студенттермен орындаған 20 икемдеуші құралдары енгізу актісін алып «Материалдарды өңдеудің практикумы» пәнінде қолданыс тапқан. Республикалық деңгейде өткен студенттердің дипломдық жұмыстарының байқауында Маханов Тұрсынханның жетекшілігімен орындалған ЕП-07-9к тобының студенті Пернебеков Бағланның «Орта буын оқушыларын ауылшаруашылық еңбегі сабағында көкөніс дақылдарын арнайы топырақта өсіруді жетілдіру жолдары» тақырыбындағы жұмысы 3-орынға ие болды.

Қазіргі таңда «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады. Жаратылыстану-педагогикалық факультетінде және «Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасында кәсіптік бағдар жұмыстарына жауапты, факультет кеңесінің мүшесі.

Университетте «Материалдарды өңдеудің теориясы, станоктар және құрал-саймандар», «Материалдарды өңдеудің технологиясы», «Ауылшаруашылық техникасы», «Ауылшаруашылық еңбегінің негіздері», «Техника тарихы» пәндерін жүргізеді.

## НУРАЛИЕВА ДИНА

редактор журнала «Статус города»



*Нуралиева Дина Розахметовна* родилась в 1967 году. Поступила в Чимкентский педагогический институт на филологический факультет в 1984 г. и с отличием закончила его в 1988 г. С 1988 по 1991 гг. работала в неполной средней школе им. Н. Островского учителем русского языка и литературы (с. Белые Воды Южно-Казахстанской области).

С 1991 года – в журналистике: корреспондент и редактор независимого печатного периодического издания «Своя газета». Долгое время работала журналистом и редактором, а затем – директором новостей телекомпании «Отырар». С 2006 г. и по настоящее время – редактор журнала «Статус города».

## ТАУТАЕВА ГҮЛДАРИҒА

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Таутаева Гүлдариға Батыршақызы* Қазығұрт ауданы, Жаңабазар елдімекенінде дүниеге келген. 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтын бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша қызыл дипломға бітірген. 1994 жылдан аталмыш университетте қызмет атқарады. 2010 жылы Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің диссертациялық кеңесінде 13.00.02 - Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесіндегі ақпараттандыру) бойынша бастауыш мектепте «Интернет-ресурстарды пайдаланудың әдістемесі» тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын қорғап шықты.

## МОЛДАБЕКОВА НҰРЖАМАЛ

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Молдабекова Нұржамал Сейдалықызы* 1972 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу елді мекенінде дүгиеге келген. 1993 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтының бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын үздік бітірген.

Еңбек жолын 1993 жылы Шымкент педагогикалық дене тәрбиесі институты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының оқытушысы болып бастады. 1999-2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-экономикалық колледжінде аға оқытушы, жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы қызметтерін атқарды. 2004-2006 жылдары Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі және практика бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2006-2011 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент

институтында және  Академиялық инновациялық университетінде аға оқытушысы, декан орынбасары қызметтерін атқарған.

2009 жылы Алматы қаласы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде  «Сауат ашудың әліппе кезеңін оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған / (13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім жүйесіндегі қазақ тілі).

30-дан аса ғылыми - әдістемелік еңбектердің авторы.

2011 жылдың қыркүйек айынан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты психология кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарады.

## СМАНОВ  ІЛЕСХАН

педагогика ғылымдарының докторы, профессор



*Сманов Ілесхан Сманұлы* 1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Отырар бөлімшесінде дүниеге келген.

1969-1973 жылдары Шымкент педагогика институтының физика факультетінде «Сурет және сызу» мамандығы бойынша оқып, білім алды. 1985-1990 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды.

Еңбек жолын 1968-1969 жылдары Гурьев облысындағы Мақат стансасында теміржол депосында жұмысшы болып бастады. 1973-1981 жылдары Т.Тәжібаев атындағы орта мектептің мұғалімі, интернат меңгерушісі, 1981-1993 жылдары Шымкент педагогикалық институтында сызу және сызба геометриясы кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды.

1990 жылы «Бейнелеу өнерін сынып жетекшісі жұмысы саласында тәрбие құралы ретінде пайдалану» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1993 жылы Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі  факультетінің деканы, 1994 жылы Сызу және сызба геометриясы кафедрасының доценті қызметін атқарды. 1996 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ сырттай оқу бөлімінің деканы, 1999 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша проректоры болып қызмет атқарды.

2000 жылы «Мектеп оқушыларын тәрбиелеу процесіне кәсіби маман даярлау жүйесіндегі өнердің алатын орны» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады.

2001-2004 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ философия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2006 жылы қыркүйек айында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Президентінің кеңесшісі болды.

2006 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі ОД 14.61.35 біріккен диссертациялық кеңесінің мүшелігіне қабылданды.

2008 жылы ҚР БжҒМ Жоғары Аттестациялық Комитетінің шешімімен профессор ғылыми атағы берілді. 8 ғылым кандидатын, 1 ғылым докторын даярлады. І.Сманов 200-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерін жариялаған. Оның ішінде, 3 монографиясы, 17 оқу құралы, 1 слайдфильмі (Ш.Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясы. Алматы қ.) бар.

2006 жылы Ы.Алтынсарин атындағы медальмен, 2007 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды.

І.С.Сманов 2008 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының сырттай оқу факультетінің деканы қызметін атқаруда.

## ОҢҒАРБАЙ ӘСІМБЕК

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Оңғарбай Әсімбек Мамрасылұлы* 1943 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданының Арыс қаласында дүниеге келген.

1965 жылы Шымкент мемлекеттік педагогикалық ининститутының физика-математика факультетін физика және жалпы техникалық пәндер мамандығы бойынша бітіріп, Жамбыл облысы Шу ауданындағы Панфилов мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Кеңес Армиясы қатарында борышын өтеген соң, 1967-1982 жылдары Шымкент қаласындағы №12 мектеп-интернатта физика пәні мұғалімі, облыстық білім жетілдіру ининститутында кабинет меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1982 жылдан өзі бітірген Шымкент педагогикалық институтында кафедрада оқытушы, аға оқытушы, доцент факультет деканының орынбасары, оқу бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

1999 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық университетінде физиканы оқытудағы құрылымдық – қисынды "Сұлбалардың дидактикалық негіздері" деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды, 2002 жылы ЖАК шешімін доцент ғылыми атағына ие болды.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді.

## АРЗЫМБЕТОВА ШОЛПАН

педагогика ғылымдарының кандидаты



*Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы* 1973 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Әңгір-Ата ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Төлеби ауданы, «Абай» орта мектебіне барып, 1990 жылы Шымкент қаласындағы №7 Қ.Сыпатаев атындағы орта мектебін алтын медальмен бітірген. 1990-1995 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын үздік бітірген.

1995-2009 ж.ж. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің жалпы педагогика және этнопедагогика кафедрасында оқытушы, аға оқытушысы, доцент қызметтерін атқарған.

1999 жылы М.Дулати атындағы ТМУ-де 13.00.01 – мамандығы бойынша «Роль школы, семьи и внешкольных учреждений в экологическом воспитании младших школьников в работе по месту жительства (на материале Южно-Казахстанской области)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

2001-2009 жылдары ҚР Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің бұйрығымен М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың диссертациялық кеңесінде ғалым хатшы қызметін атқарған. 2003-2005 жылдары «Жас ғалым» президенттік стипендиясының иегері болған.

2005-2008 жылдары М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің жалпы педагогика және этнопедагогика кафедрасының докторантурасында «Теоретические и методологические основы формирования

экологической культуры школьников с использованием инновационных технологий в процессе внекласной деятельности» тақырыбында докторлық диссертация жұмысын жалғастырды. 125 ғылыми еңбектері жарияланған. Ш.Арзымбетованың Ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты, 9 магистрлік диссертациялар қорғалған.

2009 жылдың қазан айында ОҚО «Ынтымақ» этносаралық мәдени орталығы қоғамдық бірлестігінің» ұйымдастыруымен «Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу» тақырыбында жасаған ғылыми жобасы үшін «Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу бойынша ұйымдастырушылық – практикалық «Жас қайраты - елімнің» тренингі сертификатымен марапатталған. 2009 жылы М.Сапарбаев атындағы ОҚГИ–ның гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

2010 жылы ҚР БжҒМ №990 куәлігімен «Ыбырай Алтынсарин» төс белгісімен марапатталған.

2012 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және психология факультетінің деканы қызметін атқаруда.

## ҚОБЛАНОВ ЖАНПЕЙІС



**ҚОБЛАНОВ ЖАНПЕЙІС**

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы

*Қобланов Жанпейіс Нұрмаханбетұлы* 1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Мақталы ауылында дүниеге келді. 1984 жылы Шымкент педагогикалық институтын, 2003 жылы Алматы экономикалық университетін бітірді.1984-1986 жылдары Шымкент дене тәрбиесі техникумының мұғалімі, 1986-1991 жылдары Шымкент

дене тәрбиесі техникумында күндізгі бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары болып жұмыс жасады. 1991-2003 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі, спорт және туризм факультетінің деканы қызметін атқарды.1997 жылы «Активизация позновательной деятельности будущих учителей физической культуры» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, спорт істері комитетінің Өскемен қаласындағы қысқы спорт түрлерінен «Олимпиадалық даярлау орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның директоры, 2006-2009 жыл аралығында М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі, Дене тәрбиесі және туризм институтының директоры, 2009-2011 жылдары Қ.Мұңайтпасов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық спорт мектеп-интернаты директорының спортты іріктеу жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. 2011 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының қаржы жұмыстары және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры қызметін атқаруда.ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы. Халықаралық психология академиясының корреспондент мүшесі. «Астананың10 жылдығы», ҚР БжҒМ-нің Ы.Алтынсарин медалімен, ҚР БжҒМ-нің Құрмет грамотасымен марапатталған және ҚР білім беру ісінің үздігі, Қазақстан ұлттық Олимпиада Комитетінің құрмет белгісімен марапатталған. Қазақстан спортына сіңірген еңбегі үшін, ҚР құрметті спорт қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ОҚО Түлкібас ауданының Құрметті азаматы, ҚР «қазақ күресі» түрінен спорт шебері деген атақтардың иегері.

## ҚУАНЫШОВ САПАРБАЙ

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы, доцент



*Қуанышов Сапарбай Әбдіқайұлы* 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданына қарасты Қызыл таң елді мекенінде дүниеге келді. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген.

1969 жылдың 20 тамызынан Жамбыл облысына қарасты Меркі ауданы Гранитогорск мектеп-интернатында математика пәнінің мұғалімі болып қызмет жасады. 1969-1970

жылдар аралығында әскери борышын атқарып, 1970-1971 жылдар арасында Шымкент қаласындағы Локомотив ұйымында жаттықтырушы болды. 1971 жылы Шымкент педагогикалық институтының Спорт пәндері кафедрасында лаборант, аға лаборант қызметтерін атқарған. 1974-1979 жылдары Шымкент педагогикалық институтын дене тәрбиесі мамандығы бойынша бітірді.

1978 жылы грек-рим күресінен «Спорт шебері» атанды. 1981 жылдан Спорт пәндері кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарды. 1988 жылдан аға оқытушы, 1990 жылдан қазақша күрестен Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушы, 1992 жылдан доцент қызметіне тағайындалды. 1999 жылы ЖАК шешімімен педагогика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді. 1996-2002 жылдары "Сырдария" университетінде кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқарды. 2002 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімшесінің дене тәрбиесі кафедрасына доцент қызметіне қабылданды.

2011 жылдың қыркүйегінен С.Ә.Қуанышов Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының спорт және өнер факультетінде дене шынықтыру және спорт пәндері кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## АЛПАМЫСОВА ГҮЛЖАЙНА

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты



*Алпамысова Гүлжайна Байғонысқызы* 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында дүниеге келді. Созақ ауылындағы орта мектепті 1988 бітірген соң, М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға қабылданды. 1994 жылы аталған жоғары оқу орнын химия және биология пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады.

1994 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының бастауыш сыныпта жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданды.

1996-2002 жылдары "Сырдария" университетінде оқытушы, декан орынбасары қызметтерін атқарды.

2002 жылы Шымкент әлеуметтік – педагогикалық университетінде аға оқытушы, 2003-2005 жылдары оқу бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2004 жылы Оңтүстік Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми - өндірістік орталығының диссертациялық кеңесінде «Әр түсті қаракөл

қойының постнатальды даму кезеңіндегі жамылғы жүн түсінің өзгеруі» деген тақырыпта «Ауыл шаруашылығы малын өсіру, олардың селекциясы, генетикасы және көбеюі» мамандығынан кандидаттық диссертациясын қорғады.

2005-2009 жылдары Халықаралық гуманитарлы-техникалық университетте оқу бөлімінің бастығы қызметін атқарған.

2009-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің биология кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет етті.

Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының биология кафедрасының меңгерушісі. Осы уақытқа дейін Г. Алпамысованың 35 ғылыми еңбегі жарыққа шықты. Оның ішінде 2 оқу, 16 оқу-әдістемелік құралы бар. 17 ғылыми мақаласы аймақтық, республикалық басылымдарында жарияланды.

## ҚОЗЫКЕЕВА РАЙХАН

техника ғылымдарының кандидаты, доцент



*Қозыкеева Райхан Әбілдақызы* 1965 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Алтынтөбе ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы №7 орта мектепті бітірді.

1989 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Шымкент институтының жаратылыстану факультетін химия және биология мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімінің физикалық және коллоидты химия кафедрасына аға лаборант қызметіне қабылданды.

1995 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, 1999 жылы коллоидты химия мамандығы бойынша ”Метакрил қышқылы және тиомочевина негізінде суда еритін полиэлектролиттің алу әдістемесі мен технологиясын өңдеу” тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

1999 -2010 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті Шымкент институтының органикалық және физикалық химия кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарды. Р. Қозыкееваға 2006 жылы ҚР ЖАҚ шешімімен доцент ғылыми атағы берілді.

2010-2011 оқу жылында жаратылыстану факультеті деканының орынбасары қызметінде болды.

Р. Қозыкеева – 57 ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 2 авторлық куәлігі, 4 оқу құралы, 3 электрондық оқу құралы, 12 оқу-әдістемелік нұсқауы бар.

## ДАЙЫРБЕКОВ СЕРІК

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Дайырбеков Серік Сансызбайұлы* 1968 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, XXI партсъезд атындағы кеңшардың Қайтпас-2 бөлімшесінде дүниеге келген. 1985 жылы Тельман бөлімшесіндегі №29 орта мектеп-интернатты бітірді.

Еңбек жолын 1985 жылы Қайтпас-2 аулындағы сиыр фермасында слесарь қызметінен бастады. 1986-1993 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында оқып, оны математика, есептеуіш техника және информатика негіздері пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. 1987-1989 жылдар аралығында Россияның Брянск облысында әскери борышын өтеді. 1993-2008 жылдары ЖОО-дағы қызметіне қосымша Шымкент қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясында математика, информатика пәндерінен дәріс берді.

Жоғары оқу орнындағы қызметін 1993 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының алгебра, информатика және есептеуіш техникасы кафедрасында инженер-программист қызметінен бастады.

2004 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде доцент А.Әмірбекұлының жетекшілігімен Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (математика) мамандығынан «Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектеп оқушыларының математиканы оқу белсенділігін компьютер арқылы дамыту» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

2009 жылы ҚР БжҒМ ЖАК шешімімен 13.00.00-Педагогика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы бекітілді.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Сенатының 2011 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№6 хаттама) С.С. Дайырбековке Университет профессоры академиялық атағы берілді.

С.С. Дайырбековтың 38 ғылыми – әдістемелік еңбегі жарияланған. Кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін 24 ғылыми мақаласы, 2 тезисі, 2 оқу құралы мен 4 оқу-әдістемелік құралы баспадан шыққан және 1 электрондық оқулығы зияткерлік меншік құқығына ие болған.

1993-2011 жылдары ХҚТУ Шымкент институтында оқытушы, аға оқытушы, сырттай оқу факультеті деканының орынбасары, оқу бөлімінің бастығы болып қызмет істеді. 2008-2011 жылдары ХҚТУ-мен бір мезгілде Академиялық инновациялық университетте де оқу бөлімінің бастығы қызметін абыроймен атқарды.

2011 жылдың шілде айынан бері Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында оқу бөлімінің бастығы қызметін атқаруда.

## МАМАЕВ ҚАЙРАТ

филология ғылымдарының кандидаты



*Мамаев Қайрат Серікбайұлы* 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, "Күйік" кеңшарына қарасты Қызылдала аулында туған. 1974-1982 жылдары Қызылдала сегізжылдық мектебінде, 1982-1984 жылдары қазіргі Рабат аулындағы Жданов атындағы орта мектепте оқыған, 1984-1991 жылдары Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқыды. Оның арасында 1985-1987 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеді. Әскери шені – запастағы сержант.

1991 жылы математика мамандығы бөлімін үздік бітіріп шықты. Студенттік жылдары институттың қоғамдық өміріне белсене араласты, №4 жатақхананың студенттер кеңесін, факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясын басқарды.

Қ.С.Мамаев еңбек жолын 1991 жылы Шымкент педагогикалық институтының профессоры Қ.Бектаев басқаратын алгебра, информатика және есептеу техникасы кафедрасының жас маманы ретінде бастаған. 1991-1992 жылдары аталған кафедрада программалаушы, 1992-1994 жылдары оқытушы қызметтерін атқарды.

1994-1997 жылдары профессор Қ.Б.Бектаевтың жетекшілігімен қолданбалы, құрылымдық және математикалық лингвистика мамандығы бойынша Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыды. 1998-2007 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтының (ХҚТУ ШИ) оқытушысы, аға оқытушысы, сырттай оқу факультеті деканының орынбасары, 2007-

2008 жылдары ХҚТУ Шымкент институты магистратура бөлімінің, 2008-2011 жылдары Академиялық инновациялық университеттің (АИУ) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болды. 2006 жылы ХҚТУ ШИ, 2008-2010 жылдары АИУ, 2011-2012 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының (ОҚМПИ) қабылдау комиссияларының жауапты хатшысы қызметтерін қосымша атқарған.

2009 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.Ғ.Еркебаеваның жетекшілігімен математика, информатика және тіл білімі ғылымдарын ұштастыра отырып, “Лексикалық бірліктерді лингвостатистикалық талдау (бастауыш сыныптың “Ана тілі” оқулығы мен хрестоматиясы бойынша)” атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

2011 жылдан ОҚМПИ-де Инновациялық технологияларды ендіру және ақпараттық-сараптама орталығын басқаруда.

Қ.Мамаевтың 51 ғылыми-әдістемелік еңбегі жарық көрген. Ол – 25 ғылыми және 14 оқу-әдістемелік мақаланың, 5 оқу құралы мен 6 оқу-әдістемелік құралдың, 1 электрондық оқулықтың авторы. Атап айтқанда: “Компьютер – оқу жүйесінде” (1996), “Компьютерлік технология” (1998), “Қолданбалы информатика” (2000), “Контрольные работы по предмету “Численные методы” (2005), “Численные методы” (2007), “Сандық әдістер” (2010), “Сандық әдістер пәнінен лабораториялық жұмыстар” (2010) атты еңбектері ЖОО-лардың оқу процесінде заман талабына сай оқу құралдары ретінде пайдаланылып келеді.

## БАЙДЫБЕКОВА ЕРКЕ

педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор



*Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы* 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ елді мекенінде дүниеге келген. 1964 жылы Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы №7 қазақ орта мектебін алтын медальмен үздік бітірді. 1964-1968 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқыды. Оқуда да, қоғамдық жұмыстарда да үлкен белсенділік танытып, Лениндік стипендиат атанды. Ол жоғарғы оқу орнын 1968 жылы үздік бітіріп шықты.

Еңбек жолын 1968 жылы өзі оқыған М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында комсомол комитетінің хатшысы болып бастады. 1968-1975 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институты жоғары математика кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы; 1975-1986 жылдары педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы; 1990 жылы педагогика факультетінің деканы; 1991-1996 жылдары жаратылыстану пәндерін бастауыш сыныптарда оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі болды. 1997-2011 жылдары информатика және есептеуіш математика, ақпараттандыру, ақпараттық жүйелер кафедрасының доценті қызметін атқарды. 2011 жылдан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының информатика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқаруда.

Е.І.Байдыбекова 1984 жылы Абай атындағы педагогикалық институтының К.113.03.02. мамандандырылған кеңесінде профессор Х.К.Арғыновтың жетекшілігімен "Оқушылардың танымдық қызметін оқуға дайындау арқылы белсендіру" тақырыбында педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Оған 1988 жылы педагогика және жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесінің доценті атағы берілді. 2008 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры академиялық атағы берілді.

Ол – 129 ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектің, электрондық оқулықтың, 19 оқулық пен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның еңбектері Венгрия, Болгария, Ресейде де жарияланған. 2010 жылы ҚР Әділет министрлігі Е.Байдыбекованың «Информатика. Зертханалық жұмыстар» атты электрондық оқулығына зияткерлік меншік объектісін тіркеді. Бұл электрондық оқулық жоғары оқу орындарының оқу процесіне енгізілген.

Ұзақ жылдар бойғы ғылыми-педагогикалық еңбектері бағаланып, 1965 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Грамотасымен, 1987 жылы Қазақ ССР ағарту және жоғары білім беру министрлігінің Құрмет Грамотасымен, 1997 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының Грамотасымен, 1980 жылы "Материнство" медалімен және 2011 жылы "Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалімен марапатталды. Оның өнегелі өмірі мен еңбек жолы 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан әкімдігі шығарған «Аяулы, ардақты аналар» жинағына енген.

Байдыбекова Ерке Ізбасарқызы шәкірттерін білім мен ғылымының тереңінен сусындатумен қатар, оларға халқымыздың озық дәстүрлері негізінде тәлім-тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаз, ардақты ана. Ол сонысымен де әріптестерінің, шәкірттерінің құрметіне бөленіп жүрген мерейлі жан, Шымкент педагогикалық институтының мақтан тұтар түлегі.

## БЕРДАЛИЕВ ДӘУЛЕТБАЙ

физика-математика ғылымдарының кандидаты



*Бердалиев Дәулетбай Тұрдалыұлы* 1971 жылы Ташкент облысы, Жаңа жол ауданы, Жамбыл кеңшарында дүниеге келген. 1977-1987 жылдары Жызақ облысы Арнасай ауданындағы №4 М.Әуезов атындағы орта мектепте оқыды. Еңбек жолын 1987 жылы Жызақ облысы, Арнасай ауданының №18 КТУ-де инструментші болып бастады. 1988 жылы Шымкент педагогикалық институтының физика мамандығына студент қатарына қабылданды. 1993 жылы аталған мамандықты үздік бітіріп, сол жылы физика кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданды. 1993-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының, Академиялық инновациялық университеттің физика кафедрасында оқытушы болып қызмет етті. 2006-2010 жылдары ҚР Ұлттық ядролық орталықтың ядролық физика институтында, радиациялық материалтану лабораториясында “Нейтрондармен және зарядталған бөлшектермен сәулеленген тот баспайтын аустенитті болаттардағы мартнеситтік түрленулерді зерттеу” тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстарын жүргізді. 2010 жылы «Конденсацияланған күй физикасы» мамандығы бойынша «Исследование прямого мартенситного $\gamma \rightarrow \alpha'$ превращения, индуцированного деформацией в нержавеющих сталях 12Х18Н10Т и 12Х18Н9, облученных нейтронами и заряженными частицами» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылы 31 қаңтардағы шешімімен Бердалиев Даулетбай Тұрдалыұлына физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 2011 жылы қыркүйек айынан бастап, ОҚМПИ математика, физика және кәсіптік оқыту кафедрасының аға оқытушысы. Қазіргі уақытта Д.Т.Бердалиевтің 40-тан астам ғылыми еңбектері бар.

## РАХАШЕВ БАҚЫТҒАЛИ

физика-математика ғылымдарының кандидаты



*Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы* 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. 1977-1988 жылдар аралығында Түлкібас ауданындағы С.Сейфуллин атындағы №15 орта мектепте білім алып, 1988 жылы Шымкент педагогикалық институты физика-математика факультетінің физика және информатика мамандығына студент қатарына қабылданды. 1993 жылы аталған мамандықты қызыл дипломмен бітіріп, сол жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент бөлімінің физика кафедрасында аға лаборант ретінде еңбек жолын бастады. 2003-2006 жылдары аталған оқу орнының физика-математика факультеті деканының орынбасары, 2006-2009 жылдары факультеттің офис тіркеушісі қызметтерін атқарды. 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы ядролық физика институтының базасында ғылыми жұмыстар жүргізіп, Д.60.01.01 диссертациялық кеңесте «Исследование обратного мартенситного $\alpha^{/}\rightarrow\gamma$ превращения в облученных высокоэнергетическими частицами деформированных нержавеющих сталях 12Х18Н10Т и 08Х16Н11М3» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Бүгінгі күнге дейін Б.Рахашевтің 50-ге жуық ғылыми еңбектері мен оқу-әдістемелік құралдары арнайы басылымдарда жарық көрді.

## НИЯЗЫМБЕТОВ АСХАТ

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Ниязымбетов Асхат Дүйсенбекұлы* 1967 жылы ОҚО Түлкібас ауданы Түлкібас бекеті Кемербастау елді мекенінде дүниеге келген.

1984 жылы Түлкібас станциясындағы №11 Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектепті бітірді.

1985-1987 жылдары КСРО қарулы күштерінің теңіз флотында әскери борышын өтеді.

1988 жылы М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының физика – математика факультетінің математика-информатика мамандығына оқуға түсіп, аталған институтты 1993 жылы үздік дипломмен бітіріп шықты. 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтының

“Алгебра және есептеуіш техникасы” кафедрасына оқытушы болып орналасты. 1998 – 2001 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қолданбалы математика мамандығы бойынша аспирантурада оқыған. 2005 жылы Физика-математика зерттеулер орталығына қарасты Ө.А.Жолдасбеков атындағы Механика ғылыми-зерттеу институтында физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ”Начально краевые задачи и задачи сопряжений консолидации неоднородных грунтов” деген тақырыпта диссертация қорғады. 2011 жылы ҚР БжҒМ ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағын алды.

2011 жылдың қыркүйек айынан бері ОҚМПИ-де жоғары математика және физика кафедрасында доцент қызметінде.

## БЕРДАЛИЕВА ТІЛЛӘ

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Бердалиева Тіллә Досыбекқызы* 1953 жылы Өзбекстандағы Жызақ облысы, Шымқорған кеңшарына қарасты елді-мекенде дүниеге келді. 1970-1974 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқып, физика пәнінің мұғалімі мамандығын алды. 1974-1977 жылдары жолдама бойынша Жызақ облысы, Фарш ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы №3 орта мектепте физика және математика пәнінің мұғалімі болып қызмет істеді.

1977-79 жылдары Шымкент педагогикалық институтында физика кафедрасының аға лаборант болып қызмет істеді, сонымен қатар жұмысшы жастар үшін ашылған кешкі дайындық курсында сабақ берді. 1980-1981 жалпы физика кафедрасының оқытушысы, 1981-1984 кафедраның машықтанушы-зерттеушісі қызметтерін атқарды. 1984-1988 жылдары Мәскеуде Педагогикалық ғылымдар академиясының «Оқыту мазмұны мен әдістері» ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқыды. 1988 жылы ақпан айында «Домашние работы экспериментального характера как средства формирования умений учащихся самостоятельно пополнять знания по физике» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1988 жылдың наурыз айында Шымкент педагогикалық институтына қайта оралып, аға оқытушы ретінде оқу орнындағы қызметін жалғастырды. Т.Бердалиева 1995-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының, Академиялық инновациялық университеттің физика кафедрасының доценті, меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерінің жалпы саны - 79.

2011 жылдың қыркүйегінен бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының физика кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## БЕГДАУЛЕТОВА ҚАРЛЫҒАШ
философия ғылымдарының кандидаты



*Бегдаулетова Қарлығаш Дүйсенбекқызы* 1967 жылы Алғабас ауданы (қазіргі Бәйдібек ауданы), Боралдай елді мекеніне қарасты Тұрақты бөлімшесінде дүниеге келді.

1973-1983 жылдары Шымкент қаласы №44 Н.Островский (қазіргі Бауыржан Момышұлы) атындағы мектепті оқып, тәмамдаған. 1983-1987 жылдары Шымкент қаласы Ішкі істер басқармасында әл-Фараби ауданының күзет бөлімінде оператор қызметін атқарды.

1987-1992 жылдары М. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны тарих және педагогика мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шықты. 1988 жылы Бүкілодақтық Жастар Одағының Орталық Комитеті мен КСРО Жоғарғы және орта мамандандырылған білім министрлігінің "Үздік оқығаны үшін" ("За отличную учёбу") куәлігімен марапатталды.

1992-2004 жылдары Қазақ химия технологиялық институтының мәдениеттану кафедрасына, 2004 жылдан бастап Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ философия кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданды.

2007 жылы сәуір айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Д14А.01.35 диссертациялық кеңестің мәжілісінде 24.00.01 – мәдениет теориясы және тарихы мамандығы бойынша философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін "Қазақ тарихи философиясы қалыптасуының мәдени-өркениеттік үрдістері" тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 2007 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

2007-2008 оқу жылында Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ философия және әлеуметтану кафедрасында кафедра меңгерушісінің көмекшісі, 2008-2010 оқу жылы тарих және заң факультетінің оқу-әдістемелік жұмысына жауапты (төрайымы), 2010-2011 оқу жылының I жарты

жылдығында Философия және әлеуметтану кафедрасының кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Қ.Д.Бегдаулетованың 2 оқу құралы, 2 лекциялар жинағы, монографиясы, МАБ бойынша философия пәнінен тест сұрақтары, 40-тан астам ғылыми мақалалары арнайы басылымдарда жарияланған.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының география және қоғамдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқаруда.

## ТӘЖІТАЕВА РАЯ

саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент



*Тәжітаева Рая Сейілқызы* 1963 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Ақарыс ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Ақарыс ауылындағы Қызыл Октябрь орта мектебіне оқуға барып, оны 1980 жылы бітірді.

1980-1985 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетінде оқып, білім алды.

1986-1991 жылдары Төлеби ауданы, Ақжар ауылындағы орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. 1993 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтының педагогика кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданды. 1996 жылы саясаттану кафедрасына аға оқытушы болып ауысты. Р.Тәжітаева 2003-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында, Академиялық инновациялық университетте саясаттану кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2001 жылы «Қазақстан азаматтарының саяси құндылықтарының қалыптасу процесі (этникалық аспектілер)» деген тақырыпта «23.00.02. – саяси институттар, этносаясат, конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының география және қоғамдық пәндер кафедрасының доценті қызметін атқаруда.

## ТҰРАШБЕКОВ ӘБДІЖАПБАР

философия ғылымдарының кандидаты



*Тұрашбеков Әбдіжапбар* 1950 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Көксәйек ауылында дүниеге келген. 1971-1976 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқып білім алды. Еңбек жолын 1976 жылы Төлеби ауданындағы №9 кәсіптік-техникалық училищеде мұғалім болып бастады. 1977 жылы аудандық және облыстық комсомол комитетінде қызмет атқарды. 1978-1983 жылдары халықаралық «Спутник» жастар туризмі комитетінің төрағасы болды. 1986 жылдан Шымкент мәдениет институтында оқытушы болып еңбек етті.

1989 жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық институтта кандидаттық диссертация қорғады. 1989-2001 жылдары іскерлер және кооперация қызметкерлері кәсіподағы облыстық кеңесінің төрағасы, 2001-2006 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың аға оқытушысы қызметінде болды. 2006-2010 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ тарих факультетінің философия кафедрасында ұстаздық қызмет атқарды.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының география және қоғамдық пәндер кафедрасының доценті қызметін атқаруда.

## АЙТАЙ БАҚАДЫР



**АЙТАЕВ БАҚАДЫР**

тарих ғылымдарының кандидаты

***Айтай Бахадыр Сатыбалдыұлы* 1972 жылы Өзбекстан Республикасының Ташкент облысы, Орта Шыршық ауданында туды. 1979-1989 жылдары № 31 қазақ орта мектебінде оқыды.**

1989 жылы Ташкент қаласындағы Низами атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың тарих мамандығына құжаттарын тапсырып, емтихандарын сәтті тапсырған соң арнайы іріктеу бойынша Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық институтының тарих-педагогика мамандығына ауыстырылды.

1994 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының (1991-2007 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Шымкент институты) тарих-педагогика факультетін тәмамдады.

Еңбек жолын 1994 жылы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан араб тілі институында тарих пәнінің оқытушысы болып бастады. 1994-2007 жылдары аталған жоғары оқу орнында аға оқытушы, тарих факультетінің деканы, тәрбие істері жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық келісім басқармасында бас маман болып істеді.

2004 жылы Р.Б.Сүлейменов атындағы Алматы шығыстану институтының шығыстық деректану, Шығыс халықтарының тарихы және мәдениет бөлімінің ізденушісі болып қабылданады.

07.00.09-Тарихнама, деректану және тарихи зерттеудің әдістері мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін «А.Г.Серебренников мұрағаты - патшалық Ресейдің Түркістан өлкесін отарлау саясатының тарихи дереккөзі (1840-1870 жж.)» атты тақырыпта 2007 жылы 6 сәуірде Р.Б.Сүлейменов атындағы Алматы шығыстану институтында сәтті қорғап шығады. Ғылыми жетекшісі - тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов.

2007 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент Инстиутына аға оқытушы болып қабылданды.

Екі оқу құралы, тарих, дін және қоғам мәселелеріне қатысты 60 тан астам ғылыми, публицистикалық мақалалары жарық көрген.

«А.Г. Серебренников мұрағаты – патшалық Ресейдің Түркістан өлкесін отарлау саясатының тарихи дереккөзі (1840-1870 жж.)» атты (416 бет) 25 баспа табақтан тұратын тарихи деректер жинағын

құрастырды. Ол 2011 жылы ТОО «Кітап» баспасынан 100 данамен жарық көрді.

2005 жылы АҚШ мемлекеттік департаменті қаржыландыратын «Легаси интернешнл» атты халықаралық ұйымының білім Грантын жеңіп алып, Вирджиния, Нью-Йорк, Мэриленд штаттарына іссапармен білім және діни ұйымдарының жұмысы туралы тәжірибе алмасып қайтты.

Облыс әкімшілігі, Шымкент қаласының білім бөлімі және Жоғары оқу орындарының басшылығы тарапынан бірнеше алғыс хат, мақтау грамоталарымен марапатталған. ОҚО «Нұр Отан» партиясының, облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Елбасының жылсайынғы Жолдауларын насихаттау тобының мүшесі. 2011 жылы Тәуелсіздіктің 20 жылдығын насихаттау тобының мүшесі болып атсалысқаны үшін ОҚО ішкі саясат басқармасының бастығы Б.Жалмырзаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақстан және әлем тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқаруда.

## БЕЙСЕНБЕКОВ ЖАЛҒАСБЕК

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Бейсенбеков Жалғасбек* 1967 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келді. 1984 жылы №55 орта мектепті бітіріп, сол жылы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының көркемсурет және графика факультетіне оқуға түсіп, 1991 жылы бітірді.

1990 жылдан бастап Шымкент қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы №50 орта мектепте мұғалім, 1994 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бастауышты оқытудың педагогикалық әдістемесі факультетінде оқытушы қызметін атқарды. 1996-1997 жылдары университеттің жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы міндетін атқарған. 1997-1999 жылдары Москва қаласындағы В.И.Ленин атындағы Мемлекеттік педагогикалық университетте арнайы дайындықтан өтіп, 1999 жылы «Ауылдық мектептерде теріні көркемдеп өңдеуде үйірме сабақтарын

ұйымдастырудың педагогикалық негіздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2001 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, деканның тәрбие ісі жөніндегі, ғылыми істер жөніндегі орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 2007 жылы ОҚО Түркістан қаласының «Нұр Отан» ХДП-сы төрағасының мақтау қағазымен марапатталған.

2011-2012 оқу жылынан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының музыкалық білім және бейнелеу өнері кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

## ЕСІМОВА АЙГҮЛ

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

ассоциациясының, Ресей социологтары қоғамының және Қазақстан демографтары ассоциациясының мүшесі.



34 жылдық ғылыми- зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 60-тан астам ғылыми және әдістемелік еңбегі жарық көрді. Оның ішінде КСРО-ның 2 авторлық куәлігі, физика тарихы-1 және физика тарихы-2 атты оқу әдістемелік құралы баспадан жарық көрді. Физика пәнінің бірнеше тарауына арналған 10 бейне- мультимедиялық және электрондық оқу құралын дайындады.

## ИСМАИЛОВ КЕНЕС (1965-2019)

заместитель редактора газеты «Южный Казахстан»



*Исмаилов Кенес Серикбаевич* – журналист, поэт, писатель, бард; выпускник филологического факультета Чимкентского педагогического института. В студенческие годы был заместителем секретаря комитета комсомола, после учебы работал на кафедре методики преподавания русского языка и литературы.

Кенес Исмаилов известен в журналистской среде страны и среди широкой общественности как грамотный, толковый, интерактивный пресс-секретарь акима Южно-Казахстанской области. Его знаменитую фразу «Шымкент – это лучший город в мире!» знают практически все корреспонденты республики, приезжавшие хоть однажды в южный регион. А те, кто этого никогда не слышал, после презентации Кенеса о его любимом городе и области (смотрите фильм Бахыта Каирбекова «9-ая территория»), понимают, что Южный Казахстан – это действительно уникальный край.

Проработав многие годы в пресс-службе акимата г. Шымкента, Кенес Исмаилов работал на должности заместителя редактора областной общественно-политической газеты «Южный Казахстан».

В среде творческой интеллигенции Кенеса Исмаилова высоко ценят как состоявшегося писателя и одаренного поэта; о его поэтическом и писательском призвании говорят критики и литературоведы, студенты пишут курсовые и дипломные работы по его произведениям. Книги К. Исмаилова «Дерн» и «Тоскаул», сборники стихов и песен написаны с большой теплотой и проникновенностью чувств, и все они обращены к своей родине и ее людям. Новый сборник рассказов под названием «Блокнот» – еще одно признание в любви отечеству, близким и родным: все, на что падает его взгляд, вызывает его любовь, приятие существующего таким, как оно есть. В этом весь Кенес Исмаилов, в чем и сказывается «гуманная» и «гуманитарная» сила воспитания литературой и культурой языка.

Еще одна очень яркая и общепризнанная сторона его личности – увлеченность альпинизмом. Кенеса уважают не только как покорителя вершин, но и как автора великолепных поэтических творений. В большинстве из них Кенес восхищается красотой Тянь-Шанских гор и предгорий, долин и ущелий, повествует об удовольствии, получаемом от незабываемых встреч у костра с друзьями и единомышленниками.

Кенес Исмаилов имеет большое количество похвальных грамот и дипломов, в том числе от международных организаций. Сам он больше всего гордится тем, что является почетным работником

туризма Республики Казахстан, дипломантом Союза Журналистов РК и лауреатом международного конкурса авторской песни «Астана-2010». Его песни с удовольствием слушают в разных кругах, их знают наизусть, исполняют в походах у костра или просто в дружеской компании.

## ОҢТАЕВ БЕЙСЕН (1922-1991)

Кеңес Одағының Батыры



*Оңтаев Бейсен Сейітұлы* 1922 жылы Ордабасы ауданы, Қараспан ауылында дүниеге келген. Ол – соғыс және еңбек ардагері. Соғысқа дейін Шымкентте ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, Отырар, Мақтарал аудандарында жер суландыру жүйесінде жұмыс істеді. 1942 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Қызыл тулы 69-Севск атқыштар дивизиясының 120-полкі құрамында соғысқа қатысты. Днепрден өту кезіндегі ұрыста барлаушы Оңтаев асқан ерлік пен батырлық көрсетті. Осы ерлігі үшін Б.С.Оңтаевқа 1943 жылдың 30 қазанында Кеңес Одағының Батыры құрметті атағы берілді. Б.С.Оңтаев соғыстан кейін Шымкент мұғалімдер институтын бітірді. Ұзақ жылдар мектеп директоры болып қызмет істеді. Б.С.Оңтаев Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Туған ауылына, ондағы орта мектепке есімі берілген.

## ТАСОВА МАРЖАН (1923-2002)

Социалистік Еңбек Ері



*Тасова Маржан Тасқызы* 1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында дүниеге келген. Ол орталау мектепті бітіргеннен кейін Түркістан педучилищесінде оқыды. 1940 жылы педучилищені бітірген соң, білімін одан әрі толықтыру мақсатында Н.К.Крупская атындағы Шымкент мұғалімдер институтына оқуға түсті. Иститутттың бірінші курсында оқып жүрген кезде Ұлы Отан соғысы басталады. Маржан Тасқызының оқуға мүмкіндігі болмай, Алғабас ауданындағы Төрткүл орталау

мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Соғыстан кейін мұғалімдер институтындағы оқуын жалғастырып, оны 1948 жылы аяқтайды. М.Тасова 1956 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын бітіреді.

1943-1946 жылдары Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданындағы әл-Фараби атындағы орталау мектепте директор болып жұмыс істеді. 1946-1952 жылдары Шымкент облыстық партия комитетінде нұсқаушы, қалалық партия комитетінде бөлім бастығы қызметтерін атқарады. 1952-1959 жылдары Шымкент қаласында Сыпатаев атындағы №7 мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.

Маржан Тасқызы 1960 жылы Шымкент қаласындағы №2 қыздар интернатында директор болады. 1961 жылдан 1984 жылға дейін Шымкент қаласындағы №12 мектеп-интернаттың директоры қызметін атқарып, 1984 жылы бүкілодақтық дәрежедегі құрметті демалысқа шығады.

1984-1987 жылдар арасында облыстық педагогикалық қоғамның бастығы болды. Маржан Тасқызы өзінің еңбекке толы өмір жолында облыстық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болып сайланды. Сондай-ақ, қалалық партия комитетінде пленум мүшесі, облыстық кәсіподақ ұйымы президиумының мүшесі болып бірнеше рет сайланды. Кеңес үкіметі кезінде болған мұғалімдердің бүкілодақтық ІІ, ІІІ съездеріне делегат болып қатысты. Өзінің педагогтік іс-тәжірибесінен «Мектеп-интернат және эстетикалық тәрбие» деген еңбек жазды. Кезінде бұл еңбек бүкіл республика мектеп-интернаттарына озат тәжірибе ретінде таратылды.

Республикаға, одаққа танымал болған ғалымдар, қаламгерлер, академик Ө.Жолдасбеков, С.Темірбеков, Ә.Монтаев, Е.Мырзаев, Ә.Әлиев, Т.Қазақбаев, Т.Қалменов, А.Ақаев т.б. көрнекті тұлғалар М.Тасованың қолында тәрбиеленген. 1977 жылы қазан айында Маржан Тасқызы Монғолия халық республикасына Шымкент облыстық партия комитетінің делегациясымен бірге барып қайтты. Ұзақ жылдардағы педагогтік қызметі үшін Маржан Тасқызы «1941-1945 жылдардағы Отан соғысы кезінде үздік еңбегі үшін» медалімен «Еңбек қызыл Ту» орденімен, «Лениннің 100 жылдығы» медалімен», «Қазақ КСР-інің, «КСРО-ның озат мұғалімі», «Ұлы Отан соғысының 20 жылдығы» және 30, 40, 45 жылдардағы медальдарымен марапатталды. 1978 жылы Маржан Тасқызы Кеңестер Одағындағы ең жоғары марапат – Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Маржан Тасқызы өзінің бүкіл өмірін жастарды тәрбиелеуге арнады, елінің болашағы үшін аянбай тер төкті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.10.2003. жылғы қаулысымен, Шымкенттегі №12 мектеп-интернатқа осы мектептің негізін қалаған ұлағатты ұстаз, Социалистік Еңбек Ері Маржан Тасованың есімі берілді. Мектеп-интернатта М.Тасоваға арналған мұражай бар.

## АСЫЛБЕКОВ МАЛИК-ХАЙДАР (1929-2015)

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР
мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері



*Асылбеков Малик-Хайдар Хантемірұлы* 1929 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданы, Шардара ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Шымкент мұғалімдер институтын, 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген.

Еңбек жолын ауыл мұғалімі қызметінен бастайды. Жас болса да ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, оған орта мектепке жетекшілік ету сеніп тапсырылады, кейінірек Қызылқұм аудандық оқу бөлімін басқарады.

1958 жылы А.Н.Нүсіпбеков, Б.С.Сүлейменов, Г.Ф.Дахшлейгер және т.б. аға буын тарихшы-ұстаздарының шақыруымен Алматыға келіп, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтына кіші ғылыми қызметкер лауазымына жұмысқа тұрады. Осы уақыттан бастап оның өмірі, қызметі ғылыми зерттеушілік жұмыспен байланысты өтеді.

Жас ғалым 1963 жылы ҚазКСР ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғалым хатшысы қызметіне шақырылды. Бұл қызметте академиктер ҚазКСР ҒА вице-президенті С.Б.Бәйішевпен, бөлімнің академик-хатшысы М.С.Сильченкомен және оның орынбасары С.К.Кеңесбаевпен жұмыс істеуі оның ғылыми шығармашылық деңгейінің өсуіне зор ықпал етті. Ғалым ҚазКСР ҒА Президиумы аппаратындағы әкімшілік жұмысты ғылыми-зерттеу ісімен табысты ұштастырды.

1968 жылы М-А.Х. Асылбеков ғылымдағы әкімшілік жұмыспен айналысуды тоқтатып, өз қызметін тарих ғылымына толықтай арнайды. Алғашында Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында аға ғылыми қызметкер, ал 1980 жылдан бері бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

М.Асылбековтің 200-ден астам ғылыми еңбегі, 5 монографиясы жарық көрген. Ол терең эрудициялы, кең ауқымды тарихтың сан-салалы бағытын қамтыған еңбектерді дүниеге әкелді. «Қазақ ССР тарихы» бес томдық (көне заманнан бүгінге дейін), «Советтік Қазақстан жұмысшы табының тарихы» екі томдық, «Қазақстан тарихы. Очерктер» қазақ және орыс тілдерінде (1993-1994 жж.), «Қазақстан

тарихы» ағылшын тілінде (1998 ж.) т.б. жарияланған күрделі еңбектердің авторы. Бұл түйінді, іргелі еңбектерде ғалым Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр тарихының проблемаларын қарастырған.

Ғалымның жетекшілігімен тарих ғылымдарының 10 докторы, 45 ғылым кандидаты диссертацияларын қорғап шыққан.

Қазақстанның көрнекті ғалымы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі. М-Х.Х.Асылбеков «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақты иеленді. 2000 жылдан ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

## БАЙТАНАЕВ БОЛАТ (1944-1998)

филология ғылымдарының докторы, профессор



*Байтанаев Болат Әбішұлы* 1944 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданындағы Шәуілдір ауылында дүниеге келген.

1967 жылы Шымкент педагогика институтының филология факультетін ұлт мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, әл-Фараби атындағы мәдениет институтында оқытушы болып еңбек жолын бастайды. 1974 жылы «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының ауызша поэтикалық дәстүрі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған жас ғалым 1975 жылы доцент, 1976 жылы кафедра меңгерушісі болып сайланады. 1978 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры, академик Е.А.Букетовтің шақыруымен кафедра меңгерушісі, ал 1979 жылдан бастап филология факультетінің деканы болып он жылдан астам қызмет атқарды.

1991 жылы қасиетті Түркістанда халықаралық деңгейде ашылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы университеттің алғашқы проректоры болып, университеттің қалыптасуына үлесін қосқан. 1994 жылы «Қазақ романының көркемдік құрылымындағы ауызша поэтикалық дәстүрлер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

1996 жылдан бастап өмірінің соңына дейін М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы болып қызмет етті. Бойындағы бар күшін сарп етіп, еңбек жолында жан аямай қажырлы еңбек ету Болат Әбішұлының ең басты

қасиеті еді. Ол тек ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен қатар үлкен ғалым, әдебиет зерттеушісі еді. Оның қазақ прозасындағы жанрдың қалыптасуы, қайнар көзі туралы ізденістері жеке кітап болып жарық көрді.

Болат Байтанаев – «Жанр бастаулары» (1976) және «Қазақ романының көркемдік бітіміндегі ауызша поэтикалық дәстүр» (1994) деген тақырыпта жарық көрген екі монографиялық еңбектің және 40-тан аса ғылыми мақалалардың авторы.

## САЙРАМБАЕВ ТАЛҒАТ (1937-2009)

филология ғылымдарының докторы, профессор



*Сайрамбаев Талғат* 1937 жылы Алғабас ауданы, Сыпатаев атындағы кеңшарда дүниеге келген.

1960 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. 1961-1964 жылдары А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының аспирантурасын оқып, бітірген соң, 1964-1971 жылдары Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында оқытушы болды. 1971-2009 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасының доценті, меңгерушісі, профессоры және тіл білімі бойынша кандидаттық, докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрағасы қызметтерін атқарды.

Т.Сайрамбаев 1966 жылы кандидаттық, 1983 жылы докторлық диссертациясын қорғаған. 1985 жылдан профессор. 30-дан астам ғылым кандидатын, 4 ғылым докторын даярлады. 200-ден астам жарық көрген ғылыми мақалалары мен еңбектері бар. Негізгілерін атасақ: «Қазіргі қазақ тілі, І бөлім. Сөз тіркесі» (1973), «Сөз тіркесі құрылысының кейбір мәселелері» (1976), «Есім пысықтауыш» (1976), «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар» (1980), «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» (1981), «Сөз тіркесі мен жай сөйлем» (1996) т.б. еңбектерін студенттер мен магистранттар, аспиранттар пайдалануда.

## КИРЮХИН ЮРИЙ



*Юрий Георгиевич Кирюхин* родился 29 июля 1944 года в городе Талды-Кургане. В 15 лет начал работать каменщиком-печником, одновременно учился в вечерней школе. Высшее образование получил в Шымкентском педагогическом институте, затем – в Алматинской высшей партийной школе. Учитель, политолог, комсомольский и партийный работник, Ю.Кирюхин на каждом поприще был верен своему принципу – творчески, без остатка отдаваться порученному делу.

Одна из граней его творческой натуры – публицистика, именно она стала главным призванием Ю. Кирюхина на переломе эпох. В 1991 году он становится главным редактором областной общественно-политической газеты «Южный Казахстан». Под руководством Ю.Кирюхина газета стала одним из самых популярных изданий в регионе. Член Союза журналистов Казахстана, член Ассамблеи народов РК, член бюро и политсовета областной организации партии «Отан».

## СОПБЕКОВ ҮСІПБЕК (1920-1996)

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері



*Сопбеков Үсіпбек* 1920 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Кемербастау ауылдық кеңесі, Коммунизм кеңшарында шаруа отбасында өмірге келген.

1929-1934 жылдары ауыл мектебінде, кейіннен Түлкібас ауданы Балықшы орта мектебінде оқып, 9 сыныптық білім алады. Түлкібас аудандық халыққа білім беру бөлімі жанындағы мұғалімдерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру курсын бітіреді.

1939 жылдың қыркүйегінен 1940 жылдың қазан айына дейін Түлкібас ауданы Дехан кеңшарында бастауыш мектеп мұғалімі қызметін атқарады.

1939 жылдың қазан айында әскер қатарына алынып, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, Мәскеуді, Шығыс Пруссияны, Польшаны, Чехословакияны азат етуге қатысады. Ұлы жеңісті Берлинде қарсы алып, 1945 жылы елге оралады. 1942 жылы қан майданда коммунистік партия қатарына қабылданады. 1945-1951

жылдар аралығында Түлкібас аудандық халыққа білім беру бөлімінің жолдамасымен Түлкібас ауданы, Күмісбастау колхозында бастауыш мектептің меңгерушісі болып істейді.

1949-1951 жылдары Шымкент педогогикалық училищесін жеделдетілген негізде бітіріп, оқуын Н.Крупская атындағы Шымкент мемлекеттік мұғалімдер институтында жалғастырады. 1953 жылы аталған институтты үздік дипломмен бітіреді. 1954-1959 жылдары Шымкент мемлекеттік педагогикалық инстутын орыс мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып бітіреді.

1959-1967 жылдары Шымкент қаласындағы №56, №19 және №26 мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып істейді. 1960-1967 жылдары облыстық радио мен теледидарда қосымша дикторлық қызмет атқарады. 1967-1988 жылдар аралығында Түлкібас ауданы, Ю.Гагарин атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, кешкі мектеп директоры болып істейді.

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Ү.Сопбеков "ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы" орденінің, "Мәскеуді қорғағаны үшін", "Ұлы Отан соғысына 20 жыл, 30 жыл, 40 жыл, 50 жыл", "Еңбек ардагері" медальдарының иегері, бүкіл ғұмырын бала оқытуға арнаған өнегелі ұстаз.

## ТОЙШИЕВА ТҰРҒАНАЙ (1930-2004)

ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, еңбек ардагері



*Тойшиева Тұрғанай Тойшықызы* 1930 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 1949 жылы Шәуілдір ауылындағы Жамбыл атындағы орта мектепті, 1949-1951 жылдар аралығында Н. Крупская атындағы Шымкент мұғалімдер институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіреді.

1951-1953 жылдары Шәуілдір ауылы Кеңес бастауыш орта мектебінің мұғалімі болып қызмет жолын бастады. 1953-1957 жылдары Шаян орта мектебіне ауысып, сонда мұғалімдік қызметін атқарған. Сол жылдары 1953-1955 жылдары Шаян аудандық Кеңесінің 13 шақырылымының депутаты болып сайланған.

1957-1958 жылдары Георгиевка ауданы, Ворошилов орта мектебі, 1958-1959 жылдары М. Горький атындағы орта мектепте жұмыс істеген.

1961 жылы Шымкент педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті мамандығын үздік дипломмен бітірген. ЖОО бітірген соң, 1964 жылдарға дейін Қайнарбұлақ орта мектебінде, 1964-1977 жылдары Алғабас ауданы, Глинково ауылындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепте қызмет атқарды.

Осы кезеңдердегі жеткен жетістіктері үшін 1968 жылы «ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағымен, 1970 жылы И. Лениннің 100 жылдығына орай «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 1971 жылы облыстық кеңес депутаты болып сайланған. 1977-1983 жылдары Алғабас ауданы, Красная Нива совхозындағы К.Сәтпаев, 1984-1986 жылдары С.Ерубаев атындағы орта мектебінде қызмет атқарған.

Тұрғанай Тойшықызына Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1978 жылы 23 мамырдағы жарлығы бойынша ҚазССР-на «Еңбегі сіңген мұғалім» құрметті атағы беріліп, Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаттығына сайланды. 1980 жылы «Методист мұғалім» деген атақ беріліп, 1983 жылы «Еңбек ардагері» медалін иеленген.

## МАРЫ АЙТМАХАМБЕТ (1937-2008)

химия ғылымдарының кандидаты



*Мары Айтмахамбет Марыұлы* 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. Қарасу ауылындағы С.Орджоникидзе атындағы орта мектепті үздік бітірген соң, 1954 жылы Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіндегі физика, өндіріс негіздері, сызу мамандығына студент болып қабылданды.

1959 жылы институтты үздік белгімен бітіргеннен кейін ол алдымен Шымкент қаласындағы Жамбыл атындағы №26 орта мектепте екі жыл, одан кейін №12 мектеп-интернатта 5 жыл физика пәнінің мұғалімі болып қызмет етті. 1966 жылдан бастап оның оқытушылық қызметі Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіндегі физика кафедрасында жалғасты. Өндірістен қол үзбей жүріп ол КСРО Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесіндегі Неорганикалық химия институтында «Масс-спектрометрический анализ кадмия, теллура, ртути и их соединений» деген тақырыпта диссертация дайындады. 1988 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ

мемлекеттік университетінде диссертация қорғап, химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Ал 1996 жылы ҚР ЖАК шешімімен доцент атағы берілді.

Мары Айтмаханбет Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтында, Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында физика курстары бойынша лекциялық, практикалық және лабораториялық сабақтарды жоғары ғылыми-теориялық деңгейде жүргізді, студенттердің ғылыми жұмыстарына үнемі жетекшілік етіп отырды. Ол – 30-дан астам ғылыми еңбектердің авторы. Оның мақалалары КСРО Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесінің «Известия» журналдарында, «Аналитика Сибири», «Процесс роста и синтеза полупроводников, кристаллов и пленок», «Высоко-чистые вещества» және «Специальный сборник /ДСЦ/» арнайы жинақтарда жарық көрген. Германиядағы Дрезден қаласында «High-Pority materials in Science and Tehnology: Proc.6-th Internation Symposium» атты симпоузимға қатысып, ғылыми мақалаларын жариялады. Физика мамандығының студенттеріне арнайы «Физика сабақтарының өлшеу және өлшеу нәтижелерін бағалау» (1994ж.), «Жалпы физикалық практикум» (2004ж.) және т.б. оқу құралдарын шығарды.

Ұстаздық қызметімен қатар кафедра мен факультетте бірқатар қоғамдық жұмыстар атқарған: декан орынбасары, тәлімгер, оқу лабораториясының меңгерушісі, институттың ревизиялық комиссиясының төрағасы, оқушылардың қалалық, облыстық олимпиадасын өткізудегі комиссия мүшесі. Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының, Халықаралық қазақ-түрік университетінің алғыс хаттарымен, «Ерен еңбегі үшін» (1986ж.) медалімен марапатталған.

Мары Айтмаханбет 2002-2007 жылдары Шымкент әлеуметтік-педагогикалық институтында физика-математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

## ЖОЛДАСОВ СӘБИТ (1940-2015)

тарих ғылымдарының докторы, профессор



тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жолдасов Сәбит 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын орта мектепті бітірген соң, 1957 жылы колхозда көмекші-шопан, астық дайындау мекемесінде жүк тасушы болып бастады. Кейінірек Шаян аудандық «Социалистік колхоз» газетінің тілшісі, аудандық пионерлер үйінің директоры болып қызмет етті.

1966 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін үздік бітіріп, Шаян ауданындағы Борлысай орта мектебінде және Шымкент қаласындағы Қ.Сыпатаев атындағы №7 орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. 1975-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушы, лектор, лекторлар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1986 жылы «Қазақстанның техникалық дақылдармен айналысатын аудандарындағы ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуындағы Коммунистік партияның ролі (1921-1929 жылдар)» деген тақырыпта кандидаттық, 1993 жылы «Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясының қарапайым түрлерінің пайда болу және даму тарихы (ХХ ғасырдың 20-30 жылдары)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

1988-1993 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында доцент, жалпы тарих және Қазақстан тарихы кафедраларында меңгеруші, тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарды. 1993-2010 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШИ профессоры қызметін атқара жүріп, Оңтүстік Қазақстан араб тілі институтының ректоры, Алматы шет тілдер және іскерлік карьера университетінің проректоры, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ректоры қызметтерін атқарды.

С.Жолдасовтың «Деятельность сельскохозяйственной кооперации в Казахстане» монографиясы (1991 ж.), «Иелі жер киелі. Құт қойнауы» очеркі (1991 ж.), «Тағдыр» әңгімелер жинағы (1992 ж.), «Шаян – шежірелі өңір» (1993 ж.), «Бірліктің басы болған Ордабасы»

(1993 ж.) кітаптары, «Ислам тарихы» оқулығы (1998 ж.), «Бұ пәни мен о бақи хикаялары» әңгімелер жинағы (1998 ж.), «Шежірелі Оңтүстік» монографиясы (2002 ж.), «Шілдедегі шайқас» тарихи романы, «Қазақстанның Оңтүстік өңірінің тарихы» монографиясы, «Шаян – шежірелі өңір» (2008 ж.), «Тарихы толған Борлысай» (2011 ж.) атты монографиялары мен ғылыми көпшілік кітаптары жарық көріп, оқырман қауымға ұсынылды.

С.Жолдасов 2010 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының үздік ғалымы» номинациясының, 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болды. С.Жолдасов Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы.

## КӘДЕЕВ ИСАҚ (1934- 2015)



*Кәдеев Исақ Османұлы* 1934 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Көкбұлақ ауылында дүниеге келген. 1950-1952 жылдар аралығында Шымкент мұғалімдер институтында білім алған.

1952-1954 жылдары Сарыағаш ауданы, Н.Крупская атындағы орта мектепте мұғалім, 1954-1958 жылдар аралығында Киров ауданы, Шардара мектеп-интернатында мектеп директорының орынбасары, Қызылорда педагогикалық институтында оқытушы қызметтерін атқарды. 1958-1998 жылдар аралығында Шымкент педагогикалық институты жоғарғы математика кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, физика-математика факультетінің деканы, көркем сурет-графика факультетінің деканы қызметтерін атқарған.

Ұзақ жылғы жемісті еңбектері бағаланып, 1980 жылы КСРО жоғарғы және орта білім беру министрлігінің «Жақсы жетістіктері үшін», 1983 жылы КСРО министрілігі «КСРО ағарту үздігі» төсбелгілерімен марапатталған. 1984 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің және 1987 жылы КСРО Жоғары кеңесінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталды.

И.Кадеевтің 40-тан астам ғылыми мақалалары мен 2 оқулығы жарық көрген.

## ОРАЗОВ ҚОШҚАР (1930-2016)

тарих ғалымдарының кандидаты, доцент



*Оразов Қошқар Юсупұлы* 1930 жылы Сырдария округі, Бадам ауданы, Қызыл Октябрь ұжымшарында дүниеге келген.

1943-1946 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданы, Қызыл Октябрь ұжымшарында ұжымшар мүшесі, басқарма хатшысы болып еңбек жолын бастады. 1946-1949 жылдары Шымкент педагогикалық училищесінде оқыды. 1949-1954 жылдары С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқыды. 1954-1960 жылдары Сарыағаш ауданындағы №22 орта мектептің мұғалімі, оқу бөлімінің меңгерушісі, Сарыағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Шымкент ауданы, Сталин атындағы орта мектептің мұғалімі, Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитеті үгіт-насихат бөлімінің хатшысы болып қызмет етті.

1960-1996 жылдары политехникалық техникумда оқытушы, Шымкент педагогикалық институтында аға оқытушы, тарих кафедрасының меңгерушісі, партиялық бюро хатшысы, тарих-педагогика факультетінің деканы, КСРО тарихы кафедрасының доценті, 1996 жылдан Шығыстану, кейінірек Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті тарих кафедрасының доценті қызметтерін атқарды.

## ЖҮНІСБЕКОВ САҒЫМБЕК (1924-1990)

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Жүнісбеков Сағымбек Жүнісбекұлы* 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Тассай ауылында дүниеге келген. 1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946-1948 жылдар аралығында Н.К.Крупская атындағы Шымкент мемлекеттік мұғалімдер институтында, 1949-1953 жылдары Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтында білім алған.

1953-1972 жылдары Шымкент

педагогикалық институтының жоғары математика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып ұзақ жылдар еңбек еткен.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «За победу над Германией» медалімен марапатталған. Саналы ғұмырын жас ұрпақтың білім алу жолына арнаған.

## ӘБДІРАХМАНОВ НҰРМАХАН (1923-2017)

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Әбдрахманов Нұрмахан Шайбекұлы* 1923 жылы Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Киров колхозында дүниеге келген. Н.Әбдірахманов 1936-1940 жылдары Тұрар Рысқұлов атындағы Опорный балалар үйінде, Шымкент қаласында Аманкелді атындағы №11 балалар үйінде тәрбиеленді.

Н.Әбдірахманов 1940 жылы Шымкент мұғалімдер институтына оқуға түседі.

1942 жылы ақпан айында Ұлы Отан соғысына аттанып, Брянск, І Белорус майдандарында ұрысқа қатысты, сондай-ақ Москвадан Берлинге дейін соғысқа бастан-аяқ қатысқан. Соғыста 4 рет жараланып, Львов әскери округінен 11.11.1945 жылы елге қайтты. Ол соғыста кіші офицер шеніндегі лейтенант болды.

Облыстық атқару комитетінде бөлім меңгерушісі, облыстық партия комитетінде І хатшының көмекшісі, мектеп және жоғары оқу орындары бөлімінің нұсқаушысы, өлкелік партия комитетінде хаттама бөлімінің меңгерушісі, қалалық партия комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған.

Н.Ш. Әбдірахманов 1963 жылы «Ата-аналарға педагогикалық білім беру проблемасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

1963 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына арнайы шақырумен келіп, қызмет етті. Педагогика кафедрасында аға оқытушы болумен бір қатарда қосымша институттың Ғылыми Кеңесінің ғалым хатшысы болып қызмет істеді.

1977 жылы ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы берілді. Н.Әбдірахманов - 5 оқу-әдістемелік құралдың және 100-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы. 1998 жылдан бастап зейнеткерлік демалыста.

## САПЕН МҰСАХМЕТ (1951-2000)

физика-математика ғылымдарынының кандидаты, доцент



*Сапен Мұсахмет Жандарбекұлы* 1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы Бәйдібек ауылында дүниеге келді. 1972 жылы Шымкент педагогикалық институты физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша үздік бітірді.

Еңбек жолын 1972 жылы Бәйдібек ауданындағы мектеп-интернатта математика пәнінің мұғалімі болып бастады. 1975-1982 жылдары Шымкент педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы қызметтерінде болды. 1982-1987 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясы математика және механика институты функциялар теориясы лабораториясында машықтанушы-зерттеуші қызметінде болды әрі аспирантурада оқыды. 1987-1993 жылдары М.О.Әуезов атындағы Шымкент педагогика институтының жоғары математика кафедрасында аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды.

1987 жылы Қазақ ССР ғылым академиясы математика және механика институты жанындағы мамандандырылған диссертациялық кеңесте «О разделимости дифференциального оператора Штурма-Лиувилля» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1995 жылы ҚР ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы берілді. М.Сапен - 35 ғылыми мақаланың, 2 оқу құралының, 1 әдістемелік нұсқаудың авторы.

## КУТНЯКОВА НАДЕЖДА (1945-2010)

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Кутнякова Надежда Васильевна* 1945 жылы Қарағанды облысы, Осакаров стансасы, Карлаг аумағында дүниеге келген. 1952-1962 жылдары Қарағанды облысы, Осакаров стансасындағы орта мектепте оқып, білім алды. Мектепті алтын медальмен бітірген соң, 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих-педагогика факультетіне оқуға түсті.

1966 жылы Шымкент педагогикалық институтын үздік дипломмен бітіріп,

Қазақстан тарихы кафедрасында ассистент қызметіне қалдырылды. 1969 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына оқуға түседі. Оны 1972 жылы аяқтап, Шымкент педагогикалық институтына оқытушылық жұмысқа оралады. 1974 жылы кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1980-1991 жылдары КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді.

1981 жылы Н.В. Кутняковаға ҚР ЖАК шешімімен доцент ғылыми атағы, 2006 жылы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры академиялық атағы берілді.

Н.В.Кутнякова тарих мамандықтарына арналған 5 оқулық пен оқу құралының авторы. Н.Кутнякованың ғылым, білім саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбектері бағаланып, ол ҚазССР Оқу ағарту министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталды. Сонымен қатар Халықтар достығы және ынтымақтастық ұйымының «Бауырмал» сыйлығының лауреаты.

## ҚАРАБЕКОВ НАРЗИЛДА (1942-1997)

техника ғылымдарының кандидаты, доцент



*Қарабеков Нарзилда Назарұлы* 1942 жылы Шымкент облысы, Мақтарал ауданы, Красная звезда кеңшарында дүниеге келген. 1951-1961 жылдары В.И.Ленин атындағы орта мектепте оқыды. 1965 жылы Шымкент педагогикалық институты физика-математика факультетін физика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы туған жеріндегі В.И.Ленин атындағы мектепте мұғалім болып бастаған.1966-1970 жылдары Шымкент педагогикалық институты физика кафедрасының аға оқытушысы, 1970-1974 жылдар аралығында Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының аспиранты, 1974-1981 жылдары Шымкент педагогикалық институты теориялық физика және механика кафедрасында аға оқытушы, доцент, 1981-1983 жылдар аралығында теориялық физика және механика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1974 жылы «Исследование очистки воздуха в условиях дробильно-сортировочных комплексов Тургайского бокситового рудоуправления» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап шыққан, 23 ғылыми мақаласы жарық көрген.

## ТАНАБАЕВ ӨМІРТАЙ (1940-2003)

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент



*Танабаев Өміртай Танабайұлы* 1940 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Әңгірата ауылында дүниеге келді. 1961 жылы Шымкент қаласындағы педагогика институтына қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп. 1965 жылы институтты үздік бітірген соң, өзі оқыған мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып орналасады.

1965-1985 жылдары Абай орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Ленгір аудандық комсомол комитетінің мектеп ісі жөніндегі хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақ ССР-нің IV табиғат қорғау съезіне делегат болып қатысқан. Ө.Танабаевтың еңбектері жоғары бағаланып, Республикалық табиғат қорғау комитеті президиумының «Құрмет грамотасымен» марапатталады. Мектепте ұстаздық ете жүріп, одақтық және республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда, конференция материалдарында ондаған ғылыми мақаласы жарияланады. Осы еңбектері үшін Ө. Танабаев Қазақ ССР оқу министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (1974), «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» (1976) белгісімен марапатталады.

1986 жылы Оқу-ағарту саласындағы еңбектерін ескерілген Ө.Танабаев Шымкент педагогика институтына аға оқытушы етіп қабылданады. Содан бері ол қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, доценті, сыртқы оқу бөлімі жөніндегі деканның орынбасары, деканы (1992-1996), 1999 жылдың тамыз айынан филология факультетінің деканы болып істейді. 1990 жылдан республикаға әйгілі С.Ерубаев атындағы әдебиет пен өнер шығармашылық бірлестігінің жетекшісі болған.

Өміртай Танабаев 1992 жылы «Әдебиетті оқу және кластан тыс жұмыстар процесінде оқушыларға экологиялық тәрбие беру» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ғалымның диссертациялық еңбегі, ғылыми-әдістемелік оқу құралдары мен мақалалары республикамызда гуманитарлық пәндер негізінде экологиялық тәрбие берудің алғашқы көріністері ретінде бағаланған. Ол – 50-ден астам ғылыми мақалалардың, 10 ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы.

Көлемді ғылыми еңбектері: Әдебиет сабақтарында оқушылардың табиғатқа сүйіспеншілігін қалыптастыру. Алматы, 1980; Ана тілін оқытуда оқушыларды табиғат сүюге тәрбиелеу. Шымкент, 1990; Ана тілін оқытуда экологиялық тәрбие беру жолдары. Алматы, 1991; Қазақ әдебиеті мен тілінен жазба жұмысы. Шымкент, 1996; Жыраулар поязиясы және табиғат (монография). Алматы, 1999; Махамбет поэзиясындағы табиғаттың орны. Шымкент, 2000; Туған жерім – тәңірім, табынарым. Алматы, 2002

## МАҚАШОВ ЖҰМАҒАЛИ (1938-1994)

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент



*Мақашов Жұмағали Мақашұлы* 1938 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақшатау елді мекенінде дүниеге келген. 1957 жылы Қамбаш ауылында №6 орта мектепті бітірген соң, 1960 жылға дейін отан алдындағы әскери борышын өтеген.

1961-1965 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында тарих мамандығы бойынша оқып, білім алды.

1966-1968 жылдары Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ұялы ауылындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1968-1994 жылдары М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтында комсомол және пионер ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру, педагогика кафедраларында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, тарих факультеті деканының орынбасары болып қызмет етті.

1989 жылы ҚазКСР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында КСРО тарихы мамандығы бойынша «Местные советы Казахстана и культура села на современном этапе (1971-1985 гг.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Пионер ұйымының 70 жылдығына байланысты 1989 жылы ҚазКСР-нің «Үздік ағарту қызметкері» атағы берілді. 1990 жылы ҚазКСР кәсіподақтарының XIV съезіне делегат болған. ҚазКСР білім және ағарту министрлігінің, Оңтүстік Қазақстан облысы білім департаментінің және институт ректоратының көптеген мақтау қағаздарымен марапатталған.

Ж.Мақашевтің баспадан шыққан сексеннен астам ғылыми еңбегі бар. Сонымен қатар ол – бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы болды.

## ЖҰМАШЕВ ОРАЗБЕК (1936-1999)
филология ғылымдарының кандидаты, профессор



*Жұмашев Оразбек Жұмашұлы* 1936 жылы Төлеби ауданы, Сайрамсу ауылында дүниеге келеді. 1944 жылы Көксәйек бастауыш мектебінің бірінші класына барып, 1954 жылы Георгиевка орта мектебін бітірген соң, Қазақстан жеті жылдық мектебінде бір жыл бастауыш класс мұғалімі болып жұмыс істейді.

1955 жылы Шымкент педагогика институтына түсіп, оны 1960 жылы бітірген соң Шымкент педагогика институты комсомол комитетінің хатшысы болып қызмет атқарады. 1964-1968 жылдар аралығында облыстағы сегіз жылдық, он жылдық мектептерде директор болып жұмыс істейді. 1968 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, 1971 жылы профессор К.Ахановтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі етістік синонимдері» деген тақырыпта түркі тілдері мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1971-1979 жылдар аралығында Жамбыл педагогика институтында аға оқытушы болып жұмыс істейді. 1979 жылдан Шымкент педагогика институты, кейіннен Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында доцент, (1988-1990) қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 1990 жылдан өмірінің соңына дейін филология факультетінің деканы қызметін атқарады.

О.Жұмашев 1996 жылы Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланған. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының мүшесі, филология ғылымдары атағын беретін Ғылыми кеңестің мүшесі, ХҚТУ профессоры болған.

Оразбек Жұмашұлының 50-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген. Соның ішінде: оқуға түсушілер үшін «Қазақ тілі», орыс мектептері үшін «Қазақ тілі», орыс балабақшалары үшін «Қазақ тілі» көмекші құралдарын және жоғары оқу орны тыңдаушылары үшін «Латын тілі» еңбектерін атауға болады. 1986 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1987 жылы «ССРО оқу ісінің озаты» белгісімен марапатталған.

## КАМАРДИНОВ ОРАЛХАН (1929-2006)
физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор



*Камардинов Оралхан Камардинұлы* 1929 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласында дүниеге келген. 1945 жылы Шымкент мұғалімдер институтын, 1950 жылы Қызылорда педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша бітірген.

1950-1953 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының мектептерінде математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарды.

1953-1970 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технологиялық институтында аға оқытушы, доцент, жоғары математика кафедрасының меңгерушісі, факультет деканы қызметтерінде болды. 1970-1988 жылдары Қызылорда қаласындағы қазіргі Қорқыт ата атындағы педагогикалық институттың ректоры, 1988-1994 жылдары аталған институтта доцент қызметтерін атқарды, 1994-2004 жылдары А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында информатика және есептеу техникасы кафедрасында қызмет етті.

О.К. Камардиновке 1998 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры академиялық атағы берілді.

1967 жылы математика саласы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

О.Камардинов 60-тан астам ғылыми еңбектің, информатика пәні бойынша оннан астам оқулық пен оқу құралдарының авторы болды. “Паскаль тілінде программалау” (1994), “Информатика I” (2000), “Информатика II” (2004), “Жасанды интеллект. Сараптаушы жүйелер. Пролог” (2003) “Turbo C және Turbo C++ тілдерінде программалау” (2005) атты жоғары оқу орындарының студенттері үшін қазақ тілінде оқулықтар жазып баспадан шығарды. 2000-2003 жылдары ғалымның оқулықтары Республика жоғары оқу орындары Ассосициясына ұсынылды. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары Ассосициясының қолдауымен 2004 жылы баспадан шыққан “Информатика” оқулығы бүкіл Қазақстанның жоғары оқу орындарына таратылды.

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берген ұлағатты ұстаздың еңбектері жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалімен, ҚР Жоғары Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Екі рет Шымкент облыстық кеңесінің, тоғыз рет Қызылорда қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

## ҚҰЛЫМБЕТОВ ЕЛЕУСІЗ (1924-2012)

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Құлымбетов Елеусіз Құлымбетұлы* 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Қанай ауылында дүниеге келген.

1942 жылы Шымкент мемлекеттік мұғалімдер институтына қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1944 жылы 30 маусымда бітіріп шығады. Сол жылы 27 тамызда Балықшыдағы қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып еңбек жолын бастайды.

1945-1947 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша күндізгі бөлімде оқып, 1947 жылы бітіреді. 1947-1976 жылдары Шымкент облысы, Түлкібас ауданы, Ванновка ауылындағы Абай орта мектебінде 7-10 сыныптарға қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

1974 жылы Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен Қазақ мемлекеттік университеті кеңесінде "Өтебай Тұрманжановтың әдеби мұрасы" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, КСРО ЖАК шешімімен филология ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәреже берілді.

1976-1978 жылдары Талдықорған педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасында аға оқытушы, 1978-1999 жылдары Шымкент педагогикалық институтында қызмет етті. 1994 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-да аға оқытушы, педагогика кафедрасының доценті, 1985-1987 жылдар аралығында қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1987 жылдан осы кафедраның доценті болып қызмет атқарды.

Е.Құлымбетовке 1985 жылы КСРО ЖАК шешімімен қазақ әдебиеті бойынша доцент ғылыми дәрежесі берілді.

1999-2002 жылдары Халықаралық қазақ-араб университетінің доценті, 2002-2005 жылдары Ұлағат академиясы жалпы тілдер және әдебиет кафедрасының доценті, 2005-2006 жылдары Шымкент университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті қызметтерін атқарды.

Е.Құлымбетов қай жерде қызмет істесе де, өзінің энциклопедиялық мол білімін шәкірттеріне терең сіңіре білді. Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Тұрдалин, Серік Пірәлиев, Мақсат Әліпханов, Саттар Өмірзақов т.б. шәкірттері білім нәрімен сусындатқан Елеусіз ағаларына әрдайым ризашылық пейілде.

Е.Құлымбетовтің ғылымдағы жолын қызы – филология ғылымдарының докторы, профессор Әлия Елеусізқызы Құлымбетова жалғастырып келеді. Ол көркем мәтінді жүйелі талдаудың Қазақстандық ғылыми мектебінің негізін салған ғалым. Екінші бір қызы – Жәмила Елеусізқызы және немересі Жұлдыз Серікқызы медицина ғылымдарының кандидаттары.

## САДУАҚАСОВА ЗЕЙНЕП (1922-1990)



*Садуақасова Зейнеп Садуақасқызы* 1922 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында туылған.

1930-1941 жылдары Шымкенттегі орта мектепте оқып. 1941 жылдан 1945 жылға дейін Шымкент облысы, Шымкент аудандық Еңбекші депутаттары кеңесінің төрайымы және жалпы бөлім бастығы қызметтерін атқарған.

1945 жылы Шымкент мұғалімдер институтына оқуға түсіп, аталған оқу орнын 1947 жылы бітіреді. 1947 жылдың 1 қыркүйегінен 1948 жылдың 7 тамызына дейін Ленин атындағы мектепте қазақ тілінен дәріс береді. 1945 жылы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітірген соң, 1949 жылдан өмірінің соңына дейін Шымкент педагогика институтының қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеген.

З.Садуақасова Шымкент педагогика институтында көп жылдар бойы «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Практикалық қазақ тілінен» дәріс беріп, студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесіне басшылық жасады. Топ кураторы ретінде студенттердің өмір жолын дұрыс қалыптастыруына, әсіресе қыз балалардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, жақсы маман иесі болып шығуына ықпал жасаған тәлімгер ретінде есте қалды. Еңбектері ескеріліп, «Қазақ ССР оқу ағару ісінің үздігі» деген құрметті атақ берілді. Ер мінезді, өте талапшыл ұстаз ретінде шәкірттерінің жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз.